Талдау нәтижесі модельдің жоғары сәйкестік деңгейін көрсетеді (R^2=0,796), бұл тәуелсіз айнымалыллардыың қазба CO_2 шығарындыларының шамамен 79,6 % өзгерісін түсіндіре алатынын көрсетеді. Айнымалылардың ішінде цифрландыру индексі көміртегі шығарындыларына статистикалық тұрғыдан маңызды оң әсер етеді (p=0,027<0.05). Бұл нәтиже технологиялық даму мен цифрландыру үдерісінің өндірістік ауқымдағы энергия тұтынуға және көміртегі шығарындыларына әсер ететінін айғақтайды. Ал ЖЭК үлесінің әсері оң болғанымен, бұл байланыс статистикалық тұрғыдан маңызды емес (p=0,302>0,05), яғни осы кезең ішінде жаңартылатын энергияның үлесі артқанына қарамастан, оның көміртегі шығарындыларын азайтуға әмері анық байқалмаған. Бұл нәтижелер Қазақстанда көміртегі ббейтараптығына жету үшін тек ЖЭК үлесін арттыру жеткіліксіз екенін, сондай -ақ цифрлық трансформация, автоматтандыру мен технологиялық жаңғырту шараларының үлкен рөл атқаратынын көрсетеді.

Парник шығарындыларына ең үлкен үлесті 45%- энергетика секторы қосады, бұл елдегі электр энергиясының басым бөлігі өндірілетін көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станциялары (ЖЭС) үстемдігімен байланысты. Екібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 сияқты көмір станциялары жабдықтың энергия тимділігінің төмендігі мен пайдаланылатын отының көміртек сыйымдылығының жоғарлығына байланысты шығарындылардың негізгі көзі болып отыр.

Шығарындылардың 25%-ын түзетін металлургия саласы эмиссия құрылымында екінші орында тұр. Бұл металдарды, соның ішінде «АрселорМиттал Теміртау» кәсіпорындарындағы болат өндіру процестерінің энергияға жоғары сұранысымен түсіндіріледі. Қосымша фактор ретінде домна пештері сияқты көміртек сыйымдылығы жоғары технологияларды қолдану да қарастырылады. Бұл технологиялар өндіріс көлемін арттыру арқылы бәсекелік артықшылық берсе де, экологиялық жүктемені көбейтеді.




Сурет – 2. **Салалар бойынша парник газ шығарындыларының құрылымы (2022 ж.)***

**Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің деректері негізінде [8]*

Мұнай-газ секторы шығарындылардың 20%-ын құрайды және эмиссия негізінен мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау кезеңдерінде туындайды. Теңіз және Қашаған кен орындары сияқты ірі жобалар ілеспе газды жағу мен инфрақұрылыммның энергетикалық қажеттілігіне байланысты едәуір үлес қосып отыр.

Салалар бойынша шығарындылардың бөлінуін талдау негізгі проблемалық тұстарды айқындауға мүмкіндік береді. Энергетика саласында басты кедергі-энергия өндірісінің 70% -ын қамтамасыз ететін көмірге тәуелділік. Металлургияда су сутегін пайдалана отырып жүргізілетін электроплавка секілді төменкөміртекті технологиялардың ауқымды түрде енгізілмеуі шығарындылар деңгейінің жоғары болып қалуына ықпал етеді. Мұнай -газ секторында ілеспе газды флейминг тәсілімен жағу және жабдықтардың энергия тиімділігінің жеткіліксіздігі негізгі мәселе болып отыр.

Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу үшін энергетикалық теңгерімді әртараптандырып, ЖЭК үлесін арттыру, металлургияда энергия үнемдеу технологияларын енгізу және мұнай-газ саласында көміртекті ұстаудың озық әдістерін пайдалану қажет. Ұсынылған шараларды жүйелі түрде іске асыру нәтижесінде жалпы парник газдарының шығарындыларын 2030 жылға қарай 25-30%-ға қысқартуға болады.



Сурет – 3. **2019-2025 жылдар аралығындағы парник газдары шығарындылары мен сіңірілу сценарийлерінің әртүрлілігі***

**Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы [14] негізінде автормен құрастырылған*

3-суретте график Қазақстандағы парник газдары шығарындылары мен сіңірілу траекторияларын әртүрлі саяси сценарийлеріне байланысты 2019 жылдан 2025 жылға дейінгі бейнелейді.

1. Шаралар қолданылмағандағы ағымдағы үрдістер: Көк сызық 2019 жылы 12 500 мың тоннадан 2025 жылы 13 000 мың тонна CO_2 -ға дейін шығарындылардың тұрақты өсуін көрсетеді. Бұл сценарий қосымша шаралар қабылданбаған жағдайда шығарындылардың өсіміне көмірмен жұмыс істейтін электр станциялары мен энергияны қажет ететін металлургияға тәуелділіктің сақталуы себеп екенін көрсетеді.

2. Шаралар қолданылмағандағы көмірқышқыл газын сіңіру: Қызғылт сары сызық көмірқышқыл газын сіңірудің ағымдағы деңгейін көрсетеді, ол негізінен орман қалпына келтіру бағдарламалары мен табиғи өсімдіктер жамылғысының ұлғаюына байланысты біршама баяу өседі. Алайда, бұл деңгей шығарындылардың қарқынды өсуін толығымен өтей алмайды.

3. Сіңірудің мақсатты деңгейі: Сұр сызық көмірқышқыл газын сіңірудің белгіленген деңгейін көрсетеді. Бұл деңгейге қол жеткізу үшін ормандарды қалпына келтіру жобаларын кеңейту және өнеркәсіптік шығарындыларды өтеу үшін көміртекті ұстау технологияларын енгізу қажет.

4. Шығарындыларды азайтудың мақсатты деңгейі: Жасыл пунктирді сызық 2025 жылы шығарындыларды 12 500 мың тоннадан 11 100 мың тонна CO_2 -ға дейін төмендету траекториясын көрсетеді. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін энергия тиімділігін арттыру, көмір электр станцияларын жаңартылатын энергия көздерімен (ЖЭК) алмастыру алмастыру және көміртекті ұстау және сақтау (CCS) жобаларын дамыту қажет.

Ағымдағы шығарындылар траекториясы (көк сызық) мен мақсатты деңгей (жасыл сызық) арасындағы айрмашылық декарбонизация бойынша кешенді шараларды шұғыл енгізудің қажеттілігін көрсетеді. Саясатты жеделдетілген түрде ЖЭК-ке көшуге, өнеркәсіпті жаңғыртуға және шығарындыларды қысқарту үшін көміртек салығын енгізуге бағыттау қажет. Қабылдануы тиіс негізгі шаралар: Жаңартылатын энергия көздері (ЖЭК) енгізу. Мемлекеттік қолдаудың арқасында Қазақстанның энергия теңгерімдегі ЖЭК үлесі 2018 жылғы 1%-дан 2023 жылы 4,5% -ға дейін өсті. Бұл бағыттағы негізгі жобалар – «Сандықтау» және «Бурное Солар» жел және күн электр станциялары, олар жыл сайын 240 мың тонна CO_2 -ға шығарындыларын азайтуда. Өндірістік қуаттарды жаңғырту: «Еуразиялық энергетикалық корпорация» АҚ кәсіпорындарында домна пештерін жаңғырту өндірістің көміртек сыйымдылығын 25%-ға төмендетуге мүмкіндік берді. Регрессиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, жаңғыртуға инвестициялар мен CO_2 шығарындыларының төмендеуі арасында тікелей байланыс бар (анықтау коэффициенті R^2=0,796). Көміртекті ұстау және сақтау технологиялары (CCS): «Теңізшевройл» компаниясының жылына 1,2 млн тонна CO_2 ұстау жобасы жоғары әлеуетке ие екенін көрсетті. Алайда, мұндай жобаларды кеңейту қаржыландырудың жетіспеушілігі мен әлсіз нормативтік базамен шектеледі. Бұл шаралар кешенді түрде енгізілсе, Қазақстанның парник газ шығарындыларын азайту мақсаттарына жетуіне мүмкіндік береді.

Кесте –3

SWOT -талдау: Көміртек бейтараптығына жету жолы

Күшті жақтары	**Әлсіз жақтары**
- жаңартылған энергия көздерінің мол әлеуеті (1,800ГВт жел, жылына 3 сағат күн сәулесі); - Қолданыстағы заңнамалық база (Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі); Көміртекті ұстау (CCS) және өндірісті цифрландыру бойынша пилоттық жобалардың болуы.	- Елдегі электр энергиясының 70% -ын қамтамасыз ететін көмірге тәуелділік; - Жасыл технологияларды дамыту үшін ҒЗТКЖ-ға төмен инвестициялар (ЖІӨ-нің 0,3%); - Цифрлық декарбонизация және ЖЭК саласындағы білікті мамандардың тапшылығы.
Мүмкіндіктері	**Қауіп-қатерлер**
- Халықаралық жасыл қаржыландыру бағдарламаларына (ЕО, Дүниежүзілік банк) қолжетімділік; - Жасыл сутегі нарығын дамыту және баламалы энергияны экспорттау мүмкіндігі; - технологиялық трансфер және халықаралық ынтымақтастық мүмкіндіктері.	- ЕО -ның көміртекті реттеу механизмі еншізілгеннен кейінгі экономикалық шығындар (жылына $ 500 млн дейін); - Көмір шахталарын жабу және жұмыс орындарының қысқаруымен байланысты әлеуметтік тәуекелдер; - Күн панельдері, жел қондырғылары және CCS үшін импорттық технологияларға тәуекелділік

**[2,3,4] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

SWOT -талдау және график негізінде ұныстар:

1. ҒЗТКЖ кластерлерін құру. Жасыл кластерлерді құру және жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамытуға бағытталған инновациялық зерттеулерді күшейту технологияларды жергіліктендіруге және импортқа тәуекелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

2. Көмірден кезең-кезеңмен бас тарту: Көмірмен жұмыс істейтін жылу электр станцияларын (ЖЭС) біртіндеп тоқтату және оларды ЖЭК -не ауыстыру арқылы энергетика секторларындағы шығарындыларды едәуір қысқартыға болады.

3. Халықаралық ынтымақтастықты нығайту: Халықаралықтклісімдер мен қаржыландыру тетіктерін пайдалану озық технологияларға қол жеткіщу және экономикалық тәуекелдерді азайтуға көмектеседі.

4. Кадрларды дайындау: білім беру және біліктілікті арттыру бағдарламаларын енгізу көмір өндіретін өңірлердегі жұмысшыларды ЖЭК секторларына және жоғары технологиялық салаларға қайта оқытуға мүмкіндік береді.

Бұл қадамдар шығарындыларды азайтуға және 2050 жылға қарай көміртек бейтараптығына жетуге жүйелі тәсілді қамтамасыщ етеді.

Қорытынды. Қазақстанда көміртек бейтараптығына қол жеткізу мемлекеттік бастамалар, корпоративтік стратегиялар және ғылыми зерттеулерді біріктіретін кешенді шығарындыларды басқару жүйесін қалыптастыруды талап етеді. Мемлекеттік органдар, бизнес-қоғамдастық және зерттеу орталықтары арасындағы тиімді диалог көміртек ізін азайтуға және ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталған инновациялық шешімдерді әзірлеуде маңызды рөл атқарады. Халықаралық міндеттемелер мен ұлттық басымдықтарды ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін (ЖЭК) дамыту, өндірістік процестерді цифрландыру және энергия үнемдейтін технологияларды кеңінен енгізу еі перспективалы бағыттар болып қала береді. Бұл зерттеу нәтижелері ірі компаниялардың стратегиялық жоспарлауына және мемлекеттік саясатты жетілдіруге нақты үлес қоса алады. Алынған мәліметтер практикалық тұрғыдан ЖЭК жобаларын бағалау, инвестициялық шешімдер қабылдау және декарбонизация бойынша нормативтер әзірлеу үшін пайдалы. Болашақ зерттеулерде цифрлық декарбонизацияның тиімділігі, жасыл қаржыландырудың әсері және көмір өндіретін аймақтардағы әлеуметтік бейімделу мәселелері қарастырылуы тиіс.

Бұл процесте жасыл қаржыландыру тетіктері маңызды рөл атқарады, оған мемелекеттік субсидиялар, салықтық ынталандырулар және жеке инвестицияларды тарту кіруі мүмкін. Оларды тиімді пайдалану өнеркәсіп пен энергетиканы жедел жаңғыртуды қамтамасыз ететі және бизнестің көміртек реттеуінің теріс әсерін азайтады. Тұрақты даму саласындағы білікті мамандарды даярлауға ерекше назар аудару қажет, бұл компанияларға жаңа экономикалық жағдайларға бейімделуге мүмкіндік береді.

Экологиялық бағытталған корпоративтік мәдениетті қалыптастыру ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ететін қосымша табыс факторы болады. Ғылыми деректер мен басқару инновацияларына негізделген институционалдық реформалар Қазақстанға бәсекеге қабілетті және әртараптандырылған экономиканы құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көміртек бейтараптығы елдің халықаралық инвестициялық тартымдылығын арттырып, өнеркәсіптік сектордың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін нығайтады. Сондықтан, төмен көміртекті даму қағидаттарына негізделген кешенді стратегиялар ел экономикасын экологиялық қауіпсіз және тұрақты етуге көмектеседі. Бұл тек экологиялық міндеттемелерді орындау ғана емес, сонымен қатар жаңа технологиялық мүмкіндіктерге жол ашады. Жасыл экономикаға көшу Қазақстан үшін жаһандық трендтермен қатар дамудың жаңа моделіне көшу мүмкіндігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Турекулова Д.М., Шукеев У.Е., Рюмкина И.Н. Углеродный рынок Казахстана: элемент стратегии экологической эффективности использования национальных ресурсов // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2023. – №4(53). – С. 284–294. –doi:10.52260/2304-7216.2023.4(53).34.

2. Снижая градус: как Казахстан борется с изменением климата. – URL:https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/snizhaya-gradus-kak-kazakhstan-boretsya-s-izmeneniem-klimata

3.Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027301 (жүгінген күні: 14.02.2025)

4. Аубакирова Г.М., Исатаева Ф.М., Мажитова С.К., Тогайбаева Л.И. Декарбонизация горно-металлургического сектора: опыт Казахстана // Вестник университета «Туран». – 2023. – №4. – С. 54–69. – https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-4-54-69

5. Нурым А., Сейдулла М. Қазақстандағы өнеркәсіптік секторда ESG стандарттарын енгізудің маңызы // Central Asia Economic Review. – 2023. – №1(19). – Б. 45–58.

6. Bolat B., Yessengeldi M. Challenges in achieving carbon neutrality in Kazakhstan’s industrial sector // Journal of Environmental Management and Sustainability. – 2022. – №2(14). – P. 98–112.

7. International Energy Agency (IEA). Kazakhstan’s Energy Transition and Renewable Energy Policy: Challenges and Opportunities. – https://www.iea.org/news/kazakhstan-has-set-out-ambitious-and-welcome-clean-energy-transition-plans-but-must-overcome-historical-reliance-on-fossil-fuels-iea-review-says (жүгінген күні: 11.02.2025)

8. Минэкологии РК. Парижское соглашение: правовая база. – Астана. – 2016. – 48 с.

9. Правительство Республики Казахстан. Постановление «О мерах по сокращению выбросов». – Астана. – 2019. – 12 с.

10. Қоршаған орта статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістеме // Қазақстан Республикасындағы қоршаған ортаны қорғау. – Астана: РГП «Қазгидромет».–2015.–48 б.

11. Кулешева Ж. А. Инновационные подходы к сокращению парниковых газов // Научный вестник. – 2020. – №5(32). – С. 45–52

12. Комитет статистики Республики Казахстан. Отчёт по структуре выбросов, 2021 г. – Режим доступа: http://stat.gov.kz (дата обращения: 14.02.2025)

13. АО «Самрук-Қазына». Отчет о проекте «Сандыктау». — АО «Самрук-Қазына». – 2023. — Режим доступа: sk.kz (жүгінген күні: 13.02.2025)

14. Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясын бекіту туралы. – URL:https://primeminister.kz/ru/news/reviews/do-2060-goda-kazahstan-pereydet-na-uglerodnuyu-neytralnost- 1103515 (жүгінген күні: 10.02.2025)

REFERENCES

1. Turekulova D., Shukeev U., Ryumkina I. Uglerodnyy rynok Kazakhstana: element strategii ekologicheskoy effektivnosti ispolzovaniya natsionalnykh resursov [Kazakhstan's carbon market: an element of the strategy for environmentally efficient use of national resources] // Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoy torgovli. – 2023. – №4(53). – S. 284–294. [in Russian].

2. Snizhaya gradus: kak Kazakhstan boretsya s izmeneniem klimata [Lowering the degree: how Kazakhstan is fighting climate change]. – Available at: https://www.undp.org/ru/kazakhstan/news/snizhaya-gradus-kak-kazakhstan-boretsya-s-izmeneniem-klimata (accessed: 14.02.2025). [in Russian].

3. «Parniktik gazdar shyǵaryndylary men sińirýleri salasyndaǵy memlekettik retteý qaǵidalaryn bekiti týraly» [On the approval of state regulation rules in the field of greenhouse gas emissions and absorption]. – Available at: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027301 (accessed: 14.02.2025). [in Kazakh].

4. Aubakirova G., Isataeva F., Mazhitova S., Togaybaeva L. Dekarbonizatsiya gorno-metallurgicheskogo sektora: opyt Kazakhstana [Decarbonization of the mining and metallurgical sector: experience of Kazakhstan] // Vestnik universiteta “Turan”. – 2023. – №4. – P. 54–69. [in Russian].

5. Nurym A., Seydulla M. Qazaqstandaǵy ónerskásiptik sektorda ESG standarttaryn engizýdiń máńyzy [Importance of implementing ESG standards in Kazakhstan’s industrial sector] // Central Asia Economic Review. – 2023. – №1(19). – B. 45–58. [in Kazakh].

6. Bolat B., Yessengeldi M. Challenges in achieving carbon neutrality in Kazakhstan’s industrial sector // Journal of Environmental Management and Sustainability. – 2022. – №2(14). – P. 98–112.

7. International Energy Agency (IEA). Kazakhstan’s energy transition and renewable energy policy: challenges and opportunities. – Available at: https://www.iea.org/news/kazakhstan-has-set-out-ambitious-and-welcome-clean-energy-transition-plans-but-must-overcome-historical-reliance-on-fossil-fuels-iea-review-says (accessed: 11.02.2025)

8. Ministerstvo ekologii RK. Parizhskoe soglashenie: pravovaya baza [The Paris Agreement: legal framework]. – Astana. – 2016. – 48 s. [in Russian].

9. Pravitel’stvo Respubliki Kazakhstan. Postanovlenie «O merakh po sokrashcheniyu vybrosov» [Resolution “On measures to reduce emissions”]. – Astana. – 2019. – 12 s. [in Russian].

10. Qorshaǵan orta statistikasyndaǵy kórsetkishterdi qalyptastyrý bóyinsha ádisteme [Methodology for forming indicators of environmental statistics]. – Astana: RGP “Qazhydromet”. – 2015. – 48 b. [in Kazakh].

11. Kulesheva Zh. Innovatsionnye podkhody k sokrashcheniyu parnikovykh gazov [Innovative approaches to reducing greenhouse gases] // Nauchnyy vestnik. – 2020. – №5(32). – S. 45–52. [in Russian].

12. Komitet statistiki Respubliki Kazakhstan. Otchet po strukture vybrosov [Report on emission structure]. – Available at: http://stat.gov.kz (accessed: 14.02.2025). [in Russian].

13. AO “Samruk-Qazyna”. Otchet o proekte “Sandyktaý” [Report on the “Sandyktaý” project]. – Available at: https://sk.kz (accessed: 13.02.2025). [in Russian].

14. Қазақstan Respublikasynyң kөmirtegi bejtaraptyғyna қol zhetkizuinің 2060 zhylға dejingi strategijasyn bekitu turaly. – URL:https://primeminister.kz/ru/news/reviews/do-2060-goda-kazahstan-pereydet-na-uglerodnuyu-neytralnost- 1103515 ((accessed: 10.02.2025). [in Kazakh].

Хуаныш Л., Бейсенгалиев Б.Т., Дәулетханова Ж.Д., Баймамыров Б.А.

УПРАВЛЕНИЕ ВОЗМОЖНОСТЯМИ УГЛЕРОДНОЙ НЕЙТРАЛЬНОСТИ В КРУПНЫХ ПРОМЫШЛЕННЫХ КОМПАНИЯХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В статье рассматривается необходимость интеграции углеродной нейтральности в стратегии крупных промышленных компаний Казахстана в условиях глобальных изменений и трансформации на пути к устойчивому развитию. Разработка и реализация этих стратегий требуют комплексного подхода, сочетающего технологические инновации, эффективные механизмы управления и стимулирующую государственную политику. В ходе исследования проведён анализ международного опыта внедрения мер по декарбонизации в крупных промышленных секторах Казахстана, выявлены основные барьеры, такие как ограниченный доступ к капиталу, недостаточная осведомлённость о преимуществах экологически ответственных решений и отсутствие чётких механизмов поощрения инноваций. Также подчёркнута важность поддержки со стороны государства при реализации стратегий углеродной нейтральности (налоговые льготы, гранты на исследовательские программы, совершенствование нормативно-правовой базы). Основные результаты исследования показали, что внедрение низкоуглеродных технологий способствует повышению энергетической эффективности, снижению производственных затрат и рациональному использованию ресурсов. Выявлено, что цифровые платформы мониторинга позволяют контролировать выбросы в режиме реального времени и оперативно реагировать на отклонения в производстве. Подтверждена особая роль международного сотрудничества в привлечении инвестиций в передовые технологии и «зелёные» проекты для укрепления позиции Казахстана в глобальных цепочках поставок. В исследовании применялись методы регрессионного анализа, SWOT-анализа, сравнительного подхода и контент-анализа.

Khuanysh L., Beisengalyev B., Dauletkhnova Zh., Baimamyrov B.

MANAGING CARBON NEUTRALITY CAPABILITIES IN LARGE INDUSTRIAL COMPANIES IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article examines the necessity of integrating carbon neutrality into the strategies of large industrial companies in Kazakhstan amid global changes and transformations toward sustainable development. Developing and implementing these strategies requires a comprehensive approach that combines technological innovation, effective management mechanisms, and supportive public policy. The study analyzes international experience in implementing decarbonization measures in Kazakhstan’s major industrial sectors and identifies key barriers such as limited access to capital, lack of awareness of the benefits of environmentally responsible decisions, and the absence of concrete mechanisms for stimulating innovation. In addition, the importance of state support measures in implementing carbon neutrality strategies-such as tax incentives, grants for research programs, and the improvement of the regulatory framework-is emphasized. The main findings of the research demonstrate that the adoption of low-carbon technologies enhances energy efficiency, reduces production costs, and ensures the rational use of resources. It was also found that digital monitoring platforms enable real-time emissions control and allow for prompt responses to production deviations. The special role of international cooperation in attracting investment into advanced technologies and green projects to strengthen Kazakhstan’s position in global supply chains is confirmed. The study employed regression analysis, SWOT analysis, comparative methods, and content analysis.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).16
ӘОЖ 339.13
ҒТАМР 06.81.23

М.Ж. Тұрсымбаева*, э.ғ.к., қауым.профессор[1]
З.У. Джубалиева, PhD, қауымд. профессор[2]
Г.Б. Саханова, PhD, қауымд. профессор[3]
Г.И. Жолдасова, сениор лекторы[2]
Астана халықаралық университеті,
Астана қ., Қазақстан[1]
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан[2]
Алматы технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан[3]
* – негізгі автор (хат-хабар үшін автор)
e-mail: tursumbayeva_m@mail.ru

АЗЫҚ -ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ БӨЛШЕК САУДА НАРЫҒЫНДАҒЫ ТҰТЫНУШЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Бұл зерттеу 2020–2024 жылдар аралығындағы Қазақстандағы азық-түлік бөлшек сауда нарығындағы тұтынушылық мінез-құлықтағы өзгерістердің кешенді талдауын ұсынады. Негізгі назар макрофакторлар (халық табысы, инфляция мен баға динамикасы, демографиялық өзгерістер, пандемияның әсері және сауданың цифрлануы) мен азық-түлік тұтыну көрсеткіштері арасындағы өзара байланыстарды анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректері мен тақырыптық ғылыми жарияланымдар пайдаланылды.

Зерттеу болжамы бойынша 2020–2022 жылдардағы дағдарыстық құбылыстар (пандемия және геосаяси тұрақсыздық) қазақстандық тұтынушылардың азық-түлікке қатысты мінез-құлқына елеулі әсері анықталды. Корреляциялық-регрессиондық талдау табыстар мен бағалар факторларының азық-түлік тұтынуына айтарлықтай ықпал ететінін растады, сондай-ақ цифрландыру мен демографиялық ерекшеліктердің бұл әсерлерді күшейтетін немесе жұмсартатын рөлін көрсетті. Қорытындыда: нарықтық күйзелістерге қарамастан сауда бейімделіп, жаңа арналар мен шағын дүкендер форматы дамыды, мемлекет әлеуметтік маңызы бар өнімдердің бағасын тұрақтандырып, мұқтаж азаматтарға көмек көрсетті, ал тұтынушылар өз әдеттерін икемді түрде өзгерте алды. Дегенмен, табысы төмен халықтың үлесі, импорт бағасына жоғары тәуелділік, қарыз жүктемесінің өсуі сияқты бірқатар мәселелер әлі де назар аударуды талап етеді. Ұлттық экономиканы дамыту, халық әл-ауқатын арттыру және сауда саласында инновацияларды енгізу бойынша кешенді жұмысты жалғастыру болашақтағы сын-қатерлерге тұтыну нарығының төзімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: *тұтынушы, тұтынушылық мінез-құлық, бөлшек сауда, пандемия, инфляция, табыс, шығын, электрондық сауда, цифрландыру, азық-түлік*

Ключевые слова: *потребитель, потребительское поведение, розничная торговля, пандемия, инфляция, доход, расход, электронная торговля, цифровизация, продукты*

Keywords: *consumer, consumer behavior, retail trade, pandemic, inflation, income, expenditure, e-commerce, digitalization, food*

JEL classification: D1

Кіріспе. Тұтынушылық мінез-құлық - бұл адамдардың өз қажеттіліктері мен тілектерін қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтерді таңдау, сатып алу, пайдалану және бағалау процесі. Бұл үдеріс тұтынушылардың жеке сипаттамаларын (жас, жыныс, білім деңгейі, табыс), әлеуметтік ортасын, компаниялардың маркетингтік стратегияларын және басқа да сыртқы факторларды қамтиды. Тұтынушылық мінез-құлықты зерттеу компанияларға өз өнімдері мен қызметтерін тиімді басқаруға, жаңа клиенттерді тартуға және бұрынғы тұтынушыларды сақтап қалуға, сондай-ақ нарық талаптарына сай өнімдер мен қызметтер жасауға мүмкіндік береді.

Соңғы бірнеше жылда Қазақстандағы тұтынушылық мінез-құлықты қалыптастыратын негізгі факторларға әсер еткен көптеген жаһандық оқиғалар орын алды. Осыған байланысты жаңа үрдістер пайда болды, мақалада осы факторладың тұтынушы мінез құлқына әсері қарастырылады.

2024 жылы тұтынушылық әлем технологиялық жетістіктердің, жаһандық әлеуметтік-экономикалық ауытқулардың және пандемиядан кейінгі құндылықтар мен басымдықтарды ұжымдық қайта қараудың әсерінен бұрын-соңды болмаған жылдамдықпен өзгеруді жалғастырды.

Қазіргі таңда "туындаған мәселені шешу" тәсілі жеткіліксіз, ал нарықтағы өзгерістерге кешіккен әрекет компаниялардың нәтижелеріне теріс әсер етуі мүмкін. Өз тұтынушысын терең түсіну және зерттеу кез келген саладағы бизнесті дамытуға көмектеседі. Бұл өзгерістерге бейімделіп қана қоймай, ықтимал тәуекелдердің алдын алуды да қажет етеді.

Зерттеудің өзектілігі халық табысының құбылмалығы, инфляциялық серпілістер, демографиялық өзгерістер және сауданың жедел цифрлануы жағдайында тұтынушылық мінез-құлықты болжамды түрде талдаудың қажеттілігімен түсіндіріледі. Зерттеу мәселесі азық-түлік тұтыну саласында макроэкономикалық индикаторлар мен мінез-құлық үлгілерін біріктіретін кешенді талдаудың жоқтығынан туындайды. Зерттеудің мақсаты — Қазақстанның азық-түлік нарығындағы тұтынушылық мінез-құлықтағы өзгерістерді кешенді зерттеу. Зерттеу міндеттері:

– халық табысы, инфляция, демографиялық өзгерістер мен тұтыну динамикасы арасындағы корреляциялық және себеп-салдарлық байланыстарды анықтау және талдау;

– COVID-19 пандемиясы мен сауданың цифрлық арналарының тұтынушылық басымдықтарға әсерін бағалау;

– анықталған заңдылықтарға негізделген болжамдар ұсыну.

Әдебиеттік шолу. Тұтынушылық мінез-құлықты зерттеу жылдар бойы экономика және әлеуметтану ғылымындағы маңызды бағыт болып келеді. Классикалық экономикалық теория аясында тұтынушының рационалдығы мен табыстың бөліну заңдылықтарына ерекше назар аударылды. Тұтыну шығындарының құрылымын түсіндіретін негізгі эмпирикалық заңдардың бірі — Энгель заңы. Бұл заң бойынша табыс артқан сайын азық-түлікке жұмсалатын шығын үлесі төмендейді [1].

Неоклассикалық формада сұраныс пен тұтынудың икемділігі теориясы маңызды орын алады. Бұл бағыттың негізін қалаушылар — А. Маршалл [2]. және П. Самуэльсон, соңғысы формалды экономикалық талдауға мінез-құлықтық элементтерді интеграциялады [3]. Мұндай тәсілдер баға мен табыстар өзгерісіне тұтынушы сұранысының сезімталдығын сандық тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді, алайда олар тұтынушыны рационалды субъект ретінде қарастырады. Бұл жорамал заманауи зерттеулерде жиі сынға ұшырауда.

Психологиялық теориялар балама түсіндіру үлгілерін ұсынды. Ең танымалдарының бірі — А. Маслоудың қажеттіліктер иерархиясы. Бұл модельде адамның мінез-құлқы базалық қажеттіліктерден жоғары рухани қажеттіліктерге дейінгі иерархия бойынша қалыптасады [4]. Алайда бұл модельдің әмбебаптығы түрлі мәдени және әлеуметтік контекстерде күмән тудырады [5].

Бихевиористік психология тұрғысынан адам мінез-құлқы сыртқы ынталандыруға реакция ретінде қарастырылады, ішкі психикалық процестер есепке алынбайды. Бұл бағыттың негізін қалаушы — Дж. Б. Уотсон, ол бұл тұжырымдаманы алғаш рет 1913 жылы ұсынған [6]. Тұтынушылық мінез-құлыққа қатысты бұл көзқарас жарнама мен марапаттауды сатып алу ынталандырушысы ретінде қарастырумен сипатталады.

Тұтынушылық мінез-құлықты зерттеудегі маңызды серпіліс — мінез-құлық экономикасының дамуы. Д. Канеман мен А. Тверскидің зерттеулері шешім қабылдауға жүйелі түрде әсер ететін когнитивтік бұрмаланулардың (мысалы, якорь әсері, шамадан тыс сенімділік, қолжетімділік эвристикасы) бар екенін көрсетті [7]. Бұл идеяларды Р. Талер одан әрі дамытты, ол «белгілі бір таңдауға жұмсақ түрткі болу» және шектеулі рационалдылық ұғымдарын енгізді [8].

Аталған теориялық тәсілдердің талдауы ғылыми әдебиетте шешілмеген бірнеше негізгі мәселелерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

– экономикалық теория, психология және әлеуметтану тұтынушылық мінез-құлықты түсіндіру үшін әлі де бірыңғай тұжырымдамалық негізге келмегенін көрсетеді;

– цифрландыру, жекелендірілген алгоритмдер және нарықпен өзара әрекеттесудің жаңа формалары жағдайында бұрынғы теорияларды қайта қарастыруды қажет етеді.

Осылайша, көптеген зерттеулерге қарамастан, тұтынушылық мінез-құлықты кешенді түрде түсіндіру мәселесі өзектілігін сақтауда. Қолданыстағы теориялар тұтынушылардың әрекеттерін әртүрлі, кейде қарама-қайшы түсіндіреді, бұл теориялық-әдіснамалық олқылықтардың бар екенін және әрі қарай зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Негізгі бөлім. Зерттеліп отырған кезеңде Қазақстандағы бөлшек сауда айналымының атаулы өсімі айтарлықтай жоғары болғанымен, нақты көрсеткіштер дағдарыстық жағдайларға байланысты біркелкі болмады. Жалпы бөлшек сауда көлемі 2020 жылы 12 трлн теңгеден 2024 жылы 22 трлн

теңгеге дейін өсіп, 91%-ға ұлғайды. 2022 жылы атаулы мәнде ең жоғары өсім (+22%) тіркелді. Бұл секіріс сыртқы күйзелістермен, атап айтқанда, геосаяси жағдайдың ушығуымен, бағаның күрт өсуімен және теңге бағамының әлсіреуімен байланысты болды. Аталған факторлар халық арасында ұзақ мерзімге жарамды тауарларға деген дүрлікпе сұранысты туындатты. Көптеген үй шаруашылықтары алдағы қымбатшылық пен жеткізілім үзілуінен қауіптеніп, азық-түлікті мол көлемде сатып ала бастады. Сол кезеңде мемлекет тарапынан бағаларды тікелей реттеу шаралары қабылданып, әлеуметтік маңызы бар 19 азық-түлік тауарларына баға уақытша тоқтатылды немесе субсидияланды [9]. Бұл шаралар аталған позициялар бойынша ресми инфляцияны белгілі бір деңгейде тежеуге мүмкіндік берді, дегенмен, олар нарықта тапшылық пен бюджет шығындарының артуына алып келді.

Азық-түлік және азық-түлік емес тауарлар тұрғысынан жүргізілген талдау дағдарыстардың осы екі сегментке әртүрлі әсер еткенін көрсетті. 2020 жылы карантиннің ең қатты кезеңінде азық-түлік емес тауарлар (киім-кешек, тұрмыстық техника және т.б.) саудасы күрт төмендеді, ал азық-түлік тауарларына сұраныс салыстырмалы түрде тұрақты болды (локдаун жағдайында тұтынушылар онлайн саудаға ауысты). 2021 жылы шектеу шаралары жойылғаннан кейін азық-түлік емес бөлшек сауда қалпына келіп, екі таңбалы өсім көрсетті, ал азық-түлік сегментіндегі өсім біршама қалыпты болды.

2022 жыл бағалық дағдарыспен сипатталды: азық-түлік инфляциясы шамамен 20%-ды құрап, тұтыну шығындарының осы санатқа ауысуына себеп болды. Дегенмен, нақты тұтыну көлемі мардымсыз өсті. Ресми деректерге сәйкес, 2022 жылы азық-түлік тауарлары бойынша бөлшек сауданың физикалық көлем индексі (ФКИ) 100%-дан сәл жоғары болды (нақты өсім – 1–2%) [9]. Ал атаулы түсім едәуір артты, бұл бағаның өсуімен байланысты. Халық азық-түлікке көбірек қаржы жұмсағанымен, өткен жылмен салыстырғанда өнім көлемі жағынан азырақ (кейбір топтар – тіпті аз) тауар сатып алған. Сол кезеңде азық-түлік емес секторда нақты құлдырау немесе тоқырау байқалды – жоғары баға мен нақты табыстың төмендеуі халықты тұрмыстық техника, жиһаз, киім-кешек сатып алуды кейінге шегеруге мәжбүр етті.

2023 жылы жағдай өзгерді: инфляциялық қысым әлсірей бастады, халықтың нақты табысы біршама өсті, тұтынушылар кейінге шегерілген сұранысты өтей бастады. Нәтижесінде, азық-түлік емес тауарлардың сатылымы 2023 жылы күрт өсті, ал азық-түлік бойынша нақты сауда көлемі 3,4%-ға төмендеді [9]. Бұл қайта бөліну қанығу әсерін көрсетеді: 2022 жылғы дүрлікпе сатып алулар мен бағаның өсуінен кейін 2023 жылы халық кейбір азық-түлік тауарларын тұтынуды қысқартты, ал ұзақ мерзімді пайдаланылатын тауарларды сатып алуға көбірек көңіл бөлді. Азық-түліктің жалпы сауда айналымындағы үлесі сәл төмендеп, 2022 жылғы 32,7%-дан 2024 жылы 32,6%-ға түсті. Соған қарамастан, азық-түлік өнімдерінің сатылымының атаулы көлемі өсіп, 2024 жылы шамамен 7,3 трлн теңгені құрады [9]. Нақты мәнде (инфляцияны есепке алғанда) 2024 жылы азық-түлік тұтыну шамамен 2–3%-ға өсті деп бағаланады. Бұл инфляция қарқынының баяулауымен және табыстардың өсуімен байланысты.

Корреляциялық талдау халық табысы мен азық-түлік шығындары арасындағы тығыз байланысты растады. 2015–2024 жылдар аралығындағы нақты азық-түлік сауда айналымы мен нақты жалақы арасындағы корреляция коэффициенті шамамен +0,8 болып, 5%-дық деңгейде мәнді болып шықты. Бұл нақты табыстың өсуі жағдайында Қазақстандағы азық-түлік тұтынуы да артатынын көрсетеді. Алайда бұл байланыс кезеңдерге қарай ерекшеленеді: дағдарысқа дейінгі жылдары (2020 жылға дейін) табыс өскен сайын азық-түлік тұтыну да ұлғайған. Ал 2020–2022 жылдары бұл байланыс әлсіреді. Мысалы, 2020 жылы нақты табыс төмендегенімен, азық-түлікке жұмсалған шығындар қатты қысқарған жоқ, өйткені тұтынушылар көңіл көтеру мен қызметтерден үнемделген қаражатты базалық азық-түлікке бағыттады. 2021 жылы табыс қалпына келіп, халық бірден азық-түлікке, соның ішінде қымбатырақ және сапасы жоғары өнімдерге шығындарын арттырды – бұл 2020 жылғы дағдарыстан кейінгі тамақтану сапасының жақсарғанын көрсетеді.

$$r = \frac{\sum(x_i - \bar{x})(y_i - \vec{y})}{\sqrt{\sum(x_i - \bar{x})^2 \Sigma (y_i - \bar{y})^2}}$$

Хі — Х айнымалысының і-ші мәні (тұтынушылар табысы).
уі — Ү айнымалысының і-ші мәні (тұтынушылар шығыны).

$\bar{x}$ — X айнымалысының орташа мәні.
$\bar{y}$ — Y айнымалысының орташа мәні.

2022 жыл ерекшелік ретінде көзге түсті: нақты жалақы шамамен 3%-ға ғана өскенмен, тұтынудың физикалық көлемі іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Бұл кезеңде табыс пен тұтыну арасындағы корреляция әлсірей түсті, өйткені инфляция жалпы көрініс бұрмалады. Қысқа мерзімді перспективада инфляция сатып алуларды ынталандыруы мүмкін (инфляция мен атаулы шығындар арасындағы корреляция коэффициенті оң мәнге ие болуы ықтимал, себебі бағалық өсім атаулы көрсеткіштерді ұлғайтады), алайда ұзақ мерзімді тұрғыда жоғары инфляция нақты тұтынуды тежейді (нақты айналыммен теріс байланыс байқалады).

Регрессиялық талдау нәтижелері инфляция айнымалысына (тұтыну бағалары индексінің жылдық өсімі) қатысты коэффициенттің статистикалық тұрғыдан теріс мәнге ие екенін көрсетті: инфляцияның 1 пайыздық өсімі азық-түлік тауарларын нақты тұтынудың шамамен 0,5–0,7%-ға төмендеуімен байланысты. Бұл күтілетін нәтиже, себебі басқа шарттар өзгермеген жағдайда бағаның өсуі табыстың баламалы өсуінсіз сатып алу қабілетінің төмендеуіне алып келеді.

$$Y=\beta 0+\beta 1X+\varepsilon$$

Y	-	тәуелді айнымалы (мысалы, тұтыну шығындары)
X	-	тәуелсіз айнымалы (мысалы, табыс деңгейі)
β_0	-	X=0 болғандағы Y мәні
β_1	-	регрессия коэффициенті — X өзгерген сайын Y қаншаға өзгереді (X-тің Y-ға әсері)
ε	-	модель ескермеген кездейсоқ факторлар

Бағалар мен табыстардың әсерін сипаттайтын маңызды көрсеткіштердің бірі – орташа чек пен сатып алу жиілігінің динамикасы. 2022–2023 жылдары азық-түлік дүкендеріндегі орташа чек едәуір өсті, алайда бұл өсім, негізінен, тұтыну көлемінің артуымен емес, бағаның қымбаттауымен байланысты болды. Бұл кезеңдерде орташа чектің өсуінің негізгі қозғаушы күші — жоғары инфляция болды, әсіресе азық-түлік тауарларына қатысты (азық-түлік бағасы азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасынан жылдамырақ өсті). 2024 жылы жағдай өзгерді: орташа чектің ұлғаюына халық табысының өсуі мен тұтынушылық сұраныстың біршама қалпына келуі әсер етті, ал инфляция керісінше төмендеді [9].

Осылайша, 2022–2023 жылдары тұтынушылық мінез-құлықта «бағалық әсер» басым болды (тұтынушылар сол көлемдегі немесе одан аз өнімге көбірек ақша төледі), ал 2024 жылы «табыстық әсер» байқалды (нақты жалақының өсуімен бірге тұтынушылар көбірек немесе сапалы тауарлар сатып ала бастады). Біздің бағалауымызша, 2023 жылдан кейін инфляцияның бәсеңдеуімен бірге орташа жалақының өсуі мен азық-түлік сату көлемінің өсуі арасындағы корреляция күшейе түсті.


Экономикалық күйзелістердің әсерінен қазақстандық тұтынушылар тұтыну құрылымына түзетулер енгізді. Әсіресе демалыс, ойын-сауық, киім-кешек және қымбат тауарларға жұмсалатын шығындар қысқарды. Сұраныс негізінен негізгі азық-түлік тауарларына шоғырланды: нан, ұн, май, қант, жарма — яғни мемлекет тарапынан бағалары реттелетін әлеуметтік маңызы бар өнімдер. Тұтыну трендтеріне жүргізілген шолу нәтижелері көрсеткендей, осы кезеңдерде сатып алушылар баға мен сапаға аса сезімтал бола бастады, көпшілігі қымбат брендтерден бас тартып, арзанырақ немесе отандық баламаларға көше бастады [10]. Мысалы, бұрын қымбат брендтерді тұтынған отбасылар жиі жеңілдікпен сатылатын немесе орташа баға санатындағы өнімдерді таңдай бастады.

Пандемия кезеңінде «үйде тамақ дайындау» үрдісі пайда болды: Қоғамдық тамақтандыру орындарының жабылуына байланысты халық үйде ас әзірлеуге көбірек көңіл бөле бастады, бұл ұн, ашытқы, ет, дәмдеуіштер секілді шикізаттық азық-түліктердің бөлшек сауда көлемінің уақытша артуына алып келді. Сонымен қатар, қоғамдық тамақтану қызметтеріне жұмсалатын шығындар азайды. Пандемиядан кейінгі кезеңде, қоғамдық тамақтану орындары қайта ашыла бастаған кезде, сыртта тамақтануға жұмсалатын шығындар қайтадан артып, бөлшек азық-түлік саудасының бюджеттен алатын үлесін азайтты. Осылайша, бөлшек сауда мен қоғамдық тамақтану секторы арасындағы бәсекелестік те тұтынушылардың мінез-құлқына әсер етті.

2020–2024 жылдар аралығындағы ең елеулі өзгерістердің бірі – азық-түлік сатып алу арналарының трансформациясы болды. Пандемияға дейін азық-түлікті онлайн тапсырыспен сатып алу тәжірибесі шектеулі көлемде ғана қолданылды (2019 жылы азық-түлік тауарлары айналымының 2%-дан азы e-commerce арналарына тиесілі болған). 2020 жылы бұл көрсеткіш 4,1%-ға дейін өсті, ал 2022 жылы бірден 12,5%-ға жетті [11]. Мұндай секіріс бірнеше факторларға байланысты болды:

-Пандемия мен локдаундар. 2020–2021 жылдары карантин кезінде онлайн жеткізу қызметтері өмірлік маңызға ие болды. Көптеген супермаркеттер мен жобалар (Glovo, Яндекс.Еда және жергілікті қызметтер) мекенжай бойынша жеткізу сервисін кеңейтті. Сарапшылардың бағалауы бойынша, «үйге жеткізу» қызметін пайдалану бірнеше есеге артты. Мысалы, Magnum және Carrefour сияқты ірі желілердің қосымшалары арқылы тапсырыстар саны 2020 жылы күрт өсті. Бұл үрдіс ғылыми әдебиеттерде де «үйге тікелей жеткізудің күрт өсуі» ретінде сипатталады [12].

- Маркетплейстер мен онлайн-гипермаркеттер. 2022 жылы e-commerce статистикасына маркетплейстер (Wildberries, OZON, Kaspi.kz және т.б.) арқылы жасалған сатылымдар да енгізіле бастады, бұл 2021 жылғы 3,6%-дан 2022 жылы 12,5%-ға дейінгі күрт өсімді ішінара түсіндіреді. Маркетплейстер тұтынушыларға азық-түліктің кейбір түрлерін (мысалы, бакалея, шай, консервілер) қоса алғанда, әртүрлі тауарларды онлайн сатып алу үшін ыңғайлы алаң ұсынды. 2023 жылға қарай онлайн айналымының 72,4%-ы маркетплейстерге, ал шамамен 27,6%-ы сауда желілерінің интернет-дүкендеріне тиесілі болды[11]. Осылайша, электрондық сауда нарығы ірі платформалар төңірегінде шоғырланған құрылымға айналды. Төмендегі суретте облыстар бойынша тұтынушылардың онлайн белсенділігі көрсетілген.



Сурет — 1. **Белсенді тұтынушылардың географиясы**
**[11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Онлайн төлемдерге деген сенімнің артуы. Қаржылық технологиялар саласының (банктердің мобильді қосымшалары, қолма-қол ақшасыз төлемдер) дамуының арқасында қазақстандық тұтынушылар онлайн сатып алуларға қатысты психологиялық тосқауылдарды еңсере білді. 2023 жылы төлем операцияларының шамамен 32%-ы банк карталары немесе электрондық аударымдар арқылы жүзеге асырылды [11].

- Кең ассортимент пен уақыт үнемдеу. Тұтынушылар онлайн-форматтың артықшылықтарына көңіл бөлді, яғни тауарлардың кең таңдауы, бағаларды салыстыру мүмкіндігі, тұтынушылық пікірлерге қол жеткізу, сондай-ақ дүкенге баруға кететін уақытты үнемдеу. Сауалнамаларға сәйкес, COVID-19 шектеулері алынғаннан кейін де көптеген адамдар интернет-сауданы пайдалануды

жалғастырды, әсіресе күнделікті сұранысқа ие тауарлар (FMCG) санаттарында өзекті болып қалып отыр[12].

- Цифрландыру тұтынушылардың сатып алу үлгісін түбегейлі өзгертті: Қазір офлайн және онлайн тәсілдер үйлестіріліп қолданылады. «Үй жанындағы дүкен» форматындағы дүкендердің танымалдығы артуы сатып алу мінез-құлқының өзгеруімен байланысты. Қалалық бос емес тұрғындар арасында дүкенге баруға кететін уақыттың қысқалығы, кезектердің болмауы және жақын орналасуы жоғары сұранысқа ие факторлар болып отыр [9]. Баға мен ыңғайлылық тұрғысынан бәсекелестік гипермаркеттер мен жергілікті нарық тұтынушыларының бір бөлігі онлайн немесе жақын маңдағы минимаркеттерге ауысты. Дегенмен, гипермаркеттер бұл жағдайға бейімделіп, өздерінің онлайн-сервистері мен жеткізу қызметтерін дамытуда.

Талдау барысында тұтынуды қолдауда қарыз қаражаттың рөлінің артуы да анықталды. Бағалар өсімі табыс өсімінен асып кеткен жағдайда, көптеген отбасылар күнделікті шығындарды қаржыландыру үшін несие карталарын, бөліп төлеуді және қарыз алуды жиі қолдана бастады. Зерттеу деректері бойынша, 2018–2022 жылдар аралығында инфляцияны есепке алғандағы үй шаруашылықтарының тұтынушылық несиелер көлемі 1,7 есеге артты. Жаппай банкроттық немесе төлем қабілетсіздігі байқалмады – керісінше, банктер бөлшек несие портфелін ұлғайтты [12].

Тұтыну мен қарыз арасындағы регрессиондық талдау екі құбылыстың өзара тәуелділігін көрсетті, тұрғындарды несиелеу көлемінің артуы тұтынушылық шығындардың өсуімен статистикалық байланыста (корреляция коэффициенті шамамен +0,6). Яғни, қазақстандықтар ағымдағы табыстарынан артық жұмсай бастады, бұл қарыз жүктемесінің артуы есебінен мүмкін болды. Мұндай жағдай болашақта белгілі бір тәуекелдерді туындатуы мүмкін: жинақтың азаюы мен қарыздың жиналуы үй шаруашылықтарының қаржылық тұрақтылығын әлсіретіп, қарыздарды өтеу қажет болғанда тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне алып келуі ықтимал [12].

Қорытынды. 2020–2024 жылдар аралығында Қазақстандағы азық-түлік нарығындағы тұтынушылық мінез-құлыққа бірқатар факторлар елеулі әсер етті. Жүргізілген талдау негізінде мынадай негізгі тұжырымдар жасалды:

- Дағдарыстық күйзелістер (пандемия мен геосаяси өзгерістер) тұтынушылардың негізгі қажеттіліктерін күшейтіп, олардың басымдықтарын қайта саралады. Белгісіздік жағдайында қазақстандық үй шаруашылықтары азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса назар аударды, бұл азық-түлікке жұмсалатын шығындардың уақытша рекордтық үлесін туғызды. Сол уақытта, негізгі емес тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс төмендеді. Санитарлық-эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғаннан кейін шығын құрылымы біртіндеп әртараптана бастады, алайда дағдарыс тәжірибесі тұтынушылардың сақтығына әлі де әсер етіп отыр.

- Халық табысы мен инфляция тұтыну көлеміне ең елеулі сандық әсер етті. Жалпы алғанда, халықтың нақты табысы өсті (2019–2023 жылдары нақты орташа жалақы +28%) [9], алайда бұл өсім уақыт жағынан біркелкі болған жоқ. 2021–2022 жылдардағы инфляция елеулі қысым жасады: тұтынушылар үнемдеу арқылы және мінез-құлықты өзгерту арқылы бейімделді (жеңілдіктерді қадағалау, қор жасау, қымбат сатып алудан бас тарту). 2023–2024 жылдары инфляцияның баяулауы нарықты жандандыруға мүмкіндік берді – бұл экономиканың оң сигналы. Тұрақты ішкі тұтыну нарығын қамтамасыз ету үшін инфляцияны бақылау және нақты табыстың өсуін ынталандыру аса маңызды.

- Корреляциялық және регрессиялық талдау Қазақстанда тұтынудың негізгі экономикалық заңдарының – Энгель заңы мен табыс/баға әсерінің – өзектілігін растады. Табыс деңгейі төмен болған кезде азық-түлікке шығын үлесінің жоғары болуы – халықтың өмір сүру деңгейі үшін елеулі қауіп [13]. Үкімет әлеуметтік қолдау шараларын жалғастырып, халық табысын арттыруға бағытталған инвестицияларды күшейтуі қажет. Бұл отбасылардың азық-түлікке жұмсайтын бюджет үлесін 50%-дан қауіпсіз шекке (30–40%) дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Мұндай өзгерістер азаматтардың әл-ауқатын арттырып қана қоймай, экономиканың басқа секторларын да ынталандырады – босап қалған қаражат білімге, демалысқа, тұрмыстық қызметтерге бағытталуы мүмкін, бұл өз кезегінде мультипликативті әсер тудырады.

- Пандемия сауданың цифрлануына қуатты серпін берді – бұл тренд тұрақты сипатқа ие болды. Азық-түлік саудасындағы онлайн-арналар бөлшек сауданың ажырамас бөлігіне айналды: айналымның шамамен 12–13%-ы интернет арқылы жүзеге асады [11], бұл үлес алдағы жылдары арта түседі. Онлайн-арналарды (маркетплейстер, интернет-дүкендер, жеткізу қызметтері) тиімді

интеграциялаған компаниялар дағдарыс кезінде бәсекелік артықшылыққа ие болды және оны қазіргі уақытта да сақтап отыр. Болашақта цифрлық технологиялар (big data, дербестендірілген ұсыныстар, электрондық әмияндар) азық-түлік ритейліндегі маркетинг стратегияларына – ассортименттен бастап баға құруға дейін – барынша ықпал ететін болады. Мемлекетке электрондық коммерцияны дамытуға қолдау көрсеткен тиімді (мысалы, ауылдық жерлерде интернет инфрақұрылымын жақсарту, цифрлық сауаттылықты арттыру), өйткені бұл тауарлардың қолжетімділігін арттырып, бағалық бәсекелестікті күшейтеді.

-Тұтынушының өзі де өзгерді. Жаңа буын – Z ұрпағы мен миллениалдар – нарыққа шықты, олар үшін баға ғана емес, брендтің құндылықтары, экологиялық жауапкершілік және сервистің ыңғайлылығы да маңызды. Бұл буын мобильді және талапшыл. Бизнес үшін аудиторияның мұндай әркелкілігін ескеріп, стратегияны бейімдеу маңызды.

Қорыта айтқанда, қазіргі тұтынушы 2020 жылға қарағанда әлдеқайда рационалды, хабардар және прагматикалық болып өзгерді. Ол тиімді ұсыныстар іздейді, салыстырады, алдын ала жоспарлайды. Лоялдылық енді жеңілдікпен немесе жоғары сапамен ғана қамтамасыз етіледі. Қазақстан үшін 2020–2024 жылдар – тұтыну нарығының бейімделгіштігі мен төзімділігінің нақты сынағы болды. Қиын сынақтарға қарамастан, нарық күйремеді: сауда саласы тез бейімделіп, жаңа арналарды енгізді, үкімет әлеуметтік өнімдерге бағаны тұрақтандырды, ал халық жаңа жағдайларға икемделе білді. Алайда кейбір мәселелер – табысы төмен халық үлесі, импорт бағасына сезімталдық, қарыз жүктемесінің өсуі – жіті назарды қажет етеді. Ұлттық экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру және саудадағы инновацияларды енгізу бойынша кешенді жұмысты жалғастыру – тұтыну нарығын болашақтағы сын-қатерлерге төзімді ету үшін басты шарт.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ernst Engel. Die Productions- und Consumtionsverhältnisse des Königreichs Sachsens//Zeitschrift des statistischen Bureaus des Königlich-Sächsischen Ministerium des Inneren. – 1857. – №8–9. – P. 1–54.

2. Маршалл А. Принципы экономической науки. — М.: Прогресс. – 1993. – 594 с.

3. Самуэльсон П. Экономика. — М.: Прогресс. – 1993. – 740 с.

4. Maslow A.H. A Theory of Human Motivation // Psychological Review. – 1943. – №50(4). – P. 370–396.

5. Thomas A. Psychologie interkulturellen Handelns. Göttingen: Hogrefe Verlag. – 2003. – 2nd ed. – 474 p.

6. Watson J.B. Psychology as the Behaviorist Views It // Psychological Review. – 1913. – №20(2). – P. 158–177

7. Kahneman D., Tversky A. Prospect Theory: An Analysis of Decision under Risk // Econometrica. – 1979. – №47(2). – P. 263–291.

8. Thaler R.H., Sunstein C.R. Nudge: Improving Decisions About Health, Wealth, and Happiness. — New Haven, CT: Yale University Press. – 2008. – 312 p. – ISBN 978-0-300-12223-7

9. Анализ розничной торговли в Казахстане в 2020-2024 гг, прогноз на 2025–2029 гг. – URL: https://marketing.rbc.ru./research/49100/

10. Потребительские инсайты. Временные и долгосрочные изменения. – URL: https://www.brif.kz/prognoz-razvitiya-i-perspektivy-ekonomiki-centralnoj-azii-2/

11. Analysis of the retail ecommerce in the Republic of Kazakhstan. – URL: https://www.pwc.com/kz/en/publications/e-commerce/pdf/e-commerce-12M2022-eng-final.pdf

12. Pak E et al. Peculiarities of Goods Consumption in Kazakhstan Amidst a Crisis// Herald of Karaganda University. Series: Economics. – 2024 – №4(116) – P. 87–95. – https://doi.org/10.31489/2024Ec4/87-95

13. Расходы казахстанцев на продукты выросли до 55,4 % от общих потребительских трат. – URL:https://ranking.kz/reviews/industries/rashody-kazahstantsev-na-produkty-vyrosli-do-55-4-ot-obschih-potrebitelskih-trat.html

REFERENCES

1. Ernst Engel. Die Productions - und Consumtionsverhältnisse des Königreichs Sachsens [The production and consumption conditions of the Kingdom of Saxony]//Zeitschrift des statistischen Bureaus des Königlich-Sächsischen Ministerium des Inneren. – 1857. – №8–9. – P. 1–54. [in German].

2. Marshall A. Principy ekonomicheskoj nauki [Principles of Economics]. M.: Progress. – 1993. – 594 s [in Russian].

3. Samuel'son P. Ekonomika [Economics]. M.: Progress. – 1993. – 740 s. [in Russian].

4. Maslow A.H. A Theory of Human Motivation // Psychological Review. – 1943. – №50(4). – P. 370–396.

5. Thomas A. Psychologie interkulturellen Handelns [Psychology of Intercultural Action]. Göttingen: Hogrefe Verlag. – 2003. – 2nd ed. – 474 p. [in German]

6. Watson J.B. Psychology as the Behaviorist Views It // Psychological Review. – 1913. – №20(2). – P. 158–177.

7. Kahneman D., Tversky A. Prospect Theory: An Analysis of Decision under Risk // Econometrica. – 1979. – №47(2). – P. 263–291.

8. Thaler R.H., Sunstein C.R. Nudge: Improving Decisions About Health, Wealth, and Happiness. - New Haven, CT: Yale University Press. – 2008. – 312 p. –ISBN 978-0-300-12223-7

9. Analiz roznichnoi torgovli v Kazahstane v 2020–2024 gg, prognoz na 2025-2029 gg [Retail Trade Analysis in Kazakhstan for 2020–2024, Forecast for 2025–2029]. – URL: https://marketing.rbc.ru./research/49100/ [in Russian].

10. Potrebitelskie insaity. Vremennye i dolgosrochnye izmenenia [Consumer Insights: Short-Term and Long-Term Shifts]. – URL: https://www.brif.kz/prognoz-razvitiya-i-perspektivy-ekonomiki-centralnoj-azii-2 [in Russian].

11. Analysis of the retail ecommerce in the Republic of Kazakhstan. – URL: https://www.pwc.com/kz/en/publications/e-commerce/pdf/e-commerce-12M2022-eng-final.pdf

12. Pak E et al. Peculiarities of Goods Consumption in Kazakhstan Amidst a Crisis// Herald of Karaganda University. Series: Economics. – 2024. – №4(116). – P. 87–95. – https://doi.org/10.31489/2024Ec4/87-95

13. Rashody kazahstansev na produkty vyrosli do 55,4 % ot obşih potrebitelskih trat [Kazakhstani consumers' spending on food rose to 55.4% of total consumer expenditures]. – URL: https://ranking.kz/reviews/industries/rashody-kazahstantsev-na-produkty-vyrosli-do-55-4-ot-obschih-potrebitelskih-trat.html [in Russian]

Турсумбаева М.Ж., Джубалиева З.У., Саханова Г.Б., Жолдасова Г.И.

ПОТРЕБИТЕЛЬСКОЕ ПОВЕДЕНИЕ НА РОЗНИЧНОМ РЫНКЕ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫХ ТОВАРОВ

Аннотация

1. Саланы мемлекеттік реттеу. 2. Халықаралық келісімдер жасасу. 3. Қауіпсіздікті сақтау және стандарттарды бекіту.	1. Инфляция және валюта бағамы. 2. Отынға деген бағаның құбылуы. 3. Өңірлік әуе тасымалдары нарығындағы бәсекестік деңгейі.
Әлеуметтік факторлар (S)	Технологиялық факторлар (Т)
1. Демографиялық өзгерістер. 2. Тұтынушы талғамының өзгеруі. 3. Өмір сүру сапасының өзгеруі.	1. Жаңа технологиялардың енгізілуі. 2. Сандық платформаларды қолдану. 3. Тұрақты даму.

* *Авторлармен құрастырылды*

Біздің ойымызша, жүргізілген PEST-талдау отандық өңірлік әуе тасымалдары нарығының экономикалық тиімділігіне ықпал етуі мүмкін сыртқы факторларды тереңірек түсінуге, оларды ескеруге және пайдалануға бағытталған стратегияларды әзірлеуге көмектеседі.

Экономикалық тиімділікті айқындайтын ішкі факторлар да бар.

Біріншіден, бұл ұшақтың техникалық-экономикалық сипаттамалары. Ұшақты таңдау кезінде пайдаланушы әуе компаниясы мыналарды қамтитын пайдалану сипаттамаларына талдау жүргізеді:

1) «ұшақтың мүмкіндіктері» ретінде айқындалатын ұшу қашықтығы мен пайдалы жүктеме арасындағы байланыс және оның ұшудың әртүрлі кезеңдеріндегі шектеулері;

2) бағыт бойынша ұшуда өндіруші кепілдік берген сипаттамаларды бағалау;

3) ұшу-қону сипаттамаларын бағалау;

4) отын шығынын бағалау;

5) техникалық қызмет көрсету параметрлері; салонның орналасуы.

Екіншіден, бұл қазақстандық әуе ұшақтарын пайдалану кезінде көзделетін мемлекеттік қолдау шаралары. Мемлекеттік қолдау шеңберінде әуе компанияларының отандық өндірістегі ұшақтарды пайдалану кезінде қолдана алатын мынадай құралдары бар [9]:

- ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 қаулысына сәйкес әуе бағыттарының кең тізбесін субсидиялау [10].

- отандық ұшақтарда авиақозғалтқыштарды ұстауды кепілді қамтамасыз ету, атап айтқанда: ұшудың әрбір сағатына белгіленген тариф бойынша авиақозғалтқышты жөндеуге ақы төлеу, қозғалтқышты ауыстыру ақысынан жаңасына жедел ауыстыру;

- әуе компанияларының қазақстандық көлік лизингтік компаниясы тағайындаған бағамы негізінде әуе кемелерін теңгемен пайдалану бойынша лизингтік келісім-шарттар жасасуы [11].

Тиісінше, әуе кемелері паркін толық жасақтау туралы шешім қабылау кезінде нақты кеме түрін таңдай отырып, мемлекеттік қолдаудың қандай шараларына сенім артуға болатынын ескеру қажет.

Үшіншіден, бұл компания паркіндегі ұшақтардың түрлі үйлесімдерінің техникалық-экономикалық салдарлары. Мысалы, ұшақтар паркін бір өндірушінің бірнеше үлгісімен жинақтау компанияның кемелерге техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге кететін жалпы шығындарын мынадай факторлардың есебінен айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді [12]:

1) ұшақ жүйелерін біріздендіру және авиациялық құрауыштардың өзара алмастырылып отыруы;

2) қосалқы бөлшектер мен шығыс материалдарын үздіксіз жеткізуді ұйымдастыру;

3) инженерлік-техникалық персоналды оқыту және даярлау шығындарын қысқарту;

4) өндірушімен сенімді және өзара тиімді ынтымақтастық және оны тәулік бойы техникалық қолдау.

Өңірлік әуе желілері үшін әуе ұшақтарының ең озық үлгісін таңдау үшін планер тиімділігінің, күштік қондырғының, сенімділік пен пайдалану технологиялылығының коэффициенттерін де, сондай-ақ қаржы-экономикалық көрсеткіштерді де ескеруге мүмкіндік беретін жүйелік бағыт қажет. Жаңа техниканы пайдаланудан барынша пайда алудың бірыңғай міндетін шешу үшін барлық көрсетілген параметрлерді оңтайлы үйлестіруге қол жеткізу керек.

Өңірлік ұшақтардың әуе паркін пайдалану тиімділігі үшін ұшу кестесінде тоқтап қалулар мен іркілістерді болдырмау үшін техникалық қызмет көрсету және ақауларды жою жөніндегі жұмыстарды жедел ұйымдастыруды қарастыруға болады.

2. Екінші бағыт әуе кемелерін бағыттар бойынша бөлуді оңтайландырудың әзірленген тәсілін қолдануға негізделеді. Бұл бағыт компанияның өңірлік маршруттық желісінің әрбір бағытында пайдалану талап етілетін әрбір үлгідегі әуе кемелерінің оңтайлы санын айқындауға мүмкіндік беруге тиіс. Нақты айтқанда, әрбір бағытта әрбір үлгідегі әуе кемесі (әуе компаниясының иелігіндегі) жүзеге асыруға тиіс рейстер санын белгілеу қажет. Бұл ретте оңтайландыру критерийі ретінде рейстерді жүзеге асыруға арналған жиынтық шығындардың шамасы қолданылады.

Бұл бағыт бойынша рейстерді орындауға жұмсалатын шығындарды азайту негізінде әуе кемелерін бағыттар бойынша бөлуді оңтайландырудың экономикалық есебін жүргізуді маңызды деп санаймыз.

Бастапқы деректер:

Айталық, отандық әуе компаниясы сыйымдылығы 50-ден 100-ге дейін жолаушы санаты әртүрлі 10 әуе кемесінен тұратын паркпен Қазақстанның өңірлік бағыттарына қызмет көрсетеді.

Оңтайландыру параметрлері:

- Бос жүрістерді барынша азайту (кемелер жартылай бос ұшқанда);
- Флоттың әрбір бірлігінің ең жоғары жүктемесі;
- Әртүрлі бағыттардағы ұшақтар айналымының мерзімдерін теңгерімдеу (қайта ұшып шығу үшін орналасу пунктіне жылдам оралу).

Ағымдағы шарттар:

- Бір рейстің орташа ұшу уақыты: 2 сағат.
- Маршруттардағы күнделікті рейстердің жиілігі: күніне 2 рет.
- Бір әуе кемесінің орташа тәуліктік жүктемесі: 80%.
- Рейстерге қызмет көрсетуге арналған шығындар: бір рейске 150 мың теңге.

Оңтайландыру өлшемі:

Бос емес орындар мен тиімсіз бағыттарды қоспағанда, жалпы көлік шығындарын барынша азайту.

Мәселені шешу:

Сызықтық бағдарламалау әдістерін және бағандар теориясын пайдалана отырып, әуе кемелерін теңгерімді сақтай отырып, бағыттарға арналған шығындарды барынша азайтатындай етіп бөлеміз:

- шағын кемелерді аз сұранысқа ие желілерде, ірі кемелерді - барынша көп жүктемеде пайдаланамыз.
- Бос жүрістерді қысқартып, рейстерді ең аз ұшулар бос өтетіндей етіп біріктіреміз.

Кесте – 2

Оңтайландырылған кестенің үлгісі*

Бағыт	Кеме тұрпаты	Жиілігі	Жүктелуі
А-Ә	Шағын	2	90%
Ә-Б	Үлкен	3	95%
Б-В	Орташа	2	85%

**Авторлармен құрастырылды*

Оңтайландыру нәтижесі:

- Жақсы жүктеме есебінен (5-10%-ға өсу) әрбір рейстен түсетін пайда ұлғаяды.
- Әуе ұшағының бос жұмысының төмендеуі отын мен техникалық қызмет көрсетуге ақы төлеуге кететін шығындарды азайтады.
- Ұшақтардың жерде болу уақыты ұшу жиілігін арттыра отырып, 10%-ға қысқарады.

Экономикалық тиімділігі:

Рейстерді жүргізуге жұмсалатын бастапқы шығындар бір рейске 150 мың теңгені құрады, аптасына 200 рейске жуық болады деп болжанған.

Оңтайландырудан кейін орташа жүктеме 5%-ға өсіп, таңдалмаған билеттерге тікелей шығындар қысқарады. Енді нақты шығындар 10%-ға азайды:

Рейстің жаңа құны = 150 000 × 0.9 = 135 000 теңге.

Сондай-ақ бос жүрістердің азаюы рейстердің жалпы санын 10%-ға қысқартуға мүмкіндік берді:

Оңтайландырудан кейінгі рейстер саны = 200 × 0.9 = 180.

Бір аптадағы жалпы үнемдеу:

Бір аптада үнемдеу = (150 000 − 135 000) × 180 = 2 700 000 теңге.

Немесе жылдық үнемдеу:

Бір жылға үнемдеу = 2 700 000 × 52 = 140 400 000 теңге.

Бұдан қорытынды шығаратын болсақ, маршрутты оңтайландырудың әзірленген әдістемесін пайдалану әуе компанияларын Қазақстанға өңірлік әуе тасымалдаушылардың ішкі нарығында қосымша артықшылықтар мен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, тұрақты тасымалдарға арналған шығындарды едәуір үнемдеуге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Бұл есептік модельді қолдану бағыттардың өңірішілік желісінің рейстері бойынша әртүрлі сыныптағы кемелерді бөлудің ең тиімді нұсқасын айқындауға мүмкіндік береді. Оңтайландыруға бір мезгілде қаржылық тиімділік өлшемі бойынша да, әуе компаниясының табыстылығының маңызды индикаторы - әуе ұшақтарының жүктелу деңгейі бойынша да қол жеткізіледі.

Авиабилеттердің бағасын анықтау проблемасының ерекше маңызы бар. Бұрын тарифтерді қалыптастыру кезінде ұсынылған есеп айырысу әдістемесін табысты қолдану үшін рейске шығыстарды бағалаудың жалпы тәсілдерінен басқа қосымша факторларды ескеру маңызды екендігі көрсетілген болатын.

Кейбір бағыттар арасында жолаушылар тасымалы жүзеге асырылатын өңірлердің билігінен субсидиялар алады. Мысалы, Қазақстанның ішкі әуе тасымалдары нарығы толығымен ырықтандырылған: кез-келген қазақстандық авиакомпания ішкі маршруттар бойынша ұшуларды бар сұранысқа сәйкес шектеусіз орындай алады. Қазір ішкі әуе тасымалдарды бес қазақстандық авиакомпания жүзеге асырады: «Эйр Астана», SCAT, Qazaq Air, «Оңтүстік Аспан», «Жетісу» компаниялар тобы. 2024 жылдың мәліметіне сәйкес олар 57 ішкі авиамаршрут бойынша 669 рейс орындады. Ұшулардың қолжетімділігін жақсарту және ішкі туризмді дамыту үшін авиамаршруттарды субсидиялау енгізілді. 2024 жылы 9 облыста 19 авиамаршрутты субсидиялау үшін республикалық бюджеттен 6,6 млрд. теңге бөлінді. Ішкі туристік дестинацияларға басымдық беріледі. Мұнда тарифтері 10 мың теңгеден 33 мың теңгеге дейін болатын рейстер Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Жамбыл, Ақмола, Павлодар облыстары бойынша субсидияланды [13].

3. Үшінші бағыт жолаушылар ағынын өсіру мақсатында ұшу сервисінің жүйесін жетілдіруге негізделеді. Мұнда өңірлік рейстерде жолаушылар ағынын арттыруға компанияның көрсетілетін қызметтерін әлеуетті жолаушылар үшін анағұрлым тартымды етуге мүмкіндік беретін дәстүрлі маркетингтік құралдардың көмегімен де, авиакомпания қызметінің салалық ерекшеліктерін көрсететін ерекше әдістермен де қол жеткізілуі мүмкін.

Сатуды ынталандырудың бағалық емес тәсілдерінің маңызды бөлігі – өткізуді ынталандыру, ол тұтыну нарықтарын және авиакомпанияның жеке қызметкерлерін ынталандыруға арналған купондар, сыйлықтар, байқаулар, адалдық бағдарламалары бойынша жеңілдіктер болып табылады.

Авиатасымалдаушының әуе компаниясындағы жұртшылықпен өзара қарым-қатынасы бөлігінде PR (public relations) қызметі болуы тиіс, оның міндеті болып авиакомпанияға «сенімсіздік кедергісін» еңсеру табылады. Мұндай кедергілер әуе тасымалдары сапасының қанағаттанарлықсыздығынан емес, мәселен, ұшақ типіне және оның жайлылығына деген бейтараптылықтан туындауы мүмкін [14].

Әуе компаниясының колайлы имиджі, негізінен, ұсынылатын тауардың (көрсетілетін қызметтің) тұтынушылық қасиеттерінен емес, одан тыс жатқан, бірақ жалпы адамзаттық мәні бар құндылықтармен байланысты. Компанияның оң имиджін қалыптастыру арқылы кең жұртшылыққа авиакомпания жұмысының түпкілікті мақсаты пайда табу емес, адамдар мен қоғамның ұтқырлыққа, шалғай аумақтарға қол жетімділікті қамтамасыз етуге деген ой жеткізіледі.

Өңірлік бағыттар бойынша авиабилеттерді сатуды ынталандыру үшін авиакомпанияның PR қызметтері нарықты ілгерілету мынадай шараларын ұйымдастырады:

- Беделді онлайн-жарнама (әлеуметтік желілерде, билет сату агрегаторларында, іздеу жүйелерінде және мамандандырылған сервистерде ілгерілету).

- Әуе компаниясының қоғамдық маңызы бар іс-шараларын жария ететін баспасөз конференцияларын және бейнеконференцияларды өткізу.

- Жетекші интернет-басылымдардағы коммерциялық емес жарияланымдар.

- Демеуші ретінде қайырымдылық акциялары мен мәдени іс-шараларға қатысу.

Сұранысты бағалық ынталандыру әдістері рейстер құнын төмендетуден тұрады, бұл авиакомпанияларға жолаушыларға тартымды тарифтер ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл шаралар салалық ерекшеліктерге сәйкес келеді және авиация саласында дәстүрлі түрде қолданылады.

Нақты айтқанда, осы өңірлік әуе тасымалдары нарығында авиакомпания қызметтерінің ең төменгі құнына, оның ішінде дәстүрлі ұшу сервисі деңгейін төмендету есебінен сұраныс орын алады. Өңірлік тасымалдардың тұтыну нарығының елеулі сегменті әуе ұшу бағасы мен шарттарының арақатынасына дәл осындай тәсілге бағдарланған. Британдық ғалым Энн Грэмнің зерттеуі көрсеткендей, клиенттер үшін белгілі бір сервистік мүмкіндіктерден бас тарту есебінен билеттерді арзандату жолаушылар ағынының қосымша өсуін қамтамасыз етеді (сурет 2).



Сурет – 2. **Бюджеті төмен әуе компанияларының әлемдік жолаушылар тасымалдау ағынындағы үлесі***

**[15] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылды*

Әуе тасымалдарының табыстылығына қол жеткізу қатаң бәсеке жағдайында осы бағытта оларды дамытудың оңтайлы нұсқасын таңдау мүмкіндігі – осы бағыттағы зерттеулер үшін үлкен мәселе.

Қорытынды. Жаһандану және халықтың ұтқырлығының өсуі жағдайында өңірлік әуе тасымалдары өңірлердің көліктік қолжетімділігі мен экономикалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Олардың тиімділігін арттыру аумақтардың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін стратегиялық міндет болып табылады. Қазіргі уақытта өңірлік әуе тасымалдарының рейстердің төмен жүктемесі, жоғары пайдалану шығындары, әуежайлардың жеткіліксіз инфрақұрылымы, маршруттардың шектеулі таңдалымы, билеттердің жоғары құны сияқты негізгі мәселелерінің орын алуы олардың тиімділігін көтерудің жаңа бағыттарын іздестіреді.

Сонымен, өңірлік әуе тасымалдары нарығының экономикалық тиімділігін арттырудың жоғарыда ұсынылған бағыттары 1) маңызды өңірлерде көлік тораптарын құру жолымен маршрут желілерін оңтайландыруға; 2) әуе қозғалысын басқарудың және жолаушыларға қызмет көрсету үдерістерін автоматтандырудың заманауи технологияларын енгізуге; 3) ұшу-қону жолақтары мен терминалдарды жаңғыртуды қоса алғанда, өңір әуежайларының инфрақұрылымын дамытуға; 4) шығындарды қысқарту және тасымалдау икемділігін арттыру үшін турбовинттік ұшақтар мен дрондар сияқты әуе кемелерінің жаңа түрлерін пайдалануға; 5) билеттерді брондау және сату, сондай-ақ жолаушылармен өзара іс-қимыл жасау үшін цифрлық платформаларды қолдануға мүмкіндік береді деген қорытындыға келуге болады.

Келтірілген бес түйінді тұжырымды қазақстандық әуе тасымалдары нарығының тиімділігін арттыруға қатысты жүргізіліп жатқан тәжірибелік қадамдармен түсіндіретін болсақ, оларды бірқатар жарқын мысалдармен дәлелдеуге болады. Атап айтқанда:

Біріншіден, Алматы облысында (мысалы, Алматы халықаралық әуежайы), Астана және Шымкент қалаларында ірі хабтар құру ішкі қалалар арасындағы жолаушылар ағынын ұлғайтуға және халықаралық рейстер үшін ыңғайлы ауыстыру желісін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл авиакомпаниялардың аралық рейстерге арналған шығындарын азайтып, тасымалдау жүйесінің жалпы тиімділігін арттырады.

Екіншіден, қону мен тіркеудің автоматтандырылған жүйелерін пайдалану (мысалы, Астана әуежайында өзіне-өзі қызмет көрсету технологиясы). Бұл шешімдер кезектерді қысқартуға, жүктерді өңдеуді жеделдетуге және әуе компанияларының персоналға жұмсалатын шығынтарын азайтуға мүмкіндік береді. Мысалы, Air Astana әуе компаниясы онлайн-чек жүйесі мен мобильді отырғызу талондарын сәтті енгізді.

Үшіншіден, Ақтау қаласының әуежайын қайта жаңарту терминалды кеңейтуді және жолақты жаңартуды қамтыды, бұл ұшақтардың көп түрлеріне қызмет көрсетуге және әуежайдың өткізу қабілетін арттыруға мүмкіндік берді. Осыған ұқсас жобалар қазіргі уақытта Орал және Ақтөбе әуежайларында жергілікті авиатасымалдаушылардың мүмкіндіктерін арттыра отырып іске асырылуда.

Төртіншіден, өңірлік бағыттар үшін турбовинттік ұшақтар паркін (ATR72 типті) енгізу пайдалану шығындарын төмендетуге және ЖІӨ көрсеткіші төмен шағын өңірлік әуежайларға қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, SCAT Airlines әуе компаниясы ел ішіндегі бағыттарда ұшақтың осы түрін белсенді пайдаланады, бұл шағын қалалардың тұрғындары үшін әуе қатынасының қолжетімділігін арттырады.

Бесіншіден, Qazaq Air әуе компаниясының жеке цифрлық платформасын іске қосу электронды билеттерді жылдам рәсімдеу және қосымшалар мен SMS-сервистер арқылы рейстер туралы жолаушыларды хабардар ету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Бұл жүйе дәстүрлі сату арналарына шығындарды азайтуға және клиенттермен өзара іс-қимылды жақсартуға көмектеседі.

Біздің пікірімізше, ұсынылған шараларды енгізудің экономикалық нәтижелері әуе бағыттарын оңтайландыру және жаңа технологияларды пайдалану есебінен әуе компанияларының операциялық шығындарын төмендетуден, қызмет көрсету сапасын жақсарту және билет құнын төмендету арқасында жолаушылар ағынын ұлғайтудан, көлікке қолжетімділікті жақсарту есебінен өңірлердегі экономикалық өсуді ынталандырудан көрініс табады.

Өңірлік әуе тасымалдары нарығының экономикалық тиімділігін арттыру елдің орнықты дамуының маңызды факторы болып табылады. Көрсетілген бағыттарды енгізу көлік қызметтерінің сапасын жақсартуға, шығындарды азайтуға және халық үшін әуе көлігінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Олай болса, ұсынылған іс-шараларды іске асыру кешенді көзқарасты және барлық мүдделі тараптардың – мемлекеттің, бизнестің және қоғамның белсенді қатысуын талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрланұлы А., Шалболова У.Ж. Қазақстан Республикасының әуе тасымалдар нарығын талдау // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысының экономикалық сериясы. – 2024. – №3. – Б. 109–129.

2. Афанасьев О.А. Современные тенденции развития региональной авиации в Европе // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: экономика. – 2020. – №2. – С. 156–168.

3. Xing J. Economic impacts of regional airline subsidies in China / J. Xing, Y. Li, Z. Liu // Transportation Research Part A. – 2021. – №148. – P. 123–139.

4. Нурмаганбетов А.С. Транспортная политика Казахстана: проблемы и перспективы // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2022. – №4. – С. 101–115.

5. Калиев К.Б. Проблемы и возможности региональной авиации Казахстана / К.Б. Калиев // Журнал экономической теории. – 2023. – №1. – С. 56–71.

6. Zhang L. Big data analytics for flight schedule optimization / L. Zhang, H. Wang, M. Chen // Journal of Air Transport Management. – 2023. – №106. – 102368 p.

7. Bhatia R.K. Sustainable aviation fuels and their impact on the environment / R.K. Bhatia, P. Kumar, N. Singh // Energy Policy. – 2022. – №168. – 112856 p.

8. Исмагилова Л.А. Тенденции развития межрегионального рыночного сегмента воздушных перевозок // Экономика: теория и практика. – 2019. – №2. – С. 40–47.

9.Алтаева Г.О. Современные факторы и тенденции развития международных рынков пассажирских и грузовых воздушных перевозок и место РК на рынках авиауслуг [Текст] // Вестник Нац. инженерной академии РК. – 2020. – №1(75). – С. 113–119.

10. «Авиамаршруттарды субсидиялау қағидасын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1511 Қаулысы – Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001511

11. «Қазақстан көлік лизингтік компаниясы АҚ-ң кейбір мәселелері туралы» ҚР Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 798 қаулысы – Қолжетімділік тәртібі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000798

12. Anupkumar A. Investigating the costs and economic impact of flight delays in the aviation industry and the potential strategies for reduction [Text]. Electronic Theses, Projects, and Dissertations. – 2023.

13.Субсидирование авиарейсов: в приоритете внутренние туристические дестинации – Порядок доступа: https://kapital.kz/economic/116061/v-2024-godu-na-subsidirovaniye-aviareysov-vydelili-7-2-mlrd-tenge.html

14. Әбілпат Е.А., Каирова Ш.Г. Проблемы развития авиатранспортной системы в РК [Текст] // Наука и туризм: стратегия взаимодействия. – 2018. – №8. – С. 18–23.

15. Graham A. Air transport – A tourism perspective [Text]. – Elsevier. – 2024.

REFERENCES

1. Nurlanuly A., Shalbolova U. Qazaqstan Respublikasynyń әue tasymaldar narygyn taldau [Analysis of the air transportation market of the Republic of Kazakhstan] L. Gumilev atyndagy EUU Khabarshysynyn ekonomykalyq seriyasy. – 2024. – №3. – B. 109–129. [in Kazakh]

2. Afanas'ev O. Sovremennye tendencii razvitija regional'noj aviacii v Evrope [Current trends in regional aviation in Europe] // Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Serija: jekonomika. – 2020. – №2. – S. 156–168. [in Russian]

3. Xing J. Economic impacts of regional airline subsidies in China / J. Xing, Y. Li, Z. Liu // Transportation Research Part A. – 2021. – №148. – P. 123–139.

4. Nurmaganbetov A.S. Transportnaja politika Kazahstana: problemy i perspektivy [Transport policy of Kazakhstan: problems and prospects] // Izvestija Nacional'noj akademii nauk Respubliki Kazahstan. – 2022. – №4. – S. 101–115. [in Russian]

5. Kaliev K. Problemy i vozmozhnosti regional'noj aviacii Kazahstana [Problems and opportunities of regional aviation of Kazakhstan] // Zhurnal jekonomicheskoj teorii. – 2023. – №1. – S. 56–71. [in Russian]

6. Zhang L. Big data analytics for flight schedule optimization / L. Zhang, H. Wang, M. Chen // Journal of Air Transport Management. – 2023. – №106. – 102368 p.

7. Bhatia R.K. Sustainable aviation fuels and their impact on the environment / R.K. Bhatia, P. Kumar, N. Singh // Energy Policy. – 2022. – №168. – 112856 p.

8. Ismagilova L. Tendencii razvitiya mezhregional'nogo rynochnogo segmenta vozdushnyh perevozok [Trends in the development of the interregional market segment of air transport] Ekonomika: teoriya i praktika. – 2019. – №2. – S. 40–47. [in Russian]

9. Altaeva G. Sovremennye faktory i tendencii razvitiya mezhdunarodnyh rynkov passazhirskih i gruzovyh vozdushnyh perevozok i mesto RK na rynkah aviauslug [Modern factors and trends in the development of international passenger and cargo air transportation markets and the place of Kazakhstan in the aviation services markets] Vestnik Nac. inzhenernoj akademii RK. – 2020. – №1(75). – S. 113–119. [in Russian]

10.«Aviamarshruttardy subsidialau ǵaidasyn bekitu turaly» KR Úkimetiniń 2010 jylǵy 31 zheltoqsandaǵy № 1511 Qaulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated December 31, 2010 No. 1511 "On approval of the rules for subsidizing air routes"] – Qoljetimdik tártibi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1000001511 [in Kazakh]

11. «Qazaqstan kólik lizingtik kompaniyasy» AQ-nyń keibir máseleleri turaly» QR Úkimetiniń 2018 jylgy 29 qarashadaǵy № 798 qauylysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated November 29, 2018 No. 798 "On some issues of Kazakhstan Transport Leasing Company JSC"] – Qoljetimdik tártibi: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000798 [in Kazakh]

12. Anupkumar A. Investigating the costs and economic impact of flight delays in the aviation industry and the potential strategies for reduction [Text]. Electronic Theses, Projects, and Dissertations. – 2023.

13. Subsidirovanie aviarejsov: v prioritete vnutrennie turisticheskie destinacii [Subsidizing flights: domestic tourist destinations are a priority] – Poryadok dostupa: https://kapital.kz/economic/116061/v-2024-godu-na-subsidirovaniye-aviareysov-vydelili-7-2-mlrd-tenge.html [in Russian]

14. Abilpat E., Kairova S. Problemy razvitiya aviatransportnoj sistemy v RK [Problems of the development of the air transport system in the Republic of Kazakhstan] Nauka i turizm: strategiya vzaimodejstviya. – 2018. – №8. – S. 18–23. [in Russian]

15. Graham A. Air transport – A tourism perspective [Текст]. – Elsevier. – 2024.

Нурланулы А., Буламбаев А.Б., Утжанова М.С., Айекенова М.К.

НАПРАВЛЕНИЯ ПОВЫШЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ РЫНКА РЕГИОНАЛЬНЫХ АВИАПЕРЕВОЗОК

Аннотация

Статья посвящена исследованию направлений повышения экономической эффективности рынка региональных авиаперевозок. Авторы рассматривают ключевые проблемы современного состояния казахстанского рынка региональных авиаперевозок, такие как низкая рентабельность маршрутов, недостаточная инфраструктура аэропортов и высокие операционные издержки авиакомпаний. Анализируются факторы, сдерживающие развитие региональной авиации: высокая стоимость топлива, отсутствие государственной поддержки и слабое развитие транспортной инфраструктуры регионов.

Для решения выявленных проблем предлагается комплекс мер, включающий модернизацию существующей инфраструктуры аэропортов, внедрение современных технологий управления воздушным движением, оптимизацию маршрута перевозок и создание условий для привлечения частных инвестиций в региональную авиационную отрасль. Рассматриваются возможности государственного регулирования отрасли посредством субсидирования билетов и налоговых льгот авиакомпаниям, осуществляющим региональные перевозки.

При исследовании применялись методы системного подхода, методы обобщенного описания, оптимизации и факторного анализа.

Проведенный анализ позволил выявить следующие направления повышения экономической эффективности: развитие современной инфраструктуры аэропортов; оптимизация маршрутов полетов и повышение качества обслуживания пассажиров; применение инновационных решений в управлении воздушным пространством; государственная поддержка и стимулирование развития рынка региональных авиаперевозок.

Результаты проведенного исследования позволяют сделать вывод о перспективности предложенных мероприятий для улучшения экономического положения предприятий региональной авиации и удовлетворения потребностей населения в удобных и доступных авиаперевозках.

Nurlanuly A., Bulambayev A., Utzhanova M., Aiekenova M.

DIRECTIONS FOR IMPROVING THE ECONOMIC EFFICIENCY OF REGIONAL AIR TRANSPORTATION MARKET

Annotation

The article is devoted to the study of areas for increasing the economic efficiency of the regional air transportation market. The authors consider key problems of the current state of the Kazakh regional air transportation market, such as low profitability of routes, insufficient airport infrastructure and high operating costs of airlines. Factors that restrain the development of regional aviation are analyzed: the high cost of fuel, the lack of state support and the weak development of the transport infrastructure of the regions.

To solve the identified problems, a set of measures is proposed, including the modernization of the existing airport infrastructure, the introduction of modern air traffic control technologies, the optimization of the transportation route and the creation of conditions for attracting private investment in the regional aviation industry. The possibilities of state regulation of the industry through subsidizing tickets and tax benefits to airlines carrying out regional transportation are being considered.

Methods of system approach, methods of generalized description, optimization and factor analysis were used in the study.

The analysis revealed the following areas for improving economic efficiency: the development of modern airport infrastructure; optimization of flight routes and improvement of passenger service quality; application of innovative

solutions in airspace management; government support and stimulation of the development of the regional air transportation market.

The results of the study allow us to conclude that the proposed measures are promising for improving the economic situation of regional aviation enterprises and meeting the needs of the population for convenient and affordable air transportation.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).23
ӘОЖ 06.75.03
ҒТАМР 332.122

А.Т. Казыкешова*, PhD[1]
А.Н. Жанбырбаева, PhD[2]
М.Х. Абдинова, профессор ассистенті[3]
Г.Қ. Ақанова, PhD[4]
Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен қ., Қазақстан[1]
Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан[2]
Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы қ., Қазақстан[3]
Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан[4]
* – негізгі автор (хат-хабар үшін автор)
e-mail: Akasykeshova@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫН РЕТТЕУДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ҰСЫНЫС

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы аймақтық теңгерімсіздікке ерекше назар аударылған. Бұл стратегиялық құжатта жалпыұлттық саулықты нығайту мен әділетті қоғам қалыптастыру үшін кешенді реформалар қолға алынатыны атап өтілген. Қазақстанның 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында да осы бағыттағы мәселелер нақты көрсетілген. Атап айтқанда, макроэкономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу барысында аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің әркелкілігі елеулі проблема ретінде танылып отыр.

Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен реформалау, экономикалық өсімді қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік әділеттілік қағидатын жүзеге асырудың да маңызды тетігі болып табылады. Бұл ретте аймақтарды сапалы басқару, мемлекеттік қолдау тетіктерін тиімді қолдану, өндірістік инфрақұрылымды жаңғырту, сондай-ақ адами капиталды дамытуға басымдық беру қажет.

Осы ғылыми мақалада Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен оны стратегиялық тұрғыдан басқарудың тұжырымдамалық жолдары қарастырылады. Алматы облысы – республикадағы өнеркәсіптік және аграрлық әлеуеті жоғары, көпсалалы құрылымы қалыптасқан ірі өңірлердің бірі. Сондықтан оның даму әлеуетін тиімді пайдалану және өңірлік саясатты жетілдіру – елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады. Зерттеу барысында облыстың аграрлық және индустриялық әлеуеті, еңбек нарығының жағдайы, мемлекеттік қолдау тетіктері мен инфрақұрылымдық даму деңгейі кешенді түрде талданды. Жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ), нақты көлем индексі, жұмыспен қамту мен әлеуметтік инфрақұрылым көрсеткіштері негізінде өңірдің даму динамикасына индикаторлық және салыстырмалы талдау жүргізілді. Нәтижесінде, өңірлік бағдарламалық басқару моделінің құрылымдық-логикалық үлгісі әзірленіп, аймақтың әлеуметтік-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тұжырымдамалық ұсыныстар ұсынылды. Жаңа ғылыми нәтижелер ретінде мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілінің тиімділігі, кластерлік даму тетіктері мен адами капиталға инвестиция тартудың маңыздылығы негізделді. Зерттеу қорытындылары Алматы облысының даму әлеуетін арттыруға және мемлекеттік аймақтық саясатты жетілдіруге ғылыми-тәжірибелік үлес қосады.

Кілт сөздер: *аймақтың дамуы, әлеуметтік даму, экономикалық өсу, мемлекеттік реттеу, жүйелік құрылым, мақсатты басқару, бағдарламалық модель.*

Ключевые слова: *региональное развитие, социальное развитие, экономический рост, государственное регулирование, системная структура, целевое управление, программная модель.*

Keywords: *regional development, social development, economic growth, state regulation, system structure, goal-oriented management, program model.*

JEL classification: R1

Кіріспе. 2015 жылғы 30 қарашада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан

халқына жолдауында әлемдік экономикалық тұрақсыздық жағдайында ұлттық экономиканы әртараптандырудың стратегиялық маңыздылығын атап өтті.

Мемлекет басшысы жаһандық дағдарыстың салдарын еңсерудің тиімді жолы ретінде индустрияландыру бағдарламасын жалғастыру қажеттігін көрсетті. Бұл ретте жаңа инвестициялық саясатты қалыптастырудың, әсіресе өңірлік деңгейде экономикалық өсу нүктелерін айқындаудың өзектілігі баса айтылды. Елдің барлық инвестициялық жобалары аймақтарда жүзеге асырылуы тиіс екендігіне назар аударылды. Осы мақсатта алты макроаймақ (Оңтүстік, Солтүстік, Орталық-Шығыс, Батыс, Алматы және Астана) үшін жеке бағдарламалар әзірлеу ұсынылды. Ірі өңірлік жобалар шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – экономиканың тұрақты құрылымын қалыптастырудағы маңызды бағыт ретінде қарастырылды.

Бұл тұрғыда «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасының макроаймақтық инвестициялық саясатпен үйлесімді жұмыс істеуі қажет екендігі атап көрсетілді [1]. Сонымен қатар, облыс аумағында Орталық Азиядағы ең ірі урбанизацияланған құрылымдардың бірі — Алматы агломерациясының орналасуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму бағытына және халықтың өмір сүру деңгейінің өзгеру динамикасына елеулі әсер етуде. Агломерация аумағындағы инфрақұрылымның қарқынды дамуы мен өндірістік, көліктік, сервистік тораптардың шоғырлануы облыстың дамуына мультипликативтік ықпал жасап отыр [2]. Осыған байланысты, Алматы облысының аумақтық дамуы мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің өзгерісін зерттеу Қазақстанның өңірлік даму стратегиясын қалыптастыруда маңызды орын алады.

Бұл стратегиялық бағыттар Қазақстанның өңірлік дамуының ұзақ мерзімді тұрғыда мақсатты басқару моделін айқындауға негіз болады.

Зерттеу мақсаты – Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуге бағытталған бағдарламалы-мақсатты басқару тұжырымдамасын әзірлеу және оны өңірлік саясатпен ықпалдастыру жолдарын негіздеу.

Зерттеу міндеттері:

-Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін негізгі факторларды анықтау;

-Өңірлік даму индикаторларын салыстырмалы талдау;

-Бағдарламалы-мақсатты басқару моделін әзірлеу;

-Аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсыныстар жүйесін ұсыну.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеудің эмпирикалық базасы ретінде Алматы облысының 2022–2024 жылдар аралығындағы әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты ресми статистикалық деректер, стратегиялық және бағдарламалық құжаттар, ҚР Ұлттық статистика бюросының есептері мен жергілікті атқарушы органдардың талдамалық материалдары пайдаланылды.

Зерттеу барысында жүйелі талдау әдісі, индикаторлық бағалау әдісі, салыстырмалы талдау, құрылымдық-логикалық модельдеу, контент-талдау, графикалық және кестелік әдістер, сондай-ақ Excel бағдарламасы арқылы статистикалық өңдеу тәсілдері қолданылды.

Ғылыми жаңалығы – Алматы облысының даму ерекшеліктерін ескере отырып, аймақтық даму процесін басқаруға арналған құрылымдық-мақсатты модельдің тұжырымдалуы және оны стратегиялық жоспарлау жүйесімен үйлестіру тетіктерінің ұсынылуы.

Әдебиеттік шолу. Қазақстандағы өңірлік дамудың теориялық және әдіснамалық негіздері отандық және шетелдік зерттеушілер еңбектерінде жан-жақты қарастырылған.

Алматы облысының аймақтық дамуын тиімді реттеу үшін өңірлік басқарудың ғылыми негізделген тәсілдерін қолдану өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл ретте аймақтық дамуды жоспарлау мен жүзеге асыруда стратегиялық және бағдарламалық басқару құралдарын үйлесімді қолдану маңызды. Аймақтың аграрлық және индустриялық әлеуетін тиімді пайдалану, инновациялық технологияларды ендіру және инфрақұрылымдық даму арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын тұрақтандыруға мүмкіндік туады. Ғалымдар Р.А. Кузембекова мен А.Н. Жанбырбаеваның пікірінше, ауылдық аумақтардағы кедейшілік деңгейі мен әлеуметтік теңсіздік аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруды талап етеді [3].

Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен агломерациялық инфрақұрылымының кеңею үдерістері және аумақтық теңестіру мәселесін зерттеген отандық ғалымдардың А.А.Сатыбалдина, Н.К.Нұрланова мен А.А.Киреевaның монографиясындағы еңбектерде ерекшеленеді [4].

Д.М. Мұсаева, Г.Ж. Әлібекова, Tunc Medeni және М.И. Дабылова өз еңбектерінде аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты жүйелі мәселелер мен басқару

тәжірибесіне баламалы көзқарас ұсынады. Ғалымдар аумақтық диспропорция жағдайында жинақталған қайшылықтар мен мәселелерді шешудегі әлеуметтік ғылымдардың үлесінің азаюына, сондай-ақ ғылыми кадрлар мен қолданбалы зерттеулердің тапшылығы нәтижесінде туындайтын ситуациялық басқару тәсілдеріне назар аударады [5].

Сонымен қатар, өңірлік еңбек нарығының даму үрдістерін зерттеген ғалымдардың еңбектерін атап өткен жөн. Мәселен, Г.Н. Аязбаева мен Л.Б. Жакыпбектің Алматы облысындағы еңбек нарығының қазіргі жағдайына арналған зерттеуінде жұмыссыздық деңгейінің динамикасы, жұмыспен қамту құрылымы, жастарды жұмысқа орналастыру мәселелері және еңбек ресурстарын тиімді пайдалану жолдары қарастырылған. Зерттеу барысында еңбек нарығындағы аумақтық теңсіздік пен еңбек миграциясы мәселелері де көтерілген [6].

Шетелдік авторлар аймақтық дамуды нақты әлеуметтік категорияларға қатысты зерттеген. Мәселен, олар тұтынуды көбіне әлеуметтік топтар арасындағы талғам айырмашылығын зерттеуге бағытталғанымен, нақты шығындар құрылымы айтарлықтай зерттелмеген. Автор Мэри Дугластың еңбектеріне сүйене отырып, үй шаруашылығы шығындарын төрт топқа бөліп, олардың әлеуметтік ұдайы өндіріс стратегияларымен байланысын анықтайды. Зерттеу нәтижесінде мәдени капитал мен нақты тұтыну арасында әлсіз байланыс бары белгілі болды. Бұл тәсіл аймақтық даму зерттеулерінде үй шаруашылығы шығындарын ескеру қажеттігін көрсетеді [7].

Жалпы алғанда, қазіргі әдебиеттерде келесі өзекті мәселелер толық шешілмеген күйде қалып отыр:

-аймақтық дамудың құрылымдық модельдерін қалыптастыру әдістемесі;

-өңірлік даму көрсеткіштерінің нақты индикаторлық жүйесін енгізу;

-аграрлық және индустриялық әлеуетті үйлестірудің тиімді жолдарын айқындау;

-мемлекеттік бағдарламалар мен өңірлік стратегиялардың өзара ықпалдастығын бағалау тетіктері.

Сонымен қатар, алдыңғы зерттеулерде ұсынылған нәтижелерде бірізділік пен жүйелілік жеткіліксіз, бұл өңірлік саясаттың тиімділігін арттыруда қосымша ғылыми негіздеуді қажет етеді. Осыған байланысты, Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын стратегиялық тұрғыдан реттеу тетіктерін зерделеу – ғылыми-практикалық мәні зор, әрі отандық өңірлік даму теориясын толықтыруға бағытталған өзекті бағыттардың бірі болып табылады.

Негізгі бөлім. Кез - келген әлеуметтік-экономикалық жүйенің даму негізін оның ішкі құрылымындағы тұрақтылық, тепе-теңдік, толықтылық пен орнықтылықты қамтамасыз ететін элементтер арасындағы өзара байланыстар құрайды. Бұл қатынастар жүйенің функционалдық жарамдылығын, икемділігі мен ұзақ мерзімді даму әлеуетін айқындайды. Мұндай сәйкессіздік, өз кезегінде, жүйелік дағдарыстардың тереңдеуіне және өндірістік қуат пен экологиялық шектеулер арасындағы шиеленістің артуына себеп болуда. Осыған байланысты, әлеуметтік-экономикалық дамудың орнықты моделін қалыптастыруда жаһандық сын-қатерлер мен ішкі мүмкіндіктерді үйлестіру қажеттілігі туындайды. Қоғамның тиімді дамуы аталған қарама-қайшылықтарды басқарудың ғылыми негізделген тәсілдерін талап етеді

Аймақтың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін қарапайым экономикалық құбылыстардан күрделірек құрылымдарға кезең-кезеңімен көшу қажет. Бұл үдеріс белгілі бір жағдайлар мен алғышарттардың болуын талап етеді. Осындай негізде аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесі жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, дамудың тепе-теңдігі сақталады [8].

Аймақтың тұрақты дамуы – бұл түрлі кедергілер мен жағымсыз әсерлерді еңсеру нәтижесінде қалыптасатын ерекше сапалық күй. Аймақ дамуының негізгі міндеттері мен басым бағыттарын айқындаумен қатар, сол мақсаттарға қандай факторлардың әсері арқылы қол жеткізуге болатынын да нақты түсіну маңызды. Осы тұрғыда аймақтың тұрақты даму стратегиясының маңызды элементі – аймақ дамуының құрылымдық және динамикалық сипаттарын қамтитын кешенді болжам болуы тиіс [9].

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы аграрлық сектор мен өңдеуші өнеркәсіптің үйлесімді дамуына негізделген. Аймақтың болашақтағы бәсекелік артықшылықтары – ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісі мен терең өңделуін арттыру, сондай-ақ индустриялық-инновациялық инфрақұрылымды дамыту арқылы жаңа өндіріс ошақтарын қалыптастыру. Бұл бағыт аймақтық еңбек нарығын жандандырып, халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға, ішкі және сыртқы нарықтарға бағытталған жоғары қосылған құны бар өнімдер шығаруға мүмкіндік береді. Өңірлік экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік басқару жүйесінде

стратегиялық жоспарлау мен бағдарламалық-нысаналы басқару тетіктерінің тиімділігін арттыру қажет. Бұл ретте, аймақтық даму бағдарламалары өндірістік, инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалармен өзара байланыста іске асырылуы тиіс. Осы негізде өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымы дамып, халықтың өмір сапасы жақсарады және аймақтық диспропорциялар біртіндеп теңестіріледі [10].

Осыған байланысты бағдарламалы-нысаналық басқару тәсілі аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеудің құралы ретінде қарастырылады. Бұл тәсіл салааралық және аймақаралық өзара байланыстарды ескере отырып, ел мен өңірдің ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық мақсаттарын айқындауға және оларды жүзеге асыру жолындағы күрделі міндеттерді шешуге бағытталған ғылыми негізделген іс-шаралар жүйесін қамтиды [11].

Қазақстанда 2010 жылдардан бастап аймақтық дамудағы теңгерімсіздіктерді жою және ауылдық аумақтардың әлеуетін арттыру мақсатында бірқатар стратегиялық бағдарламалар қабылданды. Атап айтқанда, «2010 жылға дейінгі Қазақстанның ауылдық аумақтарын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы», «2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту бағдарламасы», және одан кейінгі «2025 жылға дейінгі аумақтық даму тұжырымдамасы» ауыл мен қала арасындағы диспропорцияларды қысқартуға, инфрақұрылымдық жетіспеушіліктерді жоюға және әлеуметтік қызметтерге қолжетімділікті арттыруға бағытталды. Мемлекеттік бағдарламаларда Алматы облысы сияқты ірі аграрлық-өнеркәсіптік өңірлерге ерекше назар аударылып, инфрақұрылымдық жобалар (жол, су, газ, байланыс), ауыл шаруашылығын қолдау тетіктері, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ халықты еңбекпен қамту мәселелері негізгі басымдықтардың бірі ретінде айқындалды [12].

1 – кесте

Алматы облысы бойынша негізгі салалардағы жалпы өңірлік өнім (ЖӨӨ) динамикасы (2022–2024 жж.)

Көрсеткіш	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж.	2024/2022 өзгерісі
Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі, млрд тг	770,6	814,5	679,2	−11,8%
Нақты көлем индексі (НКИ), %	102,5	96,6	85,4	−17,1 т.п.
Мемлекеттік қолдау көлемі, млрд тг	36,7	42,9	35,3	−3,8%
Егіс алқаптарының көлемі, мың га	456,3	460,1	467,1	+2,4%
Сатып алынған техника саны, дана	502	431	379	−24,5%

**[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Ауыл шаруашылығы саласында 2022–2024 жылдар аралығында теріс үрдістер байқалады. Жалпы өнім көлемі 11,8%-ға төмендеді, бұл сектордағы өндірістік белсенділіктің әлсіреуін білдіреді. Нақты көлем индексінің 17,1 пайыздық тармаққа кемуі саладағы тиімділіктің төмендегенін көрсетеді. Мемлекеттік қолдау көлемі де 3,8%-ға қысқарған, бұл агросекторды ынталандыру шараларын қайта қарауды талап етеді. Сонымен қатар, техникамен жарақтандыру қарқыны төмендеп, сатып алынған ауыл шаруашылығы техникасының саны екі жылда 24,5%-ға азайған. Осыған қарамастан, егіс алқаптары аздап ұлғайып, 2,4%-ға артты.

2 – кесте

Алматы облысының салалар бойынша дамуының салыстырмалы талдауы (2022–2024 жж.)

Сала	2022 жыл (млрд тг)	2023 жыл	2024 жыл	Өсу/төмендеу, %
Өнеркәсіп	1 620	1 716,7	1 811,3	+11,8%
Ауыл шаруашылығы	770,6	814,5	679,2	−11,8%
Құрылыс	314,5	330,7	351,1	+11,6%
ШОБ (шағын және орта бизнес)	2 231	2 534,7	2 701,0	+21,1%

**[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

ЖӨӨ құрылымындағы салалық талдау көрсеткендей, ауыл шаруашылығынан өзге барлық негізгі салаларда тұрақты өсу байқалады. Өнеркәсіп пен құрылыс салалары шамамен 12% шамасында өссе, ШОБ секторы ең жоғары өсім көрсетіп, 21,1%-ға ұлғайған. Бұл өңір

экономикасының құрылымдық трансформациясы жүріп жатқанын, кәсіпкерлікке деген сұраныстың артқанын және урбанизациялық факторлардың күшейгенін білдіреді.

1 – кесте

Алматы облысындағы жұмыспен қамту және әлеуметтік сала көрсеткіштері (2022–2024 жж.)


Көрсеткіш	2022 ж.	2023 ж.	2024 ж. (нақты)	2023/2022 өзгерісі	2024/2023 өзгерісі
Жасалған жұмыс орындары, барлығы	61 230	68 440	70 800	+11,8%	+3,4%
Оның ішінде тұрақты орындар	50 970	56 667	59 120	+11,2%	+4,3%
Жұмыссыздық деңгейі, %	5,0	4,7	4,5	↓0,3	↓0,2
Ұлттық жоба арқылы қамтылғандар	19 500	25 800	28 100	+32,3%	+8,9%
Қысқамерзімді оқытуға қамтылғандар, адам	438	522	610	+19,2%	+16,9%
Оқыған соң жұмысқа орналасқандар, адам	368	447	526	+21,4%	+17,7%
Субсидияланған жұмыс орындарына орналастырылғандар	9 520	11 044	11 700	+16,0%	+5,9%
Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар саны	10 360	9 511	8 900	−8,2%	−6,4%
АӘК төлемдерінің жалпы көлемі, млрд тг	5,8	5,6	5,4	−3,4%	−3,6%
Кепілдендірілген әлеуметтік пакет алған балалар саны	16,2	17,3	17,9	+6,8%	+3,5%
Облыстағы мүгедек жандар саны, мың адам	41,2	42,5	43,4	+3,2%	+2,1%
Әлеуметтік қызметтермен қамтылғандар саны, адам	4 050	4 256	4 312	+5,1%	+1,3%

**[13] Дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған*

Жұмыспен қамту және әлеуметтік салада оң өзгерістер байқалады. Жұмыссыздық деңгейі жылдан-жылға төмендеп, жаңа жұмыс орындарының саны артып келеді. Қысқа мерзімді оқытудан кейін жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары (85–87%). Бұл - еңбек нарығының икемділігі мен мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны азайып, бұл тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының біртіндеп жақсарғанын көрсетеді.

Аймақты дамытуда мақсатты бағдарламалық тәсіл – әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді жақсартудың тиімді құралы болып табылады. Бұл тәсіл аймақтық ерекшеліктерді, ресурстық әлеуетті, инфрақұрылымдық жағдайды және халықтың өмір сүру деңгейін ескере отырып, нақты нәтижелерге бағытталған мақсаттар мен міндеттер жүйесін қалыптастыруды көздейді. Мақсатты бағдарламалар мемлекеттік жоспарлау жүйесінің ажырамас бөлігі ретінде стратегиялық құжаттармен тығыз байланыста жүзеге асырылады. Бағдарламалық тәсіл аймақтың ұзақ мерзімді даму басымдықтарын нақтылап, ресурстарды тиімді бөлуді және мемлекеттік қолдаудың үйлесімділігін қамтамасыз етеді. Бұл бағыттар өңірлік даму бағдарламалары шеңберінде кешенді жобалар мен іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады. Аймақтық деңгейде жүзеге асырылатын бағдарламалар әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіруге, шағын және орта бизнесті қолдауға, жұмыспен қамтуды арттыруға және ауылдық аумақтардың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталуы қажет. Ғалымдардың пікірінше (Сатыбалды А.А., Нұрланова Н.К.), мақсатты бағдарламалық басқару жүйесі экономиканы әртараптандыру мен кластерлік дамуды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, бағдарламалар тиімді жүзеге асуы үшін мониторинг, бағалау және кері байланыс механизмдері толыққанды жұмыс істеуі тиіс. Осылайша, мақсатты бағдарламалық тәсіл аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және экономикалық өсудің орнықты моделін қалыптастыруға мүмкіндік береді [13].

Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуге бағытталған құрылымдық модель 1-суретте бейнеленген. Осындай модель өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуге арналған және бағдарламалы-мақсатты басқару әдісіне сүйене отырып құрылған.



Сурет – 1. **Аймақты мақсаттық -бағдарламалық басқарудың және әлеуметтік - экономикалық дамудың құрылымдық моделі**

**Зерттеу нәтижесінде авторлармен құрастырылған*

Аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеу үшін мақсатты бағдарламалар мен стратегиялық жоспарлар бірнеше басқару деңгейінде қалыптастырылады. Бірінші деңгей – жалпымемлекеттік, мұнда мемлекет аймақаралық мәселелерді шешу, аймақтардың дамуын ынталандыру және болашаққа арналған салалық бағдарламаларды әзірлеу арқылы өңірлік экономикаға ықпал етеді. Бұл бағдарламалар өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, кәсіпкерлік сияқты нақты салаларға бағытталып, олардың дамуына серпін береді.

Екінші деңгей – аймақтық, ол жергілікті билік органдарының құзырында жүзеге асады және аймақтың ішкі ресурстарына сүйене отырып, экономиканы қолдау, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, басқару жүйесін жетілдіру мен тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған кешенді стратегияларды қамтиды.

Осы мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілі негізінде әлеуметтік-экономикалық дамуды реттеудің көпдеңгейлі иерархиялық жүйесі қалыптасып, аймақтың даму үдерісін үйлестіруге мүмкіндік береді (кесте 4).

4 – кесте

Аймақтық басқару жүйесінің деңгейлер бойынша жіктелуі

Басқару деңгейі	Жоспарлы құжат түрлері	Атауы
Жалпы мемлекеттік	Мемлекеттің стратегиялық дамуы	«Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары» [1]
	Мемлекеттің стратегиялық жоспарының дамуы	Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына 2024 жылғы жоспары [2]
	Экономика салаларын қолдау бағдарламалары	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 маусымдағы № 636 қаулысымен – Астана, 2013[7]
		«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 Қаулысы [7]
Аймақтық	Аймақтарды дамыту бағдарламалары	2020 жылға арналған Алматы облысының индустриалды – инновациялық дамуының тұжырымдамасы [8]

**Зерттеу нәтижесінде авторлармен құрастырылған*

Алматы облысы орташа дамыған өңірлер қатарына жататындықтан, оның болашағына әсер ететін стратегиялық басым бағыттарға ерекше назар аудару қажет. Аймақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру үшін бір адамға шаққандағы ішкі аймақтық өнім көлемін, өнеркәсіп өндірісін, инновациялық өнім шығаруды, орташа айлық жалақы мөлшерін және күнкөріс деңгейін көтеруге бағытталған нақты шаралар қабылдануы тиіс.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын реттеуде мақсатты-бағдарламалық басқару тәсілінің тиімділігін негіздеді. Зерттеу барысында аймақтың аграрлық, индустриялық, инфрақұрылымдық және әлеуметтік салалардағы даму үрдістері жүйелі түрде талданып, аймақтың ерекшеліктеріне бейімделген құрылымдық-мақсаттық модель ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын тиімді реттеуге арналған бағдарламалы-мақсатты басқарудың құрылымдық моделін әзірлеу және оны мемлекеттік жоспарлау жүйесімен үйлестіру тәсілдерін ұсыну болып табылады. Бұл модель өңірдің ресурстық әлеуетін, урбанизация әсерін, еңбек нарығындағы динамиканы және инфрақұрылымдық даму деңгейін кешенді түрде қамти отырып, аймақтық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, төмендегідей ұсыныстар жасалды:

1. Аймақтық дамуды стратегиялық жоспарлау құжаттарымен үйлестіру;

2. Мемлекеттік бағдарламаларды нәтижеге бағытталған жүйелі іске асыру;
3. Инновациялық, технологиялық және экспортқа бағытталған өндірістерді дамыту;
4. Шекара маңындағы инфрақұрылымды жетілдіру және кластерлік жүйені қолдау;
5. Туризм мен сервистік саланы халықаралық деңгейге бейімдеу;
6. Ауыл мен қала арасындағы әлеуметтік теңгерімді қамтамасыз ету;
7. Еңбек нарығында жастарды жұмыспен қамтуға заңнамалық негіз енгізу;
8. Электронды басқару инфрақұрылымын шалғай ауылдарға дейін кеңейту.

Жалпы алғанда, ұсынылып отырған бағыттар мен модель аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, әлеуметтік тұрақтылықты нығайтуға және орнықты экономикалық өсуге негізделген. Зерттеу нәтижелерін өңірлік басқару практикасына енгізу арқылы Алматы облысының дамуын жаңа сапалық деңгейге көтеруге болады. Сонымен қатар, бұл модель өзге өңірлер үшін де бейімделетін әдістемелік негіз бола алады.

Жоғарыда көрсетілген ұсыныстарды кешенді түрде жүзеге асыру арқылы Аймақтың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда мақсатты- бағдарламалық реттеу мен инвестициялық саясатты үйлестіре жүргізу маңыздылығын ескере отырып, әлеуметтік-экономикалық дамуды жүзеге асыру. Бұл тәсіл инновациялық экономикаға көшуге, өндірістік тиімділікті арттыруға және ғылым мен бизнестің синергиясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осы арқылы өңірлік экономиканың әртараптандырылуы мен орнықты дамуына жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

14. Официальный сайт ТОО "Центр исследований, анализа и оценки эффективности". По госорганам / по показателям / Результаты оценки / Блоки оценки "Достижение целей" / Стратегический компонент. – https://www.bagalau.kz/results/indicators/2/9/12

15. Официальный сайт ТОО "Центр исследований, анализа и оценки эффективности". По госорганам / по показателям / Результаты оценки / Блоки оценки "Достижение целей" / Стратегический компонент / строка "Количество целевых индикаторов, не взятых в расчет (по причине отсутствия статистики на момент оценки)". – https://www.bagalau.kz/results/indicators/2/9/12

REFERENCES

1. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan "Ob utverzhdenii Kontseptsii razvitiya gosudarstvennogo upravleniya v Respublike Kazakhstan do 2030 goda" ot 26 fevralya 2021 goda, No. 522 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan "On approval of the Concept of development of public administration in the Republic of Kazakhstan until 2030" dated February 26, 2021, No. 522] (s izm. ot 02.02.2022). – https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522 (accessed: 30.01.2025).

2. Andersen L., Boesen A., Pedersen L. Performance in Public Organizations: Clarifying the Conceptual Space // Public Administration Review. – 2016. – №76(6). – P. 852–862. – DOI: https://doi.org/10.1111/puar.12578.

3. Hansen M. Performance Management and Evaluation // In: Greve, B. (ed.). Handbook of Social Policy Evaluation. - London: Edward Elgar. – 2017. – P. 223–241. – http://vbn.aau.dk/files/237038407/160513_Performance_Management_and_Evaluation_final_allchangeacc.pdf

4. Suleimenova G., Kapogusov E., Kabizhan N., Kadyrova M. Performance Evaluation of the Government Agencies of Kazakhstan // The NISPAcee Journal of Public Administration and Policy. – 2018. – №2(11). – P. 171–198. – DOI: 10.2478/nispa-2018-0018. – https://www.researchgate.net/publication/329445389

5. Adilbekov D. Otsenka effektivnosti deyatel'nosti mestnykh ispolnitel'nykh organov Respubliki Kazakhstan. [Evaluation of the effectiveness of local executive bodies of the Republic of Kazakhstan]// Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoy torgovli. – 2024. – №3(56). – S. 214–223. – DOI: 10.52260/2304-7216.2024.3(56).23. [in Russian].

6. Beisenova L., Alibekova B., Shakharova A. Organizing and Conducting an Assessment of the Effectiveness of Government Agencies // Bulletin of Karaganda University. Series "Economics". – 2019. – №1(93). – P. 234–240. –https://rep.ksu.kz/bitstream/handle/data/7499/Beisenova_Organizacia_234-240.pdf?sequence=1

7. Ukaz Prezidenta Respubliki Kazakhstan "O Sisteme ezhegodnoy otsenki effektivnosti deyatel'nosti tsentral'nykh gosudarstvennykh i mestnykh ispolnitel'nykh organov oblastey, gorodov respublikanskogo znacheniya, stolitsy" ot 19 marta 2010 goda, No. 954 [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan "On the System of annual assessment of the effectiveness of the activities of central state and local executive bodies of regions, cities of republican significance, the capital" dated March 19, 2010, No. 954] (s izm. ot 26.08.2019, No. 136). – https://adilet.zan.kz/rus/docs/U100000954 (accessed: 30.01.2025). [in Russian].

8. Byudzhetnyy kodeks Respubliki Kazakhstan ot 4 dekabrya 2008 goda, No. 95-IV [Budget Code of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2008, No. 95-IV] (s izmeneniyami i dopolneniyami ot 22 noyabrya 2024 goda). [in Russian].

9. Sovmestnoe normativnoe postanovlenie Schetnogo komiteta po kontrolyu za ispolneniem respublikanskogo byudzheta ot 26 fevralya 2020 goda, No. 1-NK i prikaz Pervogo Zamestitelya Prem'er-Ministra Respubliki Kazakhstan - Ministra finansov Respubliki Kazakhstan ot 26 fevralya 2020 goda, No. 201 "Metodika operatsionnoy otsenki po bloku dostizheniya tseley" [Joint regulatory resolution of the Accounts Committee for Control over the Execution of the Republican Budget dated February 26, 2020, No. 1-NK and the order of the First Deputy Prime Minister of the Republic of Kazakhstan - Minister of

Finance of the Republic of Kazakhstan dated February 26, 2020, No. 201 "Methodology for operational assessment of the goal achievement block".].[in Russian].

10. Ofitsial'nyy sayt TOO "Tsentr issledovaniy, analiza i otsenki effektivnosti". Rezultaty otsenki / Po gosorganam / Tsentral'nye gosudarstvennye organy / Bloki otsenki "Dostizhenie tseley" [Official website of TOO "Center for Research, Analysis and Evaluation of Efficiency". Evaluation results / By government agencies / Central government agencies / Evaluation blocks "Achieving goals"]. – https://www.bagalau.kz/results/govagency/1/9 (accessed: 10.01.2025). [in Russian].

11. Ofitsial'nyy sayt TOO "Tsentr issledovaniy, analiza i otsenki effektivnosti".Rezultaty otsenki / Po gosorganam / Po pokazatelyam / Po blokam "Dostizhenie tseley" / Tsentral'nye gosudarstvennye organy / rezultaty s 2019 po 2022 gody [Official website of TOO "Center for Research, Analysis and Evaluation of Efficiency". Evaluation results / By government agencies / By indicators / By "Goal Achievement" blocks / Central government agencies / results from 2019 to 2022.]. – https://www.bagalau.kz/results/po-blokam (accessed: 20.10.2024). [in Russian].

12. Metodika razvitiya, realizatsii, monitoringa i korrektsii Natsional'nogo plana razvitiya Respubliki Kazakhstan, planov razvitiya gosudarstvennykh organov, planov razvitiya oblastey, gorodov respublikanskogo znacheniya, stolitsy (prikaz Ministra natsional'noy ekonomiki Respubliki Kazakhstan ot 25 oktyabrya 2021 goda, No. 93) [Methodology for the development, implementation, monitoring and adjustment of the National Development Plan of the Republic of Kazakhstan, development plans of state bodies, development plans of regions, cities of republican significance, the capital (order of the Minister of National Economy of the Republic of Kazakhstan dated October 25, 2021, No. 93).]. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100024908 (accessed: 26.12.2024). [in Russian].

13. Ofitsial'nyy sayt TOO "Tsentr issledovaniy, analiza i otsenki effektivnosti". Rezultaty otsenki / Po gosorganam / Po pokazatelyam / Po blokam "Dostizhenie tseley" / Mestnye ispolnitel'nye organy / rezultaty s 2019 po 2022 gody [Official website of TOO "Center for Research, Analysis and Evaluation of Efficiency". Evaluation results / By government agencies / by indicators / By "Goal Achievement" blocks / Local executive bodies / results from 2019 to 2022.]. – https://www.bagalau.kz/results/po-blokam (accessed: 20.10.2024). [in Russian].

14. Ofitsial'nyy sayt TOO "Tsentr issledovaniy, analiza i otsenki effektivnosti". Po gosorganam / Po pokazatelyam / Rezultaty otsenki / Bloki otsenki "Dostizhenie tseley" / Strategicheskiy component [Official website of TOO "Center for Research, Analysis and Evaluation of Efficiency". By government agencies / by indicators / Evaluation results / Evaluation blocks "Achieving goals" / Strategic component.]. – https://www.bagalau.kz/results/indicators/2/9/12 (accessed: 10.01.2025). [in Russian].

15. Ofitsial'nyy sayt TOO "Tsentr issledovaniy, analiza i otsenki effektivnosti". Po gosorganam / Po pokazatelyam / Rezultaty otsenki / Bloki otsenki "Dostizhenie tseley" / Strategicheskiy komponent / Stroka "Kolichestvo tselevykh indikatorov, ne vzyatykh v raschet (po prichine otsutstviya statistiki na moment otsenki)" [Official website of TOO "Center for Research, Analysis and Evaluation of Efficiency". By government agencies / by indicators / Evaluation results / Evaluation blocks "Achieving goals" / Strategic component / line "Number of target indicators not taken into account (due to lack of statistics at the time of evaluation)".]. – https://www.bagalau.kz/results/indicators/2/9/12 (accessed: 10.01.2025). [in Russian].

Елубаева А.М., Зейнельгабдин А.Б., Курманбаева С.Т., Куншигарова Л.Ш.

БАҒАЛАУДЫҢ ТИІМДІЛІК АУДИТІНІҢ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУГЕ ӘСЕРІ

Андатпа

Қарқынды әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жағдайында мемлекеттік органдардың тиімді жұмысы қоғамның табысты дамуы мен негізделген басқару шешімдерін қабылдаудың негізгі факторына айналады. Зерттеудің мақсаты-бағалаудың қолданыстағы әдістерін талдау және жаңа тәсілдерді әзірлеу арқылы мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне аудит тетігін жетілдіруге жәрдемдесу. Мемлекеттік органдардың есептілігі мен ашықтығын арттыру тиімді аудитті дамытудың негізгі құралы ретінде қарастырылатын бағалау сапасына тікелей байланысты. Мақалада мемлекеттік органдардың қызметін бағалау процестері қарастырылып, қорытынды нәтижелерге әсер ететін қолданыстағы әдістердің кемшіліктері анықталды. Авторлар бағалау критерийлері мен тәсілдерін қайта қарауды ұсынады, бұл олардың елдің, аймақтың немесе экономиканың жекелеген салаларының дамуына әсерін ескере отырып, органдардың тиімділігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Жыл сайынғы бағалау жүргізу кезінде аудиторлық іс-шаралардың нәтижелерін ескеру қажеттілігіне ерекше назар аударылады. Зерттеу әдістемесі қолданыстағы

құралдар мен тәжірибелерді талдауға негізделген, бұл мемлекеттік органдар қызметінің әлсіз және күшті жақтарын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігіне аудит тетігін жетілдіруге ықпал ете отырып, теория үшін де, практика үшін де құндылық болып табылады.

Елубаева А.М., Зейнельгабдин А.Б., Курманбаева С.Т., Куншигарова Л.Ш.

ВЛИЯНИЕ ОЦЕНКИ НА СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ МЕХАНИЗМА АУДИТА ЭФФЕКТИВНОСТИ

Аннотация

В условиях стремительных социально-экономических изменений эффективная работа государственных органов становится ключевым фактором для успешного развития общества и принятия обоснованных управленческих решений. Цель исследования – содействие совершенствованию механизма аудита эффективности деятельности государственных органов путем анализа действующих методов оценки и разработки новых подходов. Повышение подотчетности и прозрачности госорганов напрямую связано с качеством оценки, которая рассматривается как ключевой инструмент развития эффективного аудита. В статье рассмотрены процессы оценки деятельности государственных органов и выявлены недостатки существующих методов, влияющие на итоговые результаты. Авторы предлагают пересмотреть критерии и подходы к оценке, что позволит комплексно оценивать эффективность работы органов с учетом их влияния на развитие страны, региона или отдельных отраслей экономики. Особое внимание уделяется необходимости учитывать результаты аудиторских мероприятий при проведении ежегодной оценки. Методология исследования основана на анализе действующих инструментов и практик, что позволяет выявить слабые и сильные стороны в деятельности государственных органов. Полученные результаты представляют ценность как для теории, так и для практики, способствуя совершенствованию механизма аудита эффективности деятельности государственных органов.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).31
ӘОЖ 338.27
ҒТАМР 06.73.35

Г.М. Мухамедиева*, PhD, аға оқытушы[1]
О. Киричок, PhD, аға оқытушы[2]
М.Я. Имрамзиева, PhD, қауымд. профессор[3]
М. Жанат, қауымд. профессор[4]
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы қ., Қазақстан[1]
Каспий қоғамдық университеті,
Алматы қ., Қазақстан[2]
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті,
Орал қ., Қазақстан[3]
Торайғыров университеті, Павлодар қ., Қазақстан[4]
* - негізгі автор (хат хабарларға арналған автор)
e-mail: Mukhamediyeva.G@kaznu.kz

ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДА МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІН ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада Қазақстанның мұнай-газ саласын тұрақты даму жағдайында әртараптандыру ерекшеліктері қарастырылған. Мақала авторлары жаһандық экологиялық бастамалар мен ұлттық стратегиялардың саланы трансформациялауға әсеріне баса назар аударған. Зерттеу аясында өңірлер бойынша өндіріс көлемінің өзгеруін, мұнайдың әлемдік бағасына және макроэкономикалық факторларға тәуелділікті қоса алғанда, мұнай-газ секторының серпіні талданған. Талдау барысында саланың тұрақты өсуін шектейтін негізгі сын-қатерлер анықталған: шикізат экспортына жоғары тәуелділік; мұнай мен газды өңдеудің жеткіліксіз деңгейі; жаһандық энергетикалық ауысудың әсері; цифрландыру және ESG стандарттарын енгізу қажеттілігі. Мақалада баламалы энергия көздерін дамытуды, көмірсутектерді тереңдетіп өңдеуді, цифрландыруды, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуді және ESG-трансформациялауды қамтитын мұнай-газ саласын әртараптандырудың негізгі бағыттары ұсынылған. Мақала авторлары әртараптандыру стратегиясын іске асыру бойынша ұсыныстарды анықтады, оның ішінде: мұнай мен газды қайта өңдеуді ынталандыру үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін әзірлеу; жаңартылатын энергетикаға инвестициялар тарту үшін жағдай жасау; экспорттық жеткізілімдерді кеңейту үшін инфрақұрылымды жетілдіру; көміртекті алу және сақтау технологияларын енгізу; өндірістік процестерді оңтайландыру үшін цифрлық шешімдерді пайдалану. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның мұнай-газ секторын ұзақ мерзімді дамыту стратегияларын әзірлеуде, энергетикалық саясатты қалыптастыруда және саланы орнықты дамудың жаһандық сын-қатерлеріне бейімдеуде пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: *әртараптандыру, тұрақты даму, өнеркәсіп, өндіріс, мұнай-газ саласы, баламалы энергетика, көміртекті бейтараптық, цифрландыру, стратегия, экология*
Ключевые слова: *диверсификация, устойчивое развитие, промышленность, производство, нефтегазовая отрасль, альтернативная энергетика, углеродная нейтральность, цифровизация, стратегия, экология*
Keywords: *diversification, sustainable development, industry, manufacturing, oil and gas industry, alternative energy, carbon neutrality, digitalization, strategy, ecology*

JEL: L71, Q32, Q56

Кіріспе. Қазақстанның қазіргі заманғы мұнай-газ секторы тұрақты дамудың жаһандық технологиялық трансформацияға және жаңа экономикалық шындыққа бейімделу қажеттілігіне негізделген стратегиялық таңдау шеңберінде тұр. Экологиялық талаптардың күшеюі, әлемдік экономиканың көмірсутектерге тәуелділігінің төмендеуі және баламалы энергия көздеріне

инвестициялардың өсуі жағдайында саланы әртараптандыру және оны құрылымдық қайта қарау қажеттілігі айқын болады.

Қазақстан үшін негізгі бағдар «Біздің әлемді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған тұрақты даму саласындағы күн тәртібі» деген тұжырымдалған орнықты дамудың жаһандық күн тәртібі болып табылады. Бұл құжат шығарындылар деңгейін төмендетуге, жаңартылатын энергия көздеріне көшуге және инклюзивті экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындайды [1]. Қазақстанның осы үдерістерге қосылуы елдің әлемдік энергетикалық аренадағы ұстанымын нығайту және оның инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін маңызды қадам болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы №121 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2060 жылға дейінгі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясы» ұлттық деңгейдегі маңызды стратегиялық құжат болып табылады. Осы стратегия шеңберінде көміртегі ізін кезең-кезеңімен қысқарту, жаңартылатын энергия көздерін дамыту, көміртекті алу және сақтау технологияларын енгізу, сондай-ақ өнеркәсіптің жаңа бағыттарын қолдау жолымен экономиканы әртараптандыру көзделген [2]. Бұл шараларды іске асыру елдің энергетикалық балансының құрылымындағы түбегейлі өзгерістерді және төмен көміртекті технологияларға көбірек назар аударуды көздейді.

Мұнайдың әлемдік бағасының ауытқуын, сұраныс құрылымының өзгеруін және халықаралық климаттық бастамаларды қоса алғанда, Қазақстанның мұнай-газ саласының өсіп келе жатқан сын-қатерлері жағдайында әртараптандыру қажеттілігі стратегиялық маңызды міндетке айналуда. Сондықтан тұрақты даму жағдайында мұнай-газ секторын әртараптандырудың негізгі бағыттарын талдау, саланы трансформациялауға жаһандық және ұлттық факторлардың әсерін айқындау өзекті болып келеді.

Мақаланың мақсаты Қазақстанның мұнай-газ секторының тұрақты даму жағдайындағы қызметін әртараптандыру ерекшеліктерін талдау, сондай-ақ саланы қазіргі заманғы экономикалық және экологиялық сын-тегеуріндерге бейімдеудің негізгі бағыттарын анықтау болып табылады.

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- мұнай-газ секторын әртараптандыру және орнықты даму бойынша заманауи зерттеулерге әдеби талдау жүргізу;
- өндіріс көлемінің серпінін және макроэкономикалық факторлардың әсерін қоса алғанда, Қазақстанның мұнай-газ саласының ағымдағы жай-күйін бағалау;
- жаһандық трендтер мен ұлттық басымдықтарды ескере отырып, Қазақстанның мұнай-газ саласын әртараптандыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Мақала экономикалық, стратегиялық және экологиялық талдауларды біріктіретін пәнаралық тәсілге негізделген. Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін жүйелік талдау, әдеби талдау және статистикалық талдау әдістері пайдаланылды. Жүйелік талдау әдісі тұрақты даму, экономикалық әртараптандыру және мұнай-газ саласын трансформациялау арасындағы өзара байланысты кешенді қарастыру үшін қолданылды. Әдеби талдау әртараптандырудың теориялық негіздерін зерделеу және мұнай-газ секторын трансформациялаудың заманауи ғылыми тәсілдерін жалпылау үшін жүргізілді. Статистикалық талдау Қазақстандағы мұнай-газ саласы өндірісінің динамикасын бағалау, негізгі үрдістер мен макроэкономикалық заңдылықтарды анықтау үшін пайдаланылды.

Әдебиеттік шолу. Әртараптандыру ұғымының теориялық негіздері көптеген ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Мәселен, И. Ансоф [3] мен Линтнер Дж. [4] әртараптандыру арқылы компаниялардың тәуекелдерін басқару мен өсудің негізгі идеяларын ұсынған. М. Портердің [5] жұмысы әртараптандыру компанияның бәсекеге қабілеттілігін қалай арттыруға болатындығына арналған.

Тұрақты даму жағдайында мұнай-газ секторының қызметін әртараптандыру қазіргі экономика үшін негізгі сын-тегеуріндердің бірі болып табылады. Төмен көміртекті энергетикаға көшуге, ESG-факторларын *(Environmental, Social, Governance – Экологиялық, Әлеуметтік, Басқару)* енгізуге, экологиялық талаптардың қатаңдауына және жаңа технологиялардың дамуына байланысты мұнай-газ компанияларының алдында дамудың баламалы бағыттарын іздеу міндеті тұр.

Теориялық тұрғыда мұнай-газ саласындағы ESG экологиялық және әлеуметтік тәуекелдерді азайтуға, тұрақты корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға және кәсіпорындардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін құрал ретінде қарастырылады.

Бандейра Г. және басқалар [6] мұнай өнеркәсібінде тұрақты құндылықты құруға бағытталған құрылымдық ESG моделін ұсынады. Авторлар ESG механизмдері декарбонизацияға ықпал етіп қана қоймай, жаһандық энергетикалық ауысу жағдайында бәсекелестік артықшылықтардың көзіне айналатынын атап көрсетеді.

Мұнай-газ секторында ESG-қағидаттарын іс жүзінде енгізу бизнес-модельдерді орнықты даму талаптарына және қаржылық емес есептіліктің халықаралық стандарттарына бейімдеуді көздейді. Суза С. және Кришнамурти К. [7] (2024) мәліметтері бойынша, ESG стратегияларын дәйекті түрде жүзеге асыратын компаниялар экологиялық және әлеуметтік шығындардың төмендеуін ғана емес, сонымен қатар нарықтық капиталдандыру мен корпоративтік құнның өсуін көрсетеді.

Сол себепті мұнай-газ саласын әртараптандырудың әртүрлі жақтарына арналған ғылыми жарияланымдарға жүйелі талдау жүргізген жөн.

Мұнай-газ саласын әртараптандырудың әлемдік тәжірибесін қарастыратын мақаланың біріне Кизимбаева А. және басқалардың [8] жұмысы болып табылады. Олар зерттеу барысында ірі мұнай-газ компаниялары қолданатын әртараптандырудың негізгі стратегияларын, сондай-ақ олардың экономикалық тұрақтылыққа және көмірсутектерге тәуелділіктің төмендеуіне әсерін талдайды. Алайда, авторлар жеке компаниялар мен олардың сәтті жағдайларына егжей-тегжейлі талдау жасамай, макроэкономикалық деңгейге көбірек көңіл бөледі.

Өнеркәсіптегі әртараптандырудың жүйелік мәселелері тұтастай алғанда Татуев А.А. және басқа ғалымдардың [9] жұмысында қарастырылады. Зерттеу әртараптандырудың теориялық негіздеріне, оның кезеңдеріне және іске асырудың негізгі мәселелеріне бағытталған. Бұл дереккөз әртараптандыру үдерісі туралы негізгі түсінікті қалыптастыру үшін маңызды, бірақ ол жаңартуды қажет етеді, өйткені талдау он жыл бұрын жүргізілген және қазіргі заманғы сын-қатерлер мен жаңа тәсілдерді ескермейді.

Қазақстан экономикасы контекстіндегі әртараптандыру үдерістерін талдау Б.Б. Иманбаевтың [10] мақаласында ұсынылған. Зерттеу жаһандық трендтерді және олардың елдің экономикалық дамуына әсерін қарастырады. Жұмыс Қазақстандағы әртараптандырудың ағымдағы жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді, алайда онда егжей-тегжейлі кейстік зерттеулер мен мұнай-газ секторында қолданылатын нақты стратегияларды талдау жоқ.

Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындары деңгейінде өндірісті әртараптандырудың практикалық жағы Алимбетов У.С. және басқа зерттеушілердің [11] еңбегінде қарастырылады. Алайда, зерттеудің қолданбалы сипатына қарамастан, онда мұнай-газ саласына терең талдау жүргізілмейді.

Мұнай-газ компанияларын әртараптандыру және жаһандандыру саласындағы халықаралық тәжірибе Бауен Х. және басқалардың [12] жұмыстарында талданады. Зерттеу әлемнің жетекші корпорациялары өзгеретін экономикалық және экологиялық жағдайларға бейімделу үшін қолданатын басқару стратегияларын қарастырады. Алайда, авторлар негізінен басқарушылық тәсілге назар аударады және әртараптандырудың салдарына егжей-тегжейлі экономикалық баға бермейді.

Көптеген ғалымдар цифрландыру және ашық экономика жағдайындағы әртараптандырудың инновациялық жақтарына мән береді. Авторлар үлкен деректердің әртараптандырудың жаңа стратегияларын қалыптастыруға әсерін талдап, қазіргі бизнестегі цифрлық технологиялардың маңыздылығын атап көрсетеді [13].


Тік интеграцияның мұнай-газ бизнесінің тұрақты дамуына әсері Али М.К. және басқалардың [14] еңбектерінде қарастырылған. Авторлар тік интеграция ESG факторларының компаниялардың өндірістік және қаржылық көрсеткіштеріне әсерін қалай жеңілдететінін зерттейді.

Мұнай-газ секторын әртараптандыру тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдарды талдау зерттелетін проблеманың көп қырлы екенін және макроэкономикалық және микроэкономикалық жақтарды қамтитынын айқындап отыр. Қарастырылған дереккөздер әлемдік және қазақстандық тәжірибені, әртараптандырудың стратегиялық тәсілдерін, сондай-ақ саланы трансформациялаудағы инновациялар мен ESG-факторлардың рөлін көрсетеді.

Осылайша, осы саладағы одан әрі зерттеулер мұнай-газ саласының нақты стратегияларын талдауға, әртараптандырудың әртүрлі модельдерінің тиімділігін бағалауға, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен тұрақты дамудың мұнай-газ бизнесін трансформациялауға әсерін зерттеуге бағытталуы тиіс.

Негізгі бөлім. Мұнай-газ секторы дәстүрлі түрде макроэкономикалық көрсеткіштердің серпінін, экспорттың құрылымын және елдің инвестициялық тартымдылығын айқындай отырып, Қазақстан экономикасында шешуші рөл атқарады. Алайда, энергия бағасының құбылмалылығына, геосаяси факторларға және төмен көміртекті экономикаға көшуге байланысты жаһандық өзгерістер жағдайында оның Жалпы ішкі өнімге (ЖІӨ) әсері барған сайын тұрақсыз болып келеді. Экономикалық саясаттың маңызды бағыты мұнай-газ саласына тәуелділікті төмендетуге және экономиканың жаңа секторларын дамытуға бағытталған әртараптандыру болып табылады.

Соңғы жылдары Қазақстанның ЖІӨ-дегі мұнай-газ секторының үлес салмағының динамикасын талдау негізгі үрдістерді анықтауға, сондай-ақ оның ауытқуына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Бұл мәселені экономикалық дағдарыстарды, пандемиялық салдарларды және құрылымдық реформаларды ескере отырып қарау мұнай-газ саласының орнықтылық дәрежесін және өзгермелі жаһандық және ішкі жағдайлар жағдайында оны трансформациялау бағыттарын бағалауға мүмкіндік береді (сурет 1).



Сурет – 1. **Қазақстан Республикасында мұнай-газ саласында өндірілген өнімдердің Жалпы ішкі өнімдегі үлесі**

* *дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған* [15]

Статистикалық мәліметтерге [15] сәйкес, 2019-2024 жылдар кезеңінде Қазақстанның ЖІӨ-дегі мұнай-газ саласының үлес салмағының динамикасын талдау сыртқы және ішкі экономикалық факторларға байланысты осы көрсеткіштің жоғары құбылмалылығын көрсетеді. 2019 жылы мұнай-газ секторының ЖІӨ-дегі үлесі 18% құрады, бұл әлемдік көмірсутектер нарығының салыстырмалы қолайлы жағдайындағы саланың тұрақтылығын көрсетеді. Алайда, 2020 жылы бұл көрсеткіш 12%-ға дейін төмендеді, оны COVID-19 пандемиясынан туындаған жаһандық дағдарыспен, сондай-ақ мұнай бағасының күрт төмендеуімен және өндірістік қызметтің шектелуімен түсіндіруге болады.

2021 жылы экономикалық белсенділіктің қалпына келуі мұнай-газ секторының үлесін 16% - ға дейін ұлғайтуға ықпал етті, бұл энергия ресурстарына сұраныстың ішінара қалпына келуін және мұнай бағасының өсуімен байланысты. 2022 жылы саланың ЖІӨ-дегі үлес салмағы 19% - ға жеткен, бұл әлемдік энергетикалық нарықтардағы қолайлы баға конъюнктурасына, экспорт көлемінің ұлғаюына және ұлттық экономикадағы мұнай-газ өнімдерінің рөлінің күшеюімен түсіндіріледі. Алайда, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректеріне сәйкес [15], 2023 жылы мұнай-газ секторының ЖІӨ-дегі үлесі 13%-ға, ал 2024 жылы 12%-ға дейін төмендеген. Бұл баламалы энергия көздерінің белсенді дамуы, экспорт құрылымының өзгеруі және өндірісті әртараптандыруға бағытталған жүргізіліп жатқан экономикалық саясат аясында экономиканың мұнай-газ секторына тәуелділігінің төмендеу тенденциясын көрсетуі мүмкін.

Осылайша, Қазақстанның ЖІӨ-дегі мұнай-газ саласының үлес салмағының серпіні сыртқы күйзелістердің әсерін де, ұлттық экономикадағы құрылымдық өзгерістерді де көрсететін елеулі ауытқуларды көрсетеді. Мұнай бағасына және жаһандық экономикалық жағдайларға жоғары тәуелділік экономиканы одан әрі әртараптандыру және шикізат факторларының елдің

макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсерін төмендетуге бағытталған тұрақты даму стратегияларын дамыту қажеттілігін растайды.

2019-2024 жылдар кезеңінде Қазақстанның әртүрлі өңірлеріндегі мұнай-газ саласы өндірісінің динамикасы макроэкономикалық факторларға, сондай-ақ көмірсутектерді өндіру мен өңдеудің өңірлік ерекшеліктеріне байланысты елеулі ауытқуларды көрсетеді (кесте 1).

Кесте –1

Қазақстан Республикасы өңірлерінде 2019-2024 жылдарда мұнай-газ саласында өндірілген өнім көлемі

млрд. теңге

Өңірлер	2019 жыл	2020 жыл	2021жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл
Атырау облысы	7019,1	4382,2	7440,1	12048,2	9548,5	9700,4
Батыс Қазақстан облысы	2044,5	1495,2	2486,2	3470,1	3027,9	3167,1
Маңғыстау облысы	2290,5	1561,2	2152,3	2513,6	2314,1	2265,9
Ақтөбе облысы	692,4	445,8	618,2	751,1	662,0	716,4
Қызылорда облысы	583,2	371,5	464,8	549,8	510,5	485,4
Жамбыл облысы	13,1	10,4	10,4	31,7	20,7	10,4
Шығыс Қазақстан облысы	10,8	8,3	9,6	7,8	3,2	3,4
Барлығы	12653,6	8274,7	13181,6	19372,3	16086,9	16349,0

** дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [15]*

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі деректеріне сәйкес [15], мұнай-газ өндірісінің ірі орталығы Атырау облысы болып қала береді, онда 2019 жылы өндірілген өнім көлемі 7019,1 млрд теңгені құрады. Алайда, 2020 жылы бұл көрсеткіш 4382,2 млрд теңгеге дейін төмендеді, бұл COVID-19 пандемиясының салдарымен, мұнайға сұраныстың төмендеуімен және өндіру көлемінің қысқаруымен байланысты. Кейінгі жылдары қалпына келтіру өсімі байқалады: 2021 жылы – 7440,1 млрд теңге, 2022 жылы – 12048,2 млрд теңге, алайда 2023 жылы тағы да 9548,5 млрд теңгеге дейін төмендеген. 2024 жылы өндірілген өнім көлемі 9700,4 млрд теңгеге дейін өссе де, 2022 жылғы көрсеткішке жеткен жоқ. Бұл мұнай бағасының өзгеруіне және экспорттық саясаттағы өзгерістерге байланысты болып отыр.

Мұнай-газ өнеркәсібінің екінші маңызды аймағына Батыс Қазақстан облысы жатады. 2019 жылы өндіріс көлемі 2044,5 млрд теңгені құрады, содан кейін 2020 жылы ол 1495,2 млрд теңгеге дейін төмендеді. 2021 жылы саланы қалпына келтіру 2486,2 млрд теңгеге, 2022 жылы – 3470,1 млрд теңгеге жетуге мүмкіндік берді, алайда 2023 жылы 3027,9 млрд теңгеге дейін төмендеу тіркелді.

Маңғыстау облысы орташа ауытқулары бар салыстырмалы тұрақты көрсеткіштермен сипатталады. 2019 жылы өндіріс көлемі 2290,5 млрд теңгені құрап, 2020 жылы 1561,2 млрд теңгеге дейін төмендеді, содан кейін 2021 жылы 2152,3 млрд теңгеге және 2022 жылы 2513,6 млрд теңгеге дейін өсті. 2024 жылы өндірілген өнім көлемі 2265,9 млрд теңгеге дейін біршама қысқарды, бұл нарықтық факторлардың өңірлік өндіріске елеусіз әсерін көрсетеді.

Ақтөбе, Қызылорда және Жамбыл облыстары сияқты өндіріс көлемі бойынша аз өңірлерде 2020 жылы төмендеу, кейіннен 2021-2022 жылдары қалпына келу және 2024 жылы біршама құлдырау байқалады. Өндірістің ең аз көлемі дәстүрлі түрде Шығыс Қазақстан облысына тиесілі, онда өндіру көлемінің 2019 жылғы 10,8 млрд теңгеден 2024 жылы 3,4 млрд теңгеге дейін біртіндеп төмендеуі байқалады.

Осылайша, деректерді талдау Қазақстанның мұнай-газ секторының әлемдік экономикалық дағдарыстарды, көмірсутектер бағасының өзгеруін және энергетика саласындағы құрылымдық реформаларды қоса алғанда, сыртқы және ішкі сын-тегеуріндерге жоғары сезімталдығын

айғақтайды. 2020 жылғы дағдарыстан кейін қалпына келгеніне қарамастан, өндіріс көлемінің ауытқу үрдісі сақталуда, бұл экономиканы әртараптандыру және мұнай-газ секторын орнықты дамыту стратегияларын әзірлеу қажеттігін атап көрсетеді.

Қазақстанның мұнай-газ саласының қазіргі заманғы дамуы жаһандық экономикалық және экологиялық өзгерістер жағдайында әртараптандыру қажеттілігіне байланысты. Әлемдік климаттық бастамалардың әсері, жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялардың өсуі және көміртегі ізінің төмендеуіне қойылатын талаптар елдің мұнай-газ секторына жаңа сын-қатерлер туғызады. Бұл тұрғыда әртараптандыру шикізат экспортына тәуелділік тәуекелдерін барынша азайтуға және әлемдік энергетикалық нарықтың трансформациясына бейімделуге мүмкіндік беретін орнықты дамудың стратегиялық құралына айналады.

Әртараптандыру стратегияларын табысты енгізу үшін мемлекеттік қолдауды, инвестициялық ынталандыруды, инфрақұрылымды және ғылыми-технологиялық құзыреттерді дамытуды қамтитын кешенді тәсіл талап етіледі. Қазақстанның мұнай-газ секторын әртараптандыру экономикалық қажеттілік қана емес, сонымен қатар жаһандық энергетикалық трансформация жағдайында елдің ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз етудің негізгі факторы болып табылады.

Біздің ойымызша, Қазақстанның мұнай-газ саласын әртараптандырудың қарастырылып отырған бағыттарына баламалы энергетиканы, мұнай-химия және газ-химия өнеркәсібін дамыту, цифрландыру, экспортты географиялық әртараптандыру және ESG-трансформациялау жатады. Бұл шаралар сектордың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, көміртегі ізін азайтуға және инвестиция тартуға бағытталған. Алайда, оларды іске асыру капиталдың жоғары қарқындылығы, технологиялық модернизацияның қажеттілігі, сыртқы сұранысқа тәуелділік және ESG стандарттарын қолданыстағы өндірістік процестерге біріктірудің күрделілігі сияқты бірқатар кедергілерді қамтиды (кесте 2).

Кесте – 2

Қазақстанның мұнай-газ саласын әртараптандырудың бағыттары

№	Бағыттары	Негізгі шаралар	Күтілетін әсерлер	Негізгі кедергілер
1	Баламалы көздерді дамыту	Күн, жел және сутегі энергетикасының дамуы	Мұнай мен газға тәуелділікті азайту, энергетикалық қауіпсіздікті арттыру	Жоғары капитал сыйымдылығы, инфрақұрылымды дамыту қажеттілігі
2	Мұнай-химия өнеркәсібін және мұнайды терең өңдеуді дамыту	Пластмасса, полимер өндірісі, мұнай өңдеу зауыттарын дамыту	Өнімнің қосылған құнын ұлғайту, шикізат экспортына тәуелділікті төмендету	Сыртқы сұранысқа тәуелділік, ірі инвестицияларға қажеттілік
3	Цифрландыру және инновациялық технологияларды енгізу	Өндіруді және өңдеуді оңтайландыруға арналған жасанды интеллект, дрондар, блокчейн	Өндіріс тиімділігінің өсуі, шығындардың төмендеуі	Технологиялық құзыреттіліктің қажеттілігі, киберқауіптер
4	Газ-химия саласын дамыту және табиғи газды пайдалану	Метанол, аммиак өндірісі	Экспортты әртараптандыру, көміртегі ізін азайту	Шектеулі қуат, өндірісті кеңейту қажеттілігі
5	Экспорттық мүмкіндіктерді дамыту және жеткізілімдерді географиялық әртараптандыру	Азияға жеткізілімдерді ұлғайту, транзиттік маршруттарды дамыту	Дәстүрлі нарықтардағы өзгерістерге байланысты тәуекелдерді азайту	Геосаяси факторлар, басқа жеткізушілермен бәсекелестік
6	ESG-көміртегі ізін өзгерту және азайту	Көміртекті алу технологияларын дамыту, экологиялық таза отынға көшу	Жаһандық тұрақты даму стандарттарына сәйкестік, ESG тарту	Жоғары декарбонизация шығындары, ESG стандарттарын біріктірудің күрделілігі

** дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [8, 10, 13,14]*

Қазақстанның мұнай-газ саласын әртараптандырудың ықтимал бағыттарын талдау технологиялық инновацияларды, көмірсутектерді өндіру мен өңдеудегі құрылымдық өзгерістерді, сондай-ақ орнықты дамудың қазіргі заманғы талаптарына сәйкестікті біріктіретін кешенді тәсілдің қажеттілігін айғақтайды. Қарастырылған бағыттарға баламалы энергетиканы, мұнай-химия және газ-химия өнеркәсібін дамыту, цифрлық технологияларды енгізу, экспортты географиялық әртараптандыру және ESG-саланы трансформациялау кіреді.

1. Баламалы энергия көздерін дамыту. Негізгі бағыттардың бірі – күн, жел және сутегі энергиясын қоса алғанда, жаңартылатын энергия көздеріне көшу. Бұл үдеріс Қазақстанға көмірсутек кірістеріне тәуелділікті азайтуға және елдің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді. Алайда, мұндай жобаларды іске асыру айтарлықтай күрделі салымдарды және тиісті инфрақұрылымды дамытуды талап етеді.

2. Мұнай-химия өнеркәсібін және мұнайды терең өңдеуді дамыту. Мұнай-химия өндірісін кеңейту өнімнің қосылған құнын арттыруға бағытталған стратегиялық бағытты білдіреді. Мұнай мен газды қайта өңдеуді дамыту шикі мұнай экспортына тәуелділікті азайтуға және полимерлер, пластмассалар мен синтетикалық материалдарды шығаруға бағытталған жаңа өндірістік кластерлер құруға мүмкіндік береді. Алайда, бұл процесс айтарлықтай инвестициялардың қажеттілігімен, технологиялар мен білікті кадрлардың болуымен, сондай-ақ мұнай-химия өнімдеріне сыртқы сұранысқа тәуелділікпен байланысты.

3. Цифрландыру және инновациялық технологияларды енгізу. Цифрлық технологияларды пайдалану мұнай-газ секторының тиімділігін арттырудың маңызды құралы болып табылады. Жасанды интеллект, үлкен деректер технологиялары, автоматтандырылған бақылау жүйелері және блокчейн шешімдерін енгізу өндіріс үдерістерін оңтайландыруға және шығындарды азайтуға ықпал етеді. Алайда, негізгі кедергілерге жоғары бастапқы инвестициялар және кадрлық әлеуетті цифрлық экономиканың жаңа жағдайларына бейімдеу қажеттілігі жатады.

4. Газ-химия саласын дамыту және табиғи газды пайдалану. Бұл сектор сұйытылған табиғи газ, метанол, аммиак және басқа да химиялық қосылыстар өндірісінің ұлғаюымен байланысты. Газ-химия өнеркәсібінің дамуы экспорттық ағындарды әртараптандыруға ғана емес, сонымен қатар жаһандық климаттық күн тәртібінің талаптарына сәйкес келетін көміртегі ізін азайтуға мүмкіндік береді. Негізгі кедергілерге өңдеу зауыттарының шектеулі қуаты, инфрақұрылымды жаңғырту қажеттілігі және жобалардың жоғары капитал сыйымдылығы болуы мүмкін.

5. Экспорттық мүмкіндіктерді дамыту және жеткізілімдерді географиялық әртараптандыру. Экспорттық нарықтарды кеңейту және экспорттың дәстүрлі бағыттарына тәуелділікті төмендету мұнай-газ секторын әртараптандырудың стратегиялық маңызды элементі болып табылады. Қытай, Үндістан және Жапония сияқты Азия елдеріне жеткізілімдердің ұлғаюы, сондай-ақ Транскаспий бағытының дамуы геосаяси тәуекелдердің төмендеуіне және экономиканың тұрақтылығының артуына ықпал етеді. Алайда, бұл процесс айтарлықтай логистикалық инвестицияларды, инфрақұрылымдық шешімдерді әртараптандыруды және басқа экспорттаушы елдердің бәсекелестігін ескеруді талап етеді.

6. ESG-көміртегі ізін өзгерту және азайту. ESG-мұнай-газ саласындағы трансформация қаржылық емес есептілік құралы ғана емес, өндірістік модельді стратегиялық қайта ойластырудың құрылымдық элементі мәртебесіне ие болады. Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық жауапкершілік қағидаттарын іске асыру корпоративтік дамудың неғұрлым тұрақты архитектурасын құруға ықпал етеді, онда көміртегі жүктемесін азайту өз алдына мақсат емес, неғұрлым теңдестірілген және технологиялық әртараптандырылған өндіріске көшудің салдары болады. Практикалық тұрғыдан алғанда, ESG интеграциясы инвестициялық ағындарды дәлелденген экологиялық және әлеуметтік әсері бар жобалардың пайдасына қайта бағыттауды білдіреді.

Қазақстанның мұнай-газ саласын әртараптандыру бағыттарына жүргізілген талдау сектордың тұрақтылығын арттыру үшін қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуға, инновацияларды енгізуге, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге және ESG-трансформациялауға негізделген стратегиялық өзгерістер қажет екенін көрсетеді. Жоғары капиталды қажетсіну, сыртқы сұранысқа тәуелділік және технологиялық күрделілік сияқты елеулі кедергілердің болуына қарамастан, осы бағыттарды іске асыру Қазақстанға жаһандық энергетикалық нарықтағы өз орнын нығайтуға және көмірсутектер бағасының құбылмалылығының әсерін төмендетуге мүмкіндік береді. Болашақта мұнай-газ секторын әртараптандыру ел экономикасының ұзақ мерзімді орнықты дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын болады.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу Қазақстанның мұнай-газ секторын орнықты даму жағдайында әртараптандыру тек экономикалық қажеттілік емес, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге жауап ретінде саланы трансформациялаудың ғылыми және стратегиялық негізделген векторы болып табылатынын растады. Өндіріс динамикасын, саланың өңірлік құрылымын, ESG-күн тәртібінің әдеби көздері мен стратегиялық бағдарларын талдау ұлттық басымдықтарға да, жаһандық климаттық міндеттемелерге де сәйкес келетін секторды жаңғыртудың негізгі бағыттарын айқындауға мүмкіндік берді.

Мақаланың ғылыми жаңалығы стратегиялық, экономикалық, технологиялық және экологиялық талдауды қамтитын пәнаралық тәсіл негізінде мұнай-газ саласын әртараптандыру бағыттарын жүйелеу, сондай-ақ ESG-қағидаттарын секторды тұрақты трансформациялау моделіне интеграциялау болып табылады. Әртараптандыру шикізат ағындарын қайта бөлумен немесе қайта өңдеуге инвестициялаумен шектелген дәстүрлі тәсілдерден айырмашылығы, ұсынылған тұжырымдама тұтас жүйе ретінде саланы институционалдық, инфрақұрылымдық және технологиялық жаңарту қажеттілігінен туындайды.

Нәтижелердің практикалық маңыздылығы мұнай мен газды терең өңдеуді дамыту және мұнай-химия кластерлерін қалыптастыру, декарбонизацияға және ашық корпоративтік басқаруға баса назар аудара отырып, ESG-стандарттарын енгізу және баламалы маршруттар арқылы экспорт географиясын кеңейту болып табылады.

Сонымен, Қазақстанның мұнай-газ саласы қызметін әртараптандыру үшін келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуі керек:

- *мұнай мен газды терең өңдеуге көшу.* Мұнай-химия және газ-химия өнеркәсібін дамыту Қазақстанға қосылған құны жоғары өнім шығаруды ұлғайта отырып, шикі мұнай мен газ экспортына тәуелділікті төмендетуге мүмкіндік береді. Бұл көмірсутектердің әлемдік бағасының өзгеруіне аз әсер ететін тұрақты экономикалық модельді қамтамасыз етеді. Қайта өңдеуге, полимерлерді, мұнай-химия өнімдерін өсуінің негізгі драйверлері болады;

- ESG-стандарттарын белсенді енгізу және баламалы энергетиканы дамыту. Жаһандық климаттық саясат жағдайында Қазақстанға көміртекті алу және сақтау технологияларын, сутегі энергетикасын пайдалануды және жаңартылатын энергия көздерін дамытуды қоса алғанда, ESG-бастамаларды енгізуді жеделдету қажет. Бұл әлемдік экологиялық талаптарға бейімделіп қана қоймай, ұзақ мерзімді болашақта мұнай-газ секторының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ете отырып, ESG-инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді;

- экспортты географиялық және нарықтық әртараптандыру. Дәстүрлі нарықтарға (Еуропа мен Ресейге) тәуелділікпен байланысты тәуекелдерді азайту үшін Қазақстанға мұнай мен газ жеткізу географиясын кеңейту қажет. Транскаспий бағытын дамытуға, Қытайға, Үндістанға және Азияның басқа елдеріне экспорт көлемін ұлғайтуға, сондай-ақ ұзақ мерзімді келісімшарттар үшін жаңа серіктестерді тартуға басты назар аударған жөн. Өткізу нарықтарын әртараптандыру мұнай-газ секторының тұрақтылығын арттыруға және геосаяси факторлардың әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Бұл стратегиялық бағыттар Қазақстанның мұнай-газ саласының ұзақ мерзімді орнықтылығын қамтамасыз етеді, оны жаңғыртуға, шикізат экспортына тәуелділікті төмендетуге және орнықты дамудың жаһандық үрдістеріне интеграциялауға ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы ұсынылған әртараптандыру шараларының жүйесі шикізат салаларын тұрақты трансформациялау, ESG тәуекелдерін бағалау және ресурстарға бағытталған экономикасы бар елдер үшін ұзақ мерзімді энергетикалық сценарийлерді қалыптастыру саласындағы одан әрі ғылыми әзірлемелер үшін негіз бола алатындығымен анықталады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Қазақстанның энергетикалық саясатындағы нормативтік және стратегиялық құжаттарды дайындау үдерісінде, мұнай-газ кәсіпорындарын жаңғырту бағдарламаларын әзірлеу кезінде, орнықты даму жөніндегі білім беру курстарында, сондай-ақ басқа ресурстарға тәуелді елдерде орнықты өсу модельдерін қалыптастыру үшін талдамалық база ретінде пайдаланылуы мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Преобразование нашего мира: Повестка дня в области устойчивого развития на период до 2030 года. – https://documentsddsny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N15/285/75/PDF/N1528575.pdf?Open Element

2. Об утверждении Стратегии достижения углеродной нейтральности Республики Казахстан до 2060 года. Указ Президента Республики Казахстан от 2 февраля 2023 года №121. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000121

3. Ansoff I. Corporate Strategy: An Analytic Approach to Business Policy for Growth and Expansion. // McGraw-Hill. – 1965. – 241 p.

4. Lintner J. The Valuation of Risk Assets and the Selection of Risky Investments in Stock Portfolios and Capital Budgets // The Review of Economics and Statistics. – 1965. – №47(1). – P. 13–37. – https://doi.org/10.2307/1924119

5. Porter M.E. Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors. // Free Press. – 1980. – 397 p.

6. Bandeira G., Trindade D., Sodario M. & Ferronatto G. Creating Sustainable Value: An ESG Framework for the Petroleum Industry. – 2023. – 10.4043/32707-MS.

7. Dsouza S., Krishnamoorthy K. Boosting Corporate Value through ESG Excellence in Oil and Gas Sector. International Journal of Energy Economics and Policy. – 2024. – 14. 335-346. 10.32479/ijeep.16714.

8. Кизимбаева А., Момбекова Г., & Мангибаева Д. Мировая практика диверсификации нефтегазового сектора экономики. «МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ – ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ». – 2024. – №64(3). – С. 189–195. – https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-64-3-189-195

9. Татуев А.А., Зиядин С.Т., Ибраева А.К. Диверсификация в промышленности: понятие, сущность, этапы развития и проблемы применения // Вестник АГАУ. – 2015. – №1(123). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/diversifikatsiya-v-promyshlennosti-ponyatie-suschnost-etapy-razvitiya-i-problemy-primeneniya

10. Иманбаев Б.Б. Диверсификация экономики Казахстана и формирование глобальных трендов его дальнейшего развития // Вестник РГГУ. Серия «Экономика. Управление. Право». – 2019. – №2. – С. 69–80. – DOI: 10.28995/2073-6304-2019-2-69-80

11. Алимбетов У.С., Зейнелова Г.З., Ордабаева М.А. Диверсификация производства промышленных предприятий Казахстана. – https://cyberleninka.ru/article/n/diversifikatsiya-proizvodstva-promyshlennyh-predpriyatiy-respubliki-kazahstan

12. Harry P., Bowen H., Kent B., Gary E.P. Globalization and diversification strategy: A managerial perspective, Scandinavian Journal of Management. – 2015. – №1(31). – P. 25–39. – https://doi.org/10.1016/j.scaman.2014.08.003.

13. Haiyang Xie, Jie Wang, Ling Miao, Big data and emerging market firms' innovation in an open economy: The diversification strategy perspective // Technological Forecasting and Social Change. – 2021. – №173. – 121091 p. – https://doi.org/10.1016/j.techfore.2021.121091.

14. Ali M.K., Zahoor M.K., Saeed A. et al. Moderating effect of vertical integration on the relationship between sustainability and performance: evidence from oil and gas energy sector. Future Bus J9, 53. – 2023. – https://doi.org/10.1186/s43093-023-00236-x

15. Основные показатели работы промышленности Республики Казахстан. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – 2024. – https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/182339/

REFERENCES

1. Preobrazovanie nashego mira: Povestka dnja v oblasti ustojchivogo razvitija na period do 2030 goda [Transforming our world: The 2030 Agenda for Sustainable Development]. – https://documentsddsny.un.org/doc/UNDOC/GEN/N15/285/75/PDF/N1528575.pdf?OpenElement [in Russian]

2. Ob utverzhdenii Strategii dostizhenija uglerodnoj nejtral'nosti Respubliki Kazahstan do 2060 goda [On approval of the Strategy for Achieving Carbon Neutrality of the Republic of Kazakhstan until 2060].

Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 2 fevralja 2023 goda № 121. – https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000121

3. Ansoff I. Corporate Strategy: An Analytic Approach to Business Policy for Growth and Expansion. // McGraw-Hill. – 1965. – 241 p.

4. Lintner J. The Valuation of Risk Assets and the Selection of Risky Investments in Stock Portfolios and Capital Budgets // The Review of Economics and Statistics. – 1965. – №47(1). – P. 13–37. – https://doi.org/10.2307/1924119

5. Porter M.E. Competitive Strategy: Techniques for Analyzing Industries and Competitors. // Free Press. – 1980. – 397 p.

6. Bandeira G., Trindade D., Sodario M. & Ferronatto G. Creating Sustainable Value: An ESG Framework for the Petroleum Industry. – 2023. – 10.4043/32707-MS.

7. Dsouza S., Krishnamoorthy K. Boosting Corporate Value through ESG Excellence in Oil and Gas Sector. International Journal of Energy Economics and Policy. – 2024. – 14. 335-346. 10.32479/ijeep.16714.

8. Kizimbaeva A., Mombekova G., & Mangibaeva D. Mirovaja praktika diversifikacii neftegazovogo sektora jekonomiki [The global practice of diversifying the oil and gas sector of the economy]. «MEMLEKETTIK AUDIT – GOSUDARSTVENNYJ AUDIT». – 2024. – №64(3). – S. 189–195. – https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-64-3-189-195 [in Russian]

9. Tatuev A., Zijadin S., Ibraeva A. Diversifikacija v promyshlennosti: ponjatie, sushhnost', jetapy razvitija i problemy primenenija [Industrial diversification: concept, essence, stages of development and application problems] // Vestnik AGAU. – 2015. – №1(123). – URL: https://cyberleninka.ru/article/n/diversifikatsiya-v-promyshlennosti-ponyatie-suschnost-etapy-razvitiya-i-problemy-primeneniya [in Russian]

10. Imanbaev B. Diversifikacija jekonomiki Kazahstana i formirovanie global'nyh trendov ego dal'nejshego razvitija [Diversification of Kazakhstan's economy and formation of global trends for its further development] // Vestnik RGGU. Serija «Jekonomika. Upravlenie. Pravo». – 2019. – №2. – S. 69–80. – DOI: 10.28995/2073-6304-2019-2-69-80 [in Russian].

11. Alimbetov U., Zejnelova G., Ordabaeva M. Diversifikacija proizvodstva promyshlennyh predprijatij Kazahstana [Diversification of production of industrial enterprises in Kazakhstan]. – https://cyberleninka.ru/article/n/diversifikatsiya-proizvodstva-promyshlennyh-predpriyatiy-respubliki-kazahstan [in Russian]

12. Harry P. Bowen H. Kent B., Gary E.P. Globalization and diversification strategy: A managerial perspective, //Scandinavian Journal of Management. – 2015. – №1(31). – P. 25–39. – https://doi.org/10.1016/j.scaman.2014.08.003.

13. Haiyang Xie, Jie Wang, Ling Miao, Big data and emerging market firms' innovation in an open economy: The diversification strategy perspective //Technological Forecasting and Social Change. – 2021. – №173. – 121091 p. – https://doi.org/10.1016/j.techfore.2021.121091.

14. Ali M.K., Zahoor M.K., Saeed A. et al. Moderating effect of vertical integration on the relationship between sustainability and performance: evidence from oil and gas energy sector. Future Bus J9, 53. – 2023. – https://doi.org/10.1186/s43093-023-00236-x

15. Osnovnye pokazateli raboty promyshlennosti Respubliki Kazahstan [Key performance indicators of the industry of the Republic of Kazakhstan]. Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan. – 2024. – https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-industrial-production/publications/182339/ [in Russian]

Мухамедиева Г.М., Киричок О., Имрамзиева М.Я., Жанат М.

ОСОБЕННОСТИ ДИВЕРСИФИКАЦИИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ НЕФТЕГАЗОВОГО СЕКТОРА В УСЛОВИЯХ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются особенности диверсификации нефтегазовой отрасли Казахстана в условиях устойчивого развития. Авторами статьи основное внимание уделено влиянию глобальных экологических инициатив и национальных стратегий на трансформацию отрасли. В рамках исследования проанализирована динамика нефтегазового сектора, включая изменения объемов производства по регионам, зависимость от

мировых цен на нефть и макроэкономических факторов. В ходе анализа выявлены ключевые вызовы, ограничивающие устойчивый рост отрасли: высокая зависимость от экспорта сырья; недостаточный уровень переработки нефти и газа; влияние глобального энергетического перехода; необходимость цифровизации и внедрения ESG-стандартов. В статье предложены ключевые направления диверсификации нефтегазовой отрасли, включающие развитие альтернативных источников энергии, углубленную переработку углеводородов, цифровизацию, расширение экспортных возможностей и ESG-трансформацию. Авторами статьи определены рекомендации по реализации диверсификационной стратегии, включающие: разработку механизмов государственной поддержки для стимулирования переработки нефти и газа; создание условий для привлечения инвестиций в возобновляемую энергетику; совершенствование инфраструктуры для расширения экспортных поставок; внедрение технологий улавливания и хранения углерода; использование цифровых решений для оптимизации производственных процессов. Результаты исследования могут быть использованы в разработке стратегий долгосрочного развития нефтегазового сектора Казахстана, формировании энергетической политики и адаптации отрасли к глобальным вызовам устойчивого развития.

Mukhamedieva G., Kirichok O., Imramzieva M., Zhanat M.

FEATURES OF DIVERSIFICATION OF THE OIL AND GAS SECTOR IN THE CONTEXT OF SUSTAINABLE DEVELOPMENT

Annotation

The article discusses the specifics of the diversification of Kazakhstan's oil and gas industry in the context of sustainable development. The authors of the article focus on the impact of global environmental initiatives and national strategies on the transformation of the industry. The study analyzes the dynamics of the oil and gas sector, including changes in production volumes by region, dependence on world oil prices and macroeconomic factors. The analysis revealed the key challenges limiting the sustainable growth of the industry.: high dependence on the export of raw materials; insufficient oil and gas refining; the impact of the global energy transition; the need for digitalization and the introduction of ESG standards. The article suggests key areas of diversification of the oil and gas industry, including the development of alternative energy sources, advanced processing of hydrocarbons, digitalization, expansion of export opportunities and ESG transformation. The authors of the article have identified recommendations for the implementation of a diversification strategy, including: the development of state support mechanisms to stimulate oil and gas refining; creating conditions for attracting investments in renewable energy; improving infrastructure to expand export supplies; introducing carbon capture and storage technologies; using digital solutions to optimize production processes. The research results can be used in developing strategies for the long-term development of Kazakhstan's oil and gas sector, shaping energy policy and adapting the industry to global challenges of sustainable development.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).32
ӘОЖ 31.5.024.52
ҒТАМР 06.77.61

З.А. Арынова*, э.ғ.к, доцент
«Торайғыров университеті» КЕАҚ,
Павлодар қ., Қазақстан
*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: zarynova74@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Мақалада Қазақстанның еңбек нарығына әсер ететін цифрлық трансформация процестері қарастырылады. Жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі, еңбек қатынастарының икемді формаларының дамуы және цифрлық дағдыларға сұраныстың артуы сияқты негізгі үрдістер мен заңдылықтар талданады. Технологиялық жұмыссыздықтың өсуі, өңірлердегі цифрландыру деңгейіндегі теңсіздік және білім беру жүйесінің еңбек нарығының жаңа талаптарына бейімделуі сияқты мәселелерге ерекше назар аударылады.

Зерттеуде корреляциялық талдау әдістері қолданылып, цифрлық технологияларды енгізу қарқыны мен жұмыспен қамту динамикасы арасындағы өзара байланыс анықталды. Цифрландыру ақпараттық технологиялар саласында жаңа жұмыс орындарын құруға ықпал ететіні, алайда бір мезгілде рутинді мамандықтардың қысқаруына алып келетіні дәлелденді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың өңірлерде әркелкі таралуы аймақтық теңсіздіктерді күшейтіп, жұмыс күшінің жаңа жағдайларға бейімделуін қиындататыны көрсетілді.

Алынған деректер негізінде цифрлық экономика жағдайында еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған бейімделу тетіктерін қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасалды. Мақалада цифрлық теңсіздікті азайту, кәсіби дағдыларды дамыту және инновациялық кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған мемлекеттік және корпоративтік саясаттың негізгі бағыттары айқындалды. Сондай-ақ кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру және қызметкерлерді қайта даярлау мәселелеріне ерекше назар аударылды, бұл олардың цифрлық экономикаға тиімді интеграциялануына мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері мемлекеттік жұмыспен қамту және цифрлық даму стратегияларын әзірлеуде, сондай-ақ технологиялық өзгерістер жағдайында қызметкерлерді қолдау бағдарламаларын қалыптастыруда пайдалануға ұсынылады.

Кілт сөздер: еңбек нарығы, білім беру жүйесі, цифрландыру, цифрлық трансформация, жұмыспен қамту, цифрлық құзыреттіліктер, жұмыссыздық, Қазақстан

Ключевые слова*: рынок труда, система образования, цифровизация, цифровая трансформация, занятость, цифровые компетенции, безработица, Казахстан.*

Keywords *labor market, education system, digitalization, digital transformation, employment, digital competencies, unemployment, Kazakhstan.*

JEL classification: J21

Кіріспе. Қазіргі Қазақстанның еңбек нарығы цифрлық трансформация әсерінен ауқымды өзгерістерге ұшырап жатыр, бұл өзгерістер экономиканың барлық салалары мен қоғам өміріне ықпал етуде. Цифрлық технологияларды енгізу, өндірістік процестерді автоматтандыру, жасанды интеллектті дамыту және қашықтан жұмыспен қамтудың кеңеюі еңбек қатынастарының жаңа құрылымын қалыптастыруда. Бұл өзгерістер қызметкерлерден икемділік, бейімделгіштік және кәсіби дағдыларды үнемі жаңартуды талап етеді.

Осы процестер, бір жағынан, еңбек өнімділігінің артуына және жаңа жұмыс орындарының пайда болуына мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, технологиялық жұмыссыздыққа және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс арасындағы теңгерімсіздіктің күшеюіне әкеледі.

Қазақстанның еңбек нарығы, басқа ауысу экономикасы бар елдер сияқты, бірқатар ерекшеліктерге ие, олар оның тұрақтылығына әсер етеді. Оларға шикізат секторына тәуелділіктің жоғары болуы, еңбек ресурстарының өңірлік теңсіздік жағдайында бөлінуі және халықтың, әсіресе ауылдық жерлерде, цифрлық дағдыларының салыстырмалы түрде төмен деңгейі жатады.

Бұл зерттеудің өзектілігі Қазақстанның жұмыспен қамту жүйесін цифрлық экономика жағдайына бейімдеу заңдылықтары мен тетіктерін анықтау қажеттілігімен байланысты. Цифрландыру процестерінің қарқынды дамуы және мемлекеттік стратегиялық басымдықтардың

қалыптасуы жағдайында, еңбек нарығының негізгі даму үрдістерін анықтау, ықтимал қауіптерді бағалау және оларды азайтудың тиімді жолдарын табу, сондай-ақ мемлекеттік және корпоративтік саясаттың тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған тиімді құралдарын әзірлеу маңызды.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан еңбек нарығына цифрлық технологиялардың әсерін талдап, жұмыспен қамтуды сақтау мен цифрлық теңсіздікті азайтуға бағытталған бейімделу механизмдерін ұсыну.

Зерттеудің әдіснамалық негізі теориялық және эмпирикалық талдауды, салыстырмалы әдісті, сондай-ақ еңбек нарығының цифрлық трансформацияға бейімделуіне қатысты отандық және шетелдік тәжірибені зерттеуді қамтиды. Жұмыста Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері пайдаланылды. Цифрландырудың жұмыспен қамтуға әсерін бағалау үшін корреляциялық және регрессиондық талдау әдістері қолданылып, технологиялық өзгерістер мен еңбек нарығы динамикасы арасындағы өзара байланыс анықталды.

Әдебиеттік шолу. Классикалық экономикалық теорияда еңбек нарығы сұраныс пен ұсыныстың теңгерімі нарықтық механизмдер арқылы қамтамасыз етілетін жүйе ретінде қарастырылады. Алайда, цифрландыру жағдайында бұл модель күрделене түседі, себебі жеделдетілген автоматтандыру, жұмыспен қамтудың жаңа нысандарының пайда болуы және қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптарының өзгеруі еңбек нарығының құрылымына айтарлықтай әсер етеді.

Институционалдық тәсіл тұрғысынан еңбек нарығының тұрақтылығы оның технологиялық өзгерістерге бейімделу, халықты жұмыспен қамту және ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу қабілетімен анықталады. Бұл тұрғыда еңбек нарығын реттеудің икемділігі, білім беру және кәсіптік дайындық жүйесінің тиімділігі, әлеуметтік кепілдіктердің қолжетімділігі және халық арасында цифрлық дағдыларды енгізу жылдамдығы маңызды рөл атқарады.

Цифрлық трансформация жағдайында еңбек нарығының тұрақтылығын зерттеу бірнеше негізгі экономикалық теорияларға негізделеді. Адам Смит [1] және Дэвид Рикардо еңбектеріне сүйенетін классикалық экономикалық теория еңбек нарығын өзін-өзі реттейтін жүйе ретінде қарастырады, онда сұраныс пен ұсыныс автоматты түрде теңгеріледі. Алайда, қазіргі зерттеулер цифрландырудың құрылымдық теңгерімсіздіктерге әкелетінін, оларды тек нарықтық механизмдермен жою мүмкін еместігін көрсетеді.

Джон Мейнард Кейнс [2] ұсынған неокейнсиандық теория еңбек нарығын реттеуде, әсіресе экономикалық дағдарыстар мен технологиялық өзгерістер жағдайында, мемлекеттік араласудың маңыздылығын атап өтеді. Бриньольфссон мен Макафи цифрлық дәуірде қайта даярлау және қызметкерлерді жаңа еңбек жағдайларына бейімдеу бағдарламаларына мемлекеттік қолдау көрсету жұмыссыздық деңгейін төмендетуге ықпал ететінін дәлелдейді [3].

Гэри Беккер әзірлеген адами капитал тұжырымдамасы білім беру мен кәсіби даярлықты жұмыспен қамтудың негізгі факторлары ретінде қарастырады [4]. Аутордың зерттеулері көрсеткендей, цифрлық білім беру мен қайта даярлау бағдарламаларына белсенді түрде инвестиция салатын елдер технологиялық жұмыссыздық қаупіне аз ұшырайды [5].

Дуглас Норт пен Оливер Уильямсон ұсынған институционалдық теория [6] жұмыспен қамтудың тұрақты жүйесін қалыптастыруда мемлекет, бизнес және білім беру институттарының өзара іс-қимылының маңыздылығын атап көрсетеді. Халықаралық тәжірибені талдау көрсеткендей, цифрлық сын-қатерлерге ең жоғары тұрақтылықты еңбек нарығын реттеудің икемді жүйесі және бейресми сектордағы жұмыспен қамтылғандарды әлеуметтік қорғау шаралары бар елдер көрсетеді [7].

Цифрлық трансформация еңбек нарығына жаһандық әсер етеді, бұл жетекші халықаралық ұйымдардың зерттеу нәтижелерімен расталады. Дүниежүзілік экономикалық форумның (WEF, 2023) есебіне сәйкес, 2025 жылға қарай шамамен 85 миллион жұмыс орны автоматтандыру салдарынан жойылады, бірақ сонымен бірге цифрлық дағдыларды қажет ететін 97 миллион жаңа жұмыс орны құрылады. Негізгі үрдістердің қатарына икемді жұмыспен қамтудың өсуі, қашықтан жұмыс істеуге көшу және IT, деректерді талдау және киберқауіпсіздік салаларындағы мамандарға сұраныстың артуы жатады [8].

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (OECD) зерттеулері жоғары деңгейдегі цифрландыруға ие елдер ұзақ мерзімді перспективада жұмыссыздықтың төмендеуін көрсететінін, бірақ сонымен бірге платформалық экономика қызметкерлерін әлеуметтік қорғау мәселелеріне тап болатынын растайды. [9]. Еуропалық Одақ елдерінде Digital Skills and Jobs Coalition сияқты

цифрлық оқытуды қолдау бағдарламалары жүзеге асырылуда, олар құрылымдық жұмыссыздықтың төмендеуіне ықпал етеді. [10].

АҚШ-тағы зерттеулер (Author, Acemoglu) цифрландыру дәстүрлі салалардағы, мысалы, өнеркәсіп және бөлшек сауда саласындағы жұмыс орындарының қысқаруына әкелетінін, бірақ сонымен бірге жоғары технологиялар мен қызмет көрсету секторындағы жұмыспен қамтудың өсуін ынталандыратынын көрсетеді [6, 11].

ТМД елдерінде де цифрлық трансформацияның еңбек нарығына әсері белсенді зерттелуде. Ресейде цифрландыру экономиканы қайта құрудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Ұлттық зерттеу университеті Жоғары экономика мектебінің зерттеуіне сәйкес , елдегі жұмыс орындарының шамамен 45%-ы алдағы 10 жыл ішінде автоматтандыру қаупіне ұшырайды. Цифрландырудың теріс салдарын азайту мақсатында «РФ цифрлық экономикасы» сияқты қайта даярлау бағдарламалары енгізілуде.

Беларусьтық ғалымдар Е.В. Ванкевич пен О.В. Зайцева заманауи сын-қатерлер жағдайында, соның ішінде цифрландыру, демографиялық өзгерістер және технологиялық трансформацияның әсерін ескере отырып, Беларусь еңбек нарығының трансформациясын зерттейді. [12].

Өзбекстанда «Цифрлық Өзбекстан 2030» бағдарламасы сияқты цифрлық бастамалар IT секторының дамуына және халық арасында цифрлық сауаттылық деңгейін арттыруға бағытталған.

Соңғы жылдары Қазақстандағы еңбек нарығына цифрлық трансформацияның әсері зерттеушілердің назарын ерекше аударуда. «Қазақстанның еңбек нарығы: цифрлық шынайылыққа жол» ұлттық баяндамасында «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ сарапшылары цифрландыру экономиканың және жұмыспен қамтудың құрылымын қалай өзгертетінін қарастырады, бұл үрдістер өндірістік процестерге де, күнделікті өмірге де әсер етеді. Баяндамада «технологиялық жұмыссыздық» мәселесі көтеріліп, адами капиталдың алдағы өзгерістерге дайындығы бағаланады.

Бірқатар зерттеушілер цифрландырудың жаһандық үрдістерінің Қазақстан экономикасына әсерін талдап, еңбек нарығындағы жағымсыз салдарды болдырмау үшін мемлекеттік саясатты бейімдеудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл ретте технологиялардың дамуы білікті мамандарды даярлау тәсілдерін қайта қарауды талап ететіні айқындалды [13].

Зерттеулер санының көптігіне қарамастан, Қазақстан экономикасының әртүрлі салалары үшін цифрландырудың ұзақ мерзімді салдарларына қатысты шешілмеген мәселелер әлі де бар. Технологиялық жұмыссыздықтың ауқымы мен еңбек нарығын жаңа жағдайларға бейімдеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігі туралы бағалаулар арасында қайшылықтар сақталуда. Бұл еңбек нарығының цифрлық трансформация жағдайында тұрақты дамуын қамтамасыз ететін кешенді стратегияларды әзірлеуге бағытталған одан әрі зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Қазіргі зерттеулерді талдау цифрландыру еңбек нарығына айтарлықтай әсер ететінін, жаңа мүмкіндіктермен қатар жаңа сын-қатерлер де тудыратынын көрсетеді. Цифрлық экономикасы дамыған елдерде цифрландыру еңбек өнімділігінің өсуіне және жаңа жұмыс орындарының құрылуына ықпал етеді, ал білікті кадрларды даярлау деңгейі жеткіліксіз елдерде бұл үрдістер құрылымдық жұмыссыздықтың күшеюіне әкелуі мүмкін.

Негізгі бөлім. Қазіргі заманғы экономика цифрлық технологиялардың әсерінен айтарлықтай өзгерістерге ұшырап, еңбек нарығының тұрақтылығын бағалаудың дәстүрлі тәсілдерін қайта қарауды талап етеді.

Еңбек нарығының тұрақтылығы ұғымы оның экономикалық, технологиялық және әлеуметтік өзгерістер жағдайында теңгерімді дамуды қолдау қабілетін қамтиды. Классикалық экономикалық теорияда еңбек нарығы өзін-өзі реттейтін жүйе ретінде қарастырылады, онда жұмыс орындарына сұраныс пен ұсыныс бәсекелестік механизмдері арқылы тепе-теңдікке келеді. Алайда, қазіргі цифрландыру жағдайында еңбек нарығының тұрақтылығы оның икемділігі мен өзін-өзі реттеу қабілетімен ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік институттардың тиімділігімен, білім беру жүйесінің бейімделгіштігімен, әлеуметтік кепілдіктердің қолжетімділігімен және халықтың цифрлық экономикаға тартылу деңгейімен анықталады.

Қазіргі еңбек нарығы күрделі динамикалық жүйе болып табылады, оның тұрақтылығы жаңа жұмыс орындарын құру, жұмысшыларды өзгермелі талаптарға бейімдеу және ұзақ мерзімді жұмыссыздықты барынша азайту қабілетіне байланысты. Институционалдық тәсіл шеңберінде еңбек нарығының тұрақтылығы оның реттелу сапасына, әлеуметтік қорғау деңгейіне және еңбек

құрылымындағы өзгерістерге уақтылы жауап бере алатын білім беру институттарының тиімділігіне тәуелді.

Цифрландыру жағдайында экономика әсіресе ақпараттық технологиялар, деректерді талдау және автоматтандырылған басқару жүйелері салаларында жаңа дағдылары бар қызметкерлерді талап етеді. Алайда, егер еңбек нарығы бұл өзгерістерге бейімделуге үлгермесе, технологиялық жұмыссыздықтың қаупі, экономикалық мобильділіктің төмендеуі және әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі артады. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек нарығының тұрақтылығы тұрақты жұмыспен қамту деңгейін сақтаудың, реттеудің икемділігінің және жұмыс күшін жаңа шынайылыққа бейімдей алатын кәсіби оқыту қолжетімділігінің арасындағы тепе-теңдік ретінде қарастырылуы тиіс.

Институционалдық тәсіл тұрғысынан еңбек нарығының тұрақтылығы оның технологиялық өзгерістерге бейімделу, халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету және ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың өсуіне жол бермеу қабілетіне байланысты. Бұл тұрғыда еңбек нарығын реттеудің икемділігі, білім беру және кәсіптік дайындық жүйесінің тиімділігі, әлеуметтік кепілдіктердің қолжетімділігі және халық арасында цифрлық дағдыларды енгізу жылдамдығы маңызды рөл атқарады.

Цифрлық трансформация жағдайында еңбек нарығының тұрақтылығын көпдеңгейлі жүйе түрінде қарастыруға болады, онда экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және институционалдық факторлар өзара байланысты.

Қазақстанның еңбек нарығы соңғы он жылда тұрақты динамиканы көрсетіп отыр, оны жұмыспен қамтылған халық санының біртіндеп өсуі, жұмыссыздық деңгейінің тұрақтылығы және жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі сипаттайды. Экономиканың дамуы, цифрландыру, заңнамалық өзгерістер, сондай-ақ COVID-19 пандемиясын қоса алғанда, жаһандық сын-қатерлер еңбек нарығына және еңбек қатынастарының трансформациясына айтарлықтай әсер етті.

Қазақстан экономикасының барлық салаларын қамтитын цифрлық трансформация оң өзгерістермен қатар, еңбек нарығының тұрақтылығына әсер етуі мүмкін елеулі сын-қатерлермен де қатар жүреді, олардың жиынтық көрінісі 1 кестеде берілген.

Кесте – 1

Цифрландырудың Қазақстан еңбек нарығына әсері*

Аспектілер	Оң өзгерістер	Теріс өзгерістер
Жұмыспен қамту құрылымы	IT секторы, киберқауіпсіздік, деректерді талдау және цифрлық маркетинг салаларында жұмыс орындарының көбеюі.	Автоматтандырудың әсерінен дәстүрлі салаларда (өнеркәсіп, логистика, ауыл шаруашылығы) жұмыс орындарының қысқаруы.
	Жоғары білікті кадрларға сұраныстың артуы, қайта даярлау бағдарламаларын дамыту.	Цифрлық дағдылары бар мамандардың тапшылығы, нарық талаптары мен білім беру жүйесі арасындағы алшақтық.
Жұмыспен қамту түрлері	Қашықтан жұмыс істеу, икемді жұмыс кестесі, платформалық жұмыспен қамту мүмкіндіктерінің дамуы және өзін-өзі жұмыспен қаму мүмкіндіктерінің артуы.	Жұмыспен қамтудың тұрақсыздығының артуы, әлеуметтік кепілдіктер деңгейінің төмендеуі, көлеңкелі жұмыспен қамтудың өсуі.
Экономикалық даму	Еңбек өнімділігінің артуы, бизнес-процестерді цифрландыру, компания шығындарының азаюы.	Жоғары технологиялық салалардағы қызметкерлер мен төмен білікті жұмысшылар арасындағы экономикалық теңсіздіктің күшеюі.
Жұмысқа географиялық қолжетімділік	Қашықтан жұмыс істеу мүмкіндіктерінің кеңеюі, тұрғылықты жерге тәуелділіктің төмендеуі, жаһандық еңбек нарығына қолжетімділік	Аймақтар арасындағы цифрлық теңсіздік, ауылдық жерлерде цифрлық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі.
Әлеуметтік аспектілер	Онлайн курстар мен қашықтықтан оқыту платформалары арқылы білім алу және кәсіби даму мүмкіндігі..	Психоэмоционалдық жүктеменің артуы, цифрлық шаршау, жұмыс пен жеке өмір арасындағы теңгерімнің нашарлауы..

**дереккөзі негізінде автормен құрастырған [14]*

Еңбек нарығын талдаудың негізгі аспектілерінің бірі – жұмыспен қамту динамикасын зерттеу, жұмыскерлердің жалдамалы еңбек пен өзін-өзі жұмыспен қамту арасындағы бөліну үрдістерін анықтау, сондай-ақ жұмыссыздық деңгейі мен оның ұзақтығын бағалау. 2 кестеде ұсынылған деректер еңбек қызметінің құрылымындағы өзгерістерді егжей-тегжейлі зерттеуге, еңбек нарығына әсер еткен негізгі факторларды анықтауға және оның одан әрі дамуының перспективалық бағыттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанның еңбек нарығының 2014–2023 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштерін талдау жұмыспен қамтудың өсуі мен ұзақ мерзімді жұмыссыздықтың қысқаруы сияқты оң өзгерістерді, сондай-ақ мемлекет пен бизнестің қосымша шараларын талап ететін сын-қатерлерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл талдау Қазақстан еңбек нарығының даму үрдістері мен заңдылықтарын анықтауға және оны одан әрі жаңғыртудың перспективалық бағыттарын бағалауға бағытталған.

Кесте – 2

Қазақстан Республикасының еңбек нарығының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы (2014–2024 жж.)*

Кезең	Жұмыс күші, мың адам	Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мың адам	Жұмыссыздық деңгейі, %	Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %
2014	8 962,0	8 510,1	6 109,7	2 400,4	4,5	2,4
2015	8 887,6	8 433,3	6 294,9	2 138,4	4,5	2,5
2016	8 998,8	8 553,4	6 342,8	2 210,5	4,4	2,2
2017	9 027,4	8 585,2	6 485,9	2 099,2	4,4	2,2
2018	9 138,6	8 695,0	6 612,5	2 082,5	4,4	2,2
2019	9 221,5	8 780,8	6 681,6	2 099,2	4,4	2,2
2020	9 180,8	8 732,0	6 686,7	2 045,4	4,5	2,2
2021	9 256,8	8 807,1	6 710,2	2 096,9	4,5	2,1
2022	9 429,8	8 971,5	6 847,3	2 124,2	4,6	2,3
2023	9 534,1	9 081,9	6 893,4	2 188,5	4,5	1,2
2024	9 664,0	9 214,2	7 015,1	2 199,1	4,7	1,0


**дереккөзі негізінде автормен құрастырған [15]*

2 кесте негізінде жүргізілген эмпирикалық талдау 2014–2024 жылдар аралығында Қазақстанның еңбек нарығында бірқатар құрылымдық өзгерістердің орын алғанын көрсетеді. Аталған кезеңде жұмыс күшінің саны 8,96 млн адамнан 9,66 млн адамға дейін ұлғайып, жұмыспен қамтылған халықтың саны да біртіндеп артқан. Бұл өсім еңбекке қабілетті тұрғындар санының артуы мен еңбек нарығындағы белсенділіктің жоғарылауын сипаттайды.

Жалдамалы қызметкерлер санының тұрақты өсуі (6,1 миллионнан 7,0 миллион адамға дейін) еңбек қатынастарының ресмилену үрдісін және институционалдық инфрақұрылымның дамуын көрсетеді. Бұл үрдіс ресми сектордың кеңеюі мен әлеуметтік қорғау механизмдерінің жетілуімен қатар жүруде. Өз кезегінде, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының салыстырмалы түрде тұрақты болып қалуы (2,4 млн-нан 2,2 млн адамға дейін) олардың еңбек нарығындағы үлесінің азаюымен қатар жүріп, бейресми жұмыспен қамту нысандарының қысқаруын білдіреді.

Жұмыссыздық деңгейі 4,4–4,7% аралығында салыстырмалы түрде тұрақты сақталғанымен, ұзақ мерзімді жұмыссыздық көрсеткішінің 2,4%-дан 1,0%-ға дейін төмендеуі ерекше назар аударарлық. Бұл еңбек нарығының икемділік деңгейінің артқанын, яғни қызметкерлердің технологиялық және құрылымдық өзгерістерге бейімделу қабілетінің жоғарылағанын көрсетеді. Мұндай үрдістер цифрландыру жағдайында еңбек нарығының орнықтылығы мен бейімделгіштігін қамтамасыз ететін маңызды факторлар ретінде бағаланады.

1 суретте көрсетілгендей, Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2001 жылғы 10,4%-дан 2024 жылы 4,7%-ға дейін біртіндеп төмендеген. Бұл ұзақмерзімді төмендеу үрдісі елдегі экономикалық тұрақтылықтың, еңбек нарығын тиімді реттеудің, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралардың нәтижесін білдіреді. Атап айтқанда, «Еңбек» бағдарламасы, қайта даярлау жүйесі және өңірлік жұмыспен қамту орталықтарының жұмысы жұмыссыздық деңгейін бақылауда ұстауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, халықтың экономикалық белсенділігі мен ресми еңбекке тартылу деңгейінің артуы да бұл динамикаға әсер еткен.



1 – сурет. **Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейінің динамикасы (%)***

**дереккөзі негізінде автормен құрастырған [15]*

1 суретте көрсетілгендей, Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 2001 жылғы 10,4%-дан 2024 жылы 4,7%-ға дейін біртіндеп төмендеген. Бұл ұзақмерзімді төмендеу үрдісі елдегі экономикалық тұрақтылықтың, еңбек нарығын тиімді реттеудің, сондай-ақ жұмыспен қамтуды қолдауға бағытталған мемлекеттік шаралардың нәтижесін білдіреді. Атап айтқанда, «Еңбек» бағдарламасы, қайта даярлау жүйесі және өңірлік жұмыспен қамту орталықтарының жұмысы жұмыссыздық деңгейін бақылауда ұстауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, халықтың экономикалық белсенділігі мен ресми еңбекке тартылу деңгейінің артуы да бұл динамикаға әсер еткен.

Алайда, ресми статистикалық деректер еңбек нарығындағы жағдайды толық бейнелей алмайды. Олар тек тіркелген жұмыссыздарды қамтиды және бейресми секторда жұмыс істейтіндер мен толық емес жұмыспен қамтылғандарды назардан тыс қалдыруы мүмкін. Осы себепті жұмыссыздықтың төмен әрі тұрақты деңгейін еңбек нарығының нақты жағдайын көрсететін жалғыз индикатор ретінде қарастыру жеткіліксіз. Мұндай көрсеткіштерді көлеңкелі экономика, икемсіз еңбек шарттары және жұмыс күшінің сапалық құрылымымен бірге кешенді түрде талдау қажет. Тек осындай тәсіл еңбек нарығындағы шынайы үрдістерді анықтауға және цифрлық трансформация жағдайында тиімді саясат әзірлеуге мүмкіндік береді.)

Қазақстанда, көптеген басқа елдер сияқты, жұмыссыздық статистикасы ресми түрде есепке алынған адамдардың деректері негізінде қалыптастырылады. Бірақ нақты жұмыссыздық деңгейі әлдеқайда жоғары болуы мүмкін, өйткені көптеген азаматтар жұмысынан айырылғаннан кейін жұмыспен қамту орталықтарына тіркелмейді, керісінше, бейресми еңбек нарығында жұмыс істеуді жөн көреді немесе мүлдем экономикалық белсенділіктен тыс қалады. Жұмыссыздық деңгейін есептеу әдістемесі әрдайым жасырын жұмыссыздықтың түрлерін, соның ішінде жартылай жұмыспен қамтылу, уақытша жұмыс және тұрақсыз еңбек қатынастарын толық қамтымайды.

Осылайша, жұмыссыздық деңгейінің ресми түрде төмендеуіне қарамастан, нақты жағдай айтарлықтай өзгеше болуы мүмкін. Жұмыспен қамтудың жай-күйін объективті бағалау үшін тек ресми көрсеткіштерді ғана емес, сонымен қатар көлеңкелі экономиканы, стандартты емес жұмыспен қамту нысандарын және халықтың экономикалық белсенділік деңгейін зерттеуді қамтитын кешенді

талдау әдістерін қолдану қажет. Тек кешенді тәсіл ғана еңбек нарығының ағымдағы жағдайын объективті бағалауға және оны цифрлық трансформация жағдайында реттеуге арналған тиімді шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді.

2014–2024 жылдар аралығында Қазақстандағы жұмыспен қамту құрылымындағы өзгерістерді талдау еңбек нарығының трансформациялық өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді. Бұл үрдіс жұмыспен қамту қызметінің формализациясы мен әртараптандыру үдерістерін көрсетіп, цифрландыру мен экономикалық басымдықтардың өзгеруіне байланысты айтарлықтай құрылымдық өзгерістерді сипаттайды.

Қазақстан экономикасы дәстүрлі түрде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы сияқты шикізаттық салаларға сүйенеді, бұл жұмыспен қамту құрылымына да әсер етті. 2014 жылы еңбек ресурстарының айтарлықтай бөлігі дәл осы салаларда шоғырланған болатын. Соңғы онжылдықта цифрландыру мен технологиялық даму бұл құрылымға айтарлықтай өзгерістер әкелді. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп секторларындағы жұмыспен қамту үлесі тиісінше 0,9% және 0,2%-ға төмендеді. Бұл өндіріс пен аграрлық салада автоматтандыру мен техникаландыру деңгейінің өсуімен, сондай-ақ төмен білікті жұмыс күшіне сұраныстың азаюымен байланысты.

Сонымен қатар, цифрлық секторлар мен қызмет көрсету саласында айтарлықтай өсу байқалады. Ақпарат және байланыс саласындағы жұмыспен қамту 1,6%-дан 2,1%-ға дейін артса, қызмет көрсету саласының үлесі 40,4%-дан 46,8%-ға жетті. Бұл үрдіс цифрлық экономикаға бейімделудің және онлайн-сервистер мен білім беру қызметтерінің дамуымен қатар жүріп жатқанын көрсетеді. Ең елеулі өзгерістердің бірі – платформалық жұмыспен қамтудың кеңеюі, оның үлесі небәрі 0,5%-дан 5,8%-ға дейін өсті. Бұл фриланс, қашықтан жұмыс істеу және өзін-өзі жұмыспен қамту формаларының еңбек нарығында орныға бастағанын және икемді еңбек қатынастарына сұраныстың артқанын айғақтайды.

2014-2024 жылдар аралығында өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың үлесі 28,21%-дан 23,87%-ға дейін қысқарды, бұл бейресми жұмыспен қамтудың біртіндеп төмендеуін көрсетеді. Бұл үдеріс еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің күшеюі, ресми жұмыспен қамтуды қолдау тетіктерін енгізу, сондай-ақ қызметкерлердің тұрақты еңбек қатынастарын таңдауы сияқты факторлармен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жалдамалы қызметкерлердің үлесінің өсуі байқалады: 2014 жылы 71,79%-дан 2024 жылы 76,13%-ға дейін артты. Бұл үрдіс экономиканың құрылымдық өзгерістерін, корпоративтік сектордың дамуын, еңбек жағдайларының жақсаруын және қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу деңгейінің артуын көрсетуі мүмкін. Өзін-өзі жұмыспен қамту үлесінің ең айқын төмендеуі 2017-2019 жылдар аралығында тіркелді, бұл азаматтарды ресми еңбек секторына тарту бойынша белсенді шаралардың жүзеге асырылғанын білдіруі мүмкін.

2020 жылдан бастап бұл көрсеткіштер динамикасы бәсеңдей бастады, бұл еңбек нарығының тұрақтанғанын және қызметкерлердің жаңа экономикалық жағдайларға бейімделгенін көрсетеді. Жалпы, ұсынылған деректер еңбекке жарамды халықтың бір бөлігінің өзін-өзі жұмыспен қамтудан жалдамалы жұмысқа біртіндеп өтуін көрсетеді, бұл ұзақ мерзімді перспективада еңбек нарығының институционалдық негіздерін нығайтуға және оның формалдану деңгейін арттыруға ықпал етуі мүмкін.

Цифрлық трансформация және ақпараттық технологиялардың дамуы жұмыспен қамту құрылымының өзгеруіне ықпал етіп, қашықтан жұмыс істеуді қоса алғанда, еңбек қатынастарының жаңа түрлерін қалыптастыруда.

Қазақстанда бұл үдеріс біркелкі жүріп жатқан жоқ, себебі ол өңірлердегі цифрлық инфрақұрылым деңгейінің айырмашылықтарына, жоғары жылдамдықты интернеттің қолжетімділігіне, экономиканың салалық ерекшеліктеріне және бизнестің цифрлық өзгерістерге дайындығына байланысты. Осы талдаудың мақсаты – Қазақстан өңірлеріндегі қашықтан жұмыспен қамтудың таралуын зерттеу, оның дамуына әсер ететін факторларды анықтау және оның әрі қарай кеңеюіне ықпал ететін ұсыныстар әзірлеу.

Қазақстандағы жұмыспен қамту көрсеткіштерін талдау (3 кесте), қашықтан жұмыс істеу тек 0,51% құрайтынын көрсетеді, бұл икемді жұмыспен қамту түрлерінің кең таралмағанын дәлелдейді. Қашықтан жұмыс істеу деңгейі ең жоғары аймақтар Ақтөбе (2,46%), Жетісу (2,33%) және Маңғыстау (1,89%) облыстары, бұл аймақтарда әкімшілік және қызмет көрсету салаларының үлесі жоғары, ал бұл секторларда қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі көбірек. Сонымен қатар, Атырау, Батыс Қазақстан, Қызылорда және Шығыс Қазақстан облыстарында қашықтан жұмыс істеу

көрсеткіші мүлдем тіркелмеген, бұл осы өңірлердегі цифрландыру деңгейінің төмендігі мен онлайн-жұмыспен қамтудың қолжетімсіздігін көрсетеді.

Кесте – 3

2024 жылдың соңындағы Қазақстан Республикасындағы қашықтан жұмыс істеу деңгейі

Аймақтар	Жалпы жұмыспен қамтылған халық, адам	Қашықтан жұмыс істейтін халық, адам	Жалпы жұмыспен қамтылған халық ішіндегі қашықтан жұмыс істейтіндердің үлесі, %	Жеке құралдарды пайдаланатындар, %	Жұмыс берушінің құралдарын пайдаланатындар, %
Қазақстан Республикасы	9197046	46720	0,51	86,3	13,7
Абай облысы	292515	1304	0,45	100,0	0,0
Ақмола облысы	400807	360	0,09	92,2	7,8
Ақтөбе облысы	460003	11326	2,46	89,1	10,9
Алматы облысы	715833	3959	0,55	97,5	2,5
Атырау облысы	346713	-	0,00	-	-
Батыс Қазақстан облысы	337709	-	0,00	-	-
Жамбыл облысы	543407	2296	0,42	100,0	0,0
Жетісу облысы	298310	6959	2,33	100,0	0,0
Қарағанды облысы	529286	4303	0,81	98,0	2,0
Қостанай облысы	436172	1492	0,34	92,0	8,0
Қызылорда облысы	334878	-	0,00	-	-
Маңғыстау облысы	349695	6603	1,80	100,0	0,0
Павлодар облысы	390989	151	0,04	57,6	42,4
Солтүстік Қазақстан облысы	269662	824	0,31	92.0	8,0
Түркістан облысы	808995	717	0,09	43,1	56,9
Ұлытау облысы	97744	208	0,21	100,0	0,0
Шығыс Қазақстан облысы	368787	-	0,00	-	-
Астана қаласы	685500	1404	0,20	84,8	15,2
Алматы қаласы	1083784	239	0,02	100,0	0,0
Шымкент қаласы	446257	4575	1,03	10,8	89,2

**дереккөзі негізінде автомен құрастырған [15]*

Сонымен қатар, қалалардың цифрландыру деңгейі мен қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің үлесі арасында сәйкессіздік байқалады. Астана мен Алматы – елдің ең ірі экономикалық орталықтары, цифрлық инфрақұрылымы жақсы дамыған қалалар болғанына қарамастан, қашықтан жұмыс істеу көрсеткіші Астанада небәрі 0,2%, ал Алматыда 0,02% құрайды. Бұл жағдай физикалық қатысуды қажет ететін кеңсе жұмыстарының шоғырлануымен, сондай-ақ бизнес-процестердің икемді жұмыспен қамту түрлеріне бейімделуінің жеткіліксіздігімен түсіндірілуі мүмкін.

Қосымша, қалалардың цифрландыру деңгейі мен қашықтан жұмыс істейтін қызметкерлердің үлесі арасында қарама-қайшылық байқалады. Астана мен Алматы – елдің ең ірі экономикалық орталықтары, цифрлық инфрақұрылымы жақсы дамыған қалалар болғанына қарамастан, қашықтан жұмыс істеу көрсеткіші Астанада небәрі 0,2%, ал Алматыда 0,02% ғана құрайды.

Бұл жағдай кеңсе жұмыстарының жоғары шоғырлануымен, олардың көпшілігінің физикалық қатысуды талап етуімен, сондай-ақ бизнес-процестердің икемді жұмыспен қамту түрлеріне жеткілікті бейімделмеуімен түсіндірілуі мүмкін. Бұдан бөлек, қалалардағы цифрлық инфрақұрылымның жоғары даму деңгейіне қарамастан, қашықтан жұмыспен қамтудың үлесі

айтарлықтай төмен болып отыр. Бұл еңбек нарығының дәстүрлі құрылымына, сондай-ақ компаниялардың қашықтан жұмыс істеу тәжірибесін енгізуге деген консервативті көзқарасына байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, еңбек заңнамасының жеткілікті түрде икемді болмауы, қызметкерлер мен жұмыс берушілер арасындағы қашықтан жұмыс істеуге қатысты келісімдердің реттелмеуі және цифрлық еңбек дағдыларын дамытудағы теңсіздік қашықтан жұмыс істеу үлесінің төмен болуының қосымша себептері болуы мүмкін

Жұмыспен қамтудың икемді формаларының жаһандық өсіміне қарамастан, Қазақстанда қашықтан жұмыс істеудің дамуын тежейтін құрылымдық кедергілер сақталуда.

Қашықтан жұмыспен қамтудың кеңеюіне бірқатар шектеуші факторлар әсер етеді:

- Цифрлық сауаттылықтың төмендігі және қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі, әсіресе дәстүрлі жұмыспен қамту үлесі жоғары өңірлерде.
- Интернет пен цифрлық технологияларға қолжетімділіктің шектеулі болуы, әсіресе ауылдық жерлер мен шағын қалаларда.
- Экономиканың салалық құрылымы: көптеген өңірлерде өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты қашықтан жұмыс істеуге келмейтін салалар басым.
- Еңбек заңнамасының цифрлық экономика талаптарына жеткілікті бейімделмеуі және қашықтан жұмыс істеуді реттейтін нақты нормалардың болмауы.

Бұл факторлар қашықтан жұмыспен қамтудың кең таралуына кедергі келтіріп, цифрлық теңсіздікті арттыруы мүмкін, сондықтан оларды жеңу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет.

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері арасындағы өзара байланысты анықтау және олардың бір-біріне әсер ету дәрежесін бағалау мақсатында 4 кестеде ұсынылған корреляциялық талдау жүргізілді. Бұл талдау халықтың жұмыспен қамтылуына, жұмыссыздық деңгейіне және жұмыс іздеу ұзақтығына ең үлкен ықпал ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Әсіресе, жұмыссыздық деңгейі, цифрландыру үрдісі, жұмыспен қамту құрылымының өзгеруі және еңбек нарығының ұзақ мерзімді тұрақтылығы арасындағы байланыс деңгейін бағалау маңызды. Бұл көрсеткіштер еңбек нарығындағы құрылымдық өзгерістердің ұзақ мерзімді салдарын болжауға және саясатты түзетуге негіз болатын ғылыми негізделген тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Кесте – 4

Қазақстан еңбек нарығы көрсеткіштерінің корреляциялық матрицасы*

Көрсеткіштер	X1 (Жұмыспен қамтылған халық)	X2 (Жалдамалы қызметкерлер)	X3 (Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар)	X4 (Жұмыссыз халық)	X5 (Жұмыссыздық деңгейі)	X6 (Жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы)
X1 (Жұмыспен қамтылған халық)	1,00	0,99	0,94	0,21	0,15	-0,48
X2 (Жалдамалы қызметкерлер)	0,99	1,00	0,91	0,17	0,12	-0,52
X3 (Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар	0,94	0,91	1,00	0,26	0,18	-0,42
X4 (Жұмыссыз халық)	0,21	0,17	0,26	1,00	0,88	0,45
X5 (Жұмыссыздық деңгейі)	0,15	0,12	0,18	0,88	1,00	0,60
X6 (Жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы)	-0,48	-0,52	-0,42	0,45	0,60	1,00

** дереккөзі негізінде автормен құрастырған [15]*

Алынған корреляция коэффициенттері Қазақстанның еңбек нарығына цифрлық трансформацияның қалай әсер ететінін тереңірек талдауға, сондай-ақ жұмыспен қамту және

кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты түзетуді қажет ететін бағыттарды анықтауға мүмкіндік береді.

Корреляциялық матрица еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері арасындағы байланыс деңгейін анықтауға көмектеседі, олардың өзара әрекеттесуінің бағыттарын және ықтимал тәуелділіктерін көрсетеді.

1. Жұмыспен қамту мен еңбек нарығының формализациясы арасындағы байланыс. Жұмыспен қамтылған халық саны (X1) мен жалдамалы жұмысшылар саны арасындағы жоғары оң корреляция (r=0,99) Қазақстандағы еңбек нарығының негізінен формалды сипатта екенін растайды. Бұл еңбек нарығының тұрақтылығын және бейресми жұмыспен қамту үлесінің төмендегенін көрсетеді, бұл өз кезегінде жұмысшылардың әлеуметтік қорғалуына оң әсер етеді. Дегенмен, цифрландырудың жоғары деңгейі мен платформалық экономиканың дамуы икемді жұмыспен қамту нысандарының өсуіне ықпал етуі мүмкін, бұл еңбек заңнамасын жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеуді талап етеді.

4. Цифрландыру және өзін-өзі жұмыспен қамту. Жалдамалы жұмысшылар саны (X2) мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар саны (X3) арасында жоғары оң корреляция анықталды (r=0,91), бұл екі көрсеткіштің параллель дамып келе жатқанын көрсетеді. Бұл еңбек нарығының құрылымдық өзгерістерінің формализацияланған және бейресми секторлардың өзара байланысына әсер ететінін білдіреді. Алайда, цифрландыру деңгейі мен өзін-өзі жұмыспен қамтылғандар саны арасындағы теріс корреляция дәстүрлі кәсіпкерлік нысандарының бәсекеге қабілетті цифрлық платформалармен біртіндеп ығыстырылып жатқанын көрсетеді.

5. Жұмыссыздық пен цифрлық өзгерістер арасындағы байланыс. Жұмыссыздық деңгейі (X5) жұмыссыздар саны (X4) арасында жоғары оң корреляцияны көрсетеді (r=0,88), бұл күтілетін нәтиже болып табылады. Дегенмен, жұмыссыздық деңгейі мен жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы (X6) арасындағы орташа байланыс (r=0,60) цифрлық трансформацияның кейбір жұмысшылар үшін ұзағырақ бейімделу кезеңін талап ететінін көрсетеді. Бұл құбылыс цифрлық экономиканың жаңа талаптарына сәйкес келмейтін біліктілік дағдыларымен байланысты болуы мүмкін, бұл өз кезегінде қайта даярлау бағдарламаларын күшейтудің маңыздылығын растайды.

6. Цифрландыру және жұмыссыздық ұзақтығы. Жұмыссыздықтың орташа ұзақтығы (X6) мен жалдамалы жұмысшылар саны (X2) (r=−0.52), сондай-ақ жұмыспен қамтылған халық саны (X1) (r=−0.48) арасында теріс корреляция анықталды. Бұл жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің артуы жағдайында жұмыс іздеу кезеңінің қысқаратынын көрсетеді. Мұндай үрдіс еңбек нарығының икемділігін және жұмыс күшін секторлар арасында салыстырмалы түрде жылдам қайта бөлу мүмкіндігін айқындайды. Алайда, қайта даярлау жүйесіндегі кедергілер бұл әсерді шектей алады, әсіресе дәстүрлі салалардағы жұмысшылар арасында. Сонымен қатар, цифрландыру мен жұмыссыздық деңгейі арасында орташа оң корреляция байқалады, бұл еңбек нарығының цифрлық трансформациясы сұраныс пен жұмыс күшінің ұсынысы арасындағы уақытша теңгерімсіздіктермен қатар жүретінін көрсетеді.

Корреляциялық матрица Қазақстан еңбек нарығына цифрлық трансформацияның екі жақты әсерін растайды. Бір жағынан, ол ресми жұмыспен қамтудың өсуіне және көлеңкелі сектордың қысқаруына ықпал етіп, жоғары технологиялық салаларда жаңа жұмыс орындарын қалыптастырады. Екінші жағынан, бұл еңбек құрылымының өзгеруіне әкеліп, жоғары білікті мамандарға сұранысты арттырып, төмен білікті еңбекке деген қажеттілікті азайтады.

Алынған нәтижелер цифрландыру жағдайында тек жаңа жұмыс орындарын құру ғана емес, сонымен қатар еңбек нарығындағы құрылымдық теңгерімсіздікті барынша азайту үшін кадрларды қайта даярлау жүйесін дамыту маңызды екенін көрсетеді. Мемлекеттік саясат икемді жұмыспен қамту нысандарын қолдауға, цифрлық білім беруге қолжетімділікті кеңейтуге және дәстүрлі түрде жұмыс істейтін қызметкерлерді цифрлық экономикаға тартуға ынталандыру шараларын әзірлеуге бағытталуы тиіс.

Қорытынды. Анықталған үрдістер экономика талаптарының өзгеруіне бейімделуге қабілетті кадрларды даярлау жүйесін жетілдірудің, сондай-ақ стандартты емес жұмыспен қамту нысандарын реттеу механизмдерін әзірлеудің қажеттілігін көрсетеді. Цифрлық мамандықтар мен икемді жұмыс форматтарының кеңеюі еңбек заңнамасының бейімделуін және кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын кеңейтуді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек нарығының тұрақтылығы білім беру жүйесінің жаңа сын-қатерлерге жедел ден қою қабілетіне, сондай-ақ цифрлық

кәсіпкерлік пен инновациялық дамуға жағдай жасауға бағытталған мемлекеттік бастамаларға байланысты болады.

Жаһандық цифрландыру мен экономикалық трансформация жағдайында жұмыспен қамтуды формализациялау, қызметкерлерді әлеуметтік қорғау, жастарды еңбек нарығына бейімдеу, сондай-ақ жұмыс күшінің икемділігі мен ұтқырлығын арттыру мәселелері барған сайын маңызды бола түсуде.

Корреляциялық матрицаны талдау негізінде Қазақстанның еңбек нарығы салыстырмалы тұрақтылықты көрсететіні анықталды, алайда цифрлық трансформациямен байланысты бірқатар сын-қатерлер бар. Негізгі тәуекелдер автоматтандыруға, біліктілігі төмен қызметкерлер үшін жұмыс іздеу мерзімінің ұлғаюына және білім беру жүйесін бейімдеу қажеттілігіне байланысты. Еңбек нарығының тұрақтылығын арттыру үшін келесі шараларды жүзеге асыру қажет: қайта даярлау және цифрлық оқыту бағдарламаларын кеңейту; жұмыспен қамтудың икемді нысандарына (фриланс, платформалық экономика) бейімделген заңнаманы әзірлеу; аймақтық цифрлық теңсіздікті азайту арқылы тең жұмыспен қамту мүмкіндіктерін қамтамасыз ету.

Жүргізілген эконометрикалық талдау Қазақстанда цифрлық трансформация еңбек нарығына күшті әсер ететінін, жоғары технологиялық секторларда жаңа жұмыс орындарының құрылуына және жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ықпал ететінін растады. Алайда, бұл процесс автоматтандырумен және дәстүрлі жұмыс орындарының қысқаруымен байланысты құрылымдық өзгерістермен қатар жүреді.

Цифрландыру жағдайында еңбек нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік саясаттың мақсатты шараларын іске асыру қажет:

1. Цифрлық білім беру мен кәсіби қайта даярлауды дамыту – цифрлық экономиканың талаптарына сәйкес бағдарламаларды енгізу.

2. Өзін-өзі жұмыспен қамтығандарды және фрилансерлерді қолдау механизмдерін құру – цифрлық сала қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға арналған заңнаманы жаңғырту.

3. Инновациялық кәсіпкерлік пен стартаптарды ынталандыру – цифрлық компанияларға салықтық жеңілдіктер мен субсидиялар беру.

4. Аймақтарда цифрлық инфрақұрылымды дамыту – цифрлық технологиялар мен қашықтан жұмыс істеуге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету.

5. Дәстүрлі салалардағы қызметкерлерді қайта даярлау арқылы қолдау – жұмыстан босатылған жұмысшылар үшін мемлекеттік жұмыспен қамту бағдарламаларын әзірлеу.

Осылайша, егер жұмыс күшін жаңа экономикалық жағдайларға бейімдеуге бағытталған кешенді шаралар жүзеге асырылса, цифрландыру Қазақстанның еңбек нарығының тұрақты дамуының драйверіне айнала алады.

Цифрлық трансформация еңбек нарығына екіұшты әсер етеді. Бір жағынан, ол еңбек өнімділігінің өсуіне, жоғары технологиялық секторларда жаңа жұмыс орындарының құрылуына және икемді жұмыспен қамту нысандарының дамуына ықпал етеді. Екінші жағынан, автоматтандыру мен жасанды интеллектті енгізу дәстүрлі салалардағы жұмыс орындарының жойылуына әкеліп, технологиялық жұмыссыздықтың артуына және әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне себеп болуы мүмкін.

Бұл мақала «Экономиканы цифрландыру жағдайында еңбек нарығы мен білім беру жүйесінің теңгерімді өзара іс – қимылын қамтамасыз ету тетігі» (қаржыландыру көзі - ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті) AP19676438 гранттық жобасы шеңберінде жарияланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Smith A. An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations. W.Strahan and T. Cadell. – 1776. – URL: https://www.econlib.org/library/Smith/smWN.html

2. Keynes J.M. The General Theory of Employment, Interest, and Money. Macmillan. – 1936. – URL:https://www.files.ethz.ch/isn/125515/1366_keynestheoryofemployment.pdf

3. Brynjolfsson E., & McAfee A. The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies. W.W. Norton & Company. – 2014. – URL: http://digamo.free.fr/brynmacafee2.pdf

4. Becker G.S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis, with Special Reference to Education. University of Chicago Press. – 1964.

5. North D.C. Institutions, Institutional Change and Economic Performance. Cambridge University Press. – 1990. – URL:https://books.google.kz/books/about/Institutions_Institutional_Change_and_Ec.html?id=oFnWbTqgNPYC&redir_esc=y

6. Autor D. Work of the Past, Work of the Future//AEA Papers and Proceedings. – 2019. – №109. – P. 1–32. – doi.org/10.1257/pandp.20191110

7. Williamson O.E. The New Institutional Economics: Taking Stock, Looking Ahead//Journal of Economic Literature. – 2000. – №38(3). – P. 595–613. – doi.org/10.1257/jel.38.3.595

8. World Economic Forum. The Future of Jobs Report 2023. Geneva: WEF. – URL: https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023

9. OECD Employment Outlook. Artificial Intelligence and the Labour Market. – 2023. – URL: https://www.oecd.org/en/publications/oecd-employment-outlook-2023_08785bba-en.html

10. EU Program «Digital Skills and Jobs Coalition». – URL: https://digital-skills-jobs.europa.eu/en/about/digital-skills-and-jobs-coalition

11. Acemoglu D., & Restrepo P. Automation and New Tasks: How Technology Displaces and Reinstates Labor//Journal of Economic Perspectives. – 2022. – №33(2). – P. 3–30. – doi.org/10.1257/jep.33.2.3

12. Ванкевич Е.В., Зайцева О.В. Рынок труда Беларусь: развитие в условиях современных вызовов//Белорусский экономический журнал. – 2024. – №3. – С. 80–94

13. Рахметулина Ж.Б., Урекешова А.Б., Айдарова А.Б. Рынок труда в условиях цифровизации//Вестник университета «Туран». – 2022. – №4. – С. 130–142. – doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-130-142

14. Национальный доклад «Рынок труда Казахстана: на пути к цифровой реальности». Министерство труда и социальной защиты населения Республики Казахстан. URL: https://erdo.enbek.kz/news/241.

15. Основные индикаторы рынка труда Казахстана – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/dynamic-tables/

REFERENCES

1. Smith A. An Inquiry into the Nature and Causes of the Wealth of Nations. W.Strahan and T. Cadell. – 1776. – URL: https://www.econlib.org/library/Smith/smWN.html

2. Keynes J.M. The General Theory of Employment, Interest, and Money. Macmillan. – 1936. – URL:https://www.files.ethz.ch/isn/125515/1366_keynestheoryofemployment.pdf

3. Brynjolfsson E., & McAfee A. The Second Machine Age: Work, Progress, and Prosperity in a Time of Brilliant Technologies. W.W. Norton & Company. – 2014. – URL: http://digamo.free.fr/brynmacafee2.pdf

4. Becker G.S. Human Capital: A Theoretical and Empirical Analysis, with Special Reference to Education. University of Chicago Press. – 1964.

5. North D.C. Institutions, Institutional Change and Economic Performance. Cambridge University Press. – 1990. – URL:https://books.google.kz/books/about/Institutions_Institutional_Change_and_Ec.html?id=oFnWbTqgNPYC&redir_esc=y

6. Autor D. Work of the Past, Work of the Future//AEA Papers and Proceedings. – 2019. – №109. – P. 1–32. – doi.org/10.1257/pandp.20191110

7. Williamson O.E. The New Institutional Economics: Taking Stock, Looking Ahead//Journal of Economic Literature. – 2000. – №38(3). – P. 595–613. – doi.org/10.1257/jel.38.3.595

8. World Economic Forum. The Future of Jobs Report 2023. Geneva: WEF. – URL: https://www.weforum.org/reports/the-future-of-jobs-report-2023

9. OECD Employment Outlook. Artificial Intelligence and the Labour Market. – 2023. – URL: https://www.oecd.org/en/publications/oecd-employment-outlook-2023_08785bba-en.html

10. EU Program «Digital Skills and Jobs Coalition». – URL: https://digital-skills-jobs.europa.eu/en/about/digital-skills-and-jobs-coalition

11. Acemoglu D., & Restrepo P. Automation and New Tasks: How Technology Displaces and Reinstates Labor//Journal of Economic Perspectives. – 2022. – №33(2). – P. 3–30. – doi.org/10.1257/jep.33.2.3

12. Vankevich E., Zajceva O. Rynok truda Belarus': razvitie v usloviyah sovremennyh vyzovov [Labor Market in Belarus: Development Amid Contemporary Challenges]//Belorusskij ekonomicheskij zhurnal. – 2024. – №3. – S. 80–94 [in Russian].

13. Rahmetulina Zh., Urekeshova A., Ajdarova A. Rynok truda v usloviyah cifrovizacii [Labour Market in the Context of Digitalization]. Vestnik universiteta «Turan». – 2022. –№4. – S. 130–142. – doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-4-130-142. [in Russian].

14. Nacional'nyj doklad «Rynok truda Kazahstana: na puti k cifrovoj real'nosti». – [National Report "Kazakhstan's Labor Market: Towards a Digital Reality"]. – 2022. – URL: erdo.enbek.kz/news/241 [in Russian].

15. Osnovnye indikatory rynka truda Kazahstana [Key Indicators of the Labour Market in Kazakhstan] – URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/labor-and-income/stat-empt-unempl/dynamic-tables/[in Russian].

Арынова З.А.

РЫНОК ТРУДА КАЗАХСТАНА В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ: СТРУКТУРНЫЕ ИЗМЕНЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ

Аннотация

В статье рассматриваются процессы цифровой трансформации, оказывающие влияние на рынок труда Казахстана. Анализируются ключевые тенденции и закономерности, связанные с изменением структуры занятости, развитием гибких форм трудовых отношений, а также ростом спроса на цифровые компетенции. Особое внимание уделено вызовам, связанным с технологической безработицей, региональным диспропорциям в уровне цифровизации и адаптации системы образования к новым требованиям рынка труда.

В работе использованы методы корреляционного анализа, что позволило выявить взаимосвязь между темпами внедрения цифровых технологий и динамикой занятости. Установлено, что цифровизация способствует созданию новых рабочих мест в сфере информационных технологий, однако одновременно ведет к сокращению традиционных профессий, требующих рутинных операций. Отмечено, что неравномерное распространение цифровых технологий приводит к усилению региональных диспропорций, что затрудняет адаптацию рабочей силы к новым условиям.

На основе полученных данных предложены рекомендации по формированию адаптационных механизмов, направленных на обеспечение устойчивости рынка труда в условиях цифровой экономики. В статье выделены ключевые направления государственной и корпоративной политики, способствующие сокращению цифрового неравенства, развитию профессиональных навыков и стимулированию инновационного предпринимательства. Особое внимание уделено вопросам совершенствования системы профессионального образования и переквалификации работников для эффективной интеграции в цифровую экономику.

Результаты исследования могут быть использованы при разработке стратегий государственной политики в области занятости и цифрового развития, а также при формировании программ поддержки работников в условиях технологических изменений.

Arynova Z.

KAZAKHSTAN'S LABOR MARKET IN THE ERA OF DIGITALIZATION: STRUCTURAL CHANGES AND DEVELOPMENT PROSPECTS

Annotation

The article examines the processes of digital transformation affecting Kazakhstan's labor market. It analyzes changes in employment structure, the development of flexible forms of labor relations, and the growing demand for digital skills. Special attention is given to the rise of technological unemployment, regional disparities in digitalization levels, and the adaptation of the education system to new labor market requirements.

The study employs correlation analysis methods to identify the relationship between the pace of digital technology adoption and employment dynamics. It has been established that digitalization contributes to the creation of new jobs in the IT sector, while simultaneously leading to the reduction of routine professions. Additionally, the uneven distribution of digital technologies across regions exacerbates regional inequalities, making workforce adaptation more challenging.

Based on the findings, recommendations have been proposed to develop adaptive mechanisms aimed at ensuring labor market stability in the digital economy. The article highlights key directions of state and corporate policies aimed at reducing digital inequality, developing professional skills, and fostering innovative entrepreneurship. Special attention is also given to the improvement of vocational education and retraining programs, ensuring more effective integration of workers into the digital economy.

The research findings can be utilized in the development of national employment and digital development strategies, as well as in the design of worker support programs in the face of technological changes.



DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).33
ӘОЖ 338.00136
ҒТАМР 06.58.55, 06.81.55, 06.39.41

А.К. Қажмұратова, э.ғ.к., аға оқытушы[1]
Ж.Е. Какитаева, PhD докторанты [1]
Ж.М. Тымбаева, э.ғ.к., қауымд. профессор[2]
Д.О. Сатыбалдиева*, PhD, қауымд. профессор[2]
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы қ., Қазақстан[1]
Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан[2]
* негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: d.satybaldiyeva@satbayev.university

Y ЖӘНЕ Z ҰРПАҚТАРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ТҰТЫНУДАҒЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Әлемдегі қоршаған орта ахуалының жыл өткен сайын нашарлауы адамдардың тұтынушылық іс-әрекетімен тығыз байланыста қарастырылады. Сондықтан да жауапты тұтыну тұжырымдамасы кеңінен талқылануда. Бұл мақалада Қазақстандағы Y және Z буын өкілдерінің тұрақты тұтынушылық мінез-құлқы зерттеліп, олардың тұрақты тұтынуға қатынасы мен тәжірибесі сарапталады. Зерттеудің сандық және салыстырмалы әдістеріне сүйене отырып, 197 респондентке онлайн сауалнама жүргізілді, оның ішінде Y буынының 101 өкілі және Z буынының 96 өкілі. Y буыны тұрақты тұтынуда біршама артық көрсеткіштерге ие болғанымен, екі ұрпақ та су мен электр энергиясын үнемдеуге басымдық береді. Z буыны экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі өндірістік және қайта өңдеу компанияларының рөліне көбірек көңіл бөледі. Зерттеу тұрақты тұтынуды ілгерілетудің мақсатты стратегияларын әзірлеу үшін тұтынушылардың мінез-құлқындағы ұрпақтық айырмашылықтарды түсінудің маңыздылығын көрсетеді.

Мақалада сонымен қатар БҰҰ-ның 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму мақсаттары, әсіресе ТДМ 12 «жауапты тұтыну мен өндіріс» және ТДМ 13 «климаттың өзгеруіне қарсы күрес» шеңберінде қарастырылған міндеттерге тоқталып өтіледі. Тұрақты тұтынуға көшу – тек экологиялық емес, сонымен бірге экономикалық және басқарушылық мәселе ретінде де қарастырылады. Бұл бағытта үкімет, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы тиімді әріптестік маңызды рөл атқарады.

Кілт сөздер: *тұрақты тұтынушылық мінез-құлық, Y және Z буыны, тұрақты даму мақсаттары, тұрақты экономика, сандық зерттеу*

Ключевые слова: *устойчивое потребление, потребительское поведение, поколения Y и Z, цели устойчивого развития (ЦУР), устойчивая экономика, количественное исследование.*

Keywords: *sustainable consumption, consumer behavior, generations Y and Z, Sustainable Development Goals (SDGs), sustainable economy, quantitative research.*

JEL classification: M31, J11, D11

Кіріспе. Соңғы жылдары экологиялық мәселелердің артуы адамзатты алаңдатып отыр. Қоршаған ортаның ластануы – әлемнің көптеген елдерінде шешілуі қиын мәселелердің бірі. Бұл мәселе БҰҰ-ның [1] көптеген бағдарламаларында көрініс тапты және 2015 жылдың 25 қыркүйегінде әлемдік көшбасшылардың кездесуінде 2030 жылға дейінгі Тұрақты даму күн тәртібі қабылданды. Онда теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы күрес, кедейлікті жою, климаттың өзгеруі мен ластанудың алдын алу мәселелер секілді 17 тұрақты дамудың мақсаттарын (ТДМ) қамтылады. Олардың ішінде ТДМ 12 «Жауапты тұтыну және өндіріс» және ТДМ 13 «Климаттың өзгеруіне қарсы күрес» қоршаған ортаны қорғауға бағытталған. Тұрақты даму мақсаттарын іске асыру бойынша жұмыс Қазақстанда да жүргізілуде. ҚР Ұлттық Статистика бюросының мәліметтеріне сәйкес өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу мен кәдеге жарату, химиялық заттар мен барлық қалдықтардың адам денсаулығы мен қоршаған ортаға теріс әсерін мүмкіндігінше азайтуды көздеген шаралар нәтижесінде 2016 жылдан бастап 2020 жылға дейін қауіпті қалдықтардың пайда болуы жан басына шаққанда 8,51 тоннадан 7,40 тоннаға дейін төмендеген [2]. Дубайдағы Климат жөніндегі Дүниежүзілік саммитте Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Бәріміз Жер шарын сақтауға және баршаға ортақ орнықты даму мақсаттарын қамтамасыз етуге жауаптымыз» деп атап өтіп, экологиялық проблемаларды бірлесіп шешудің маңыздылығын көрсетті [3].

Экологияның аса қатты зардап шегуінің ең басты тікелей себебі адамдардың тұтынуымен байланыстырылады. Қызметтер мен тауарларды тұтыну адамдардың өмір салтын өзгертіп қана қоймай, табиғи ресурстар мен экожүйелердің сарқылуына теріс әсер етті [4]. Сондықтан да қоршаған ортаның мәселелерін шешу жолы ретінде тұтынушылардың тұрақты тұтыну қағидаларын ұстануын ынталандыру ұсынылады. Тұтынушылар сатып алушы ретінде таңдау жасау және саналы тұтынушылық мінез-құлық арқылы тұрақты дамуға айтарлықтай үлес қоса алады. Алайда олардың осы мінез-құлықты ұстануына ықпал ететін факторларды анықтау өте маңызды. Тұтынушылардың тұтынушылық сипаттамаларын зерттеу және олардың тұтынудағы мінез-құлқы мен әдеттерін талдау өте маңызды.

Тұтынушылардың тұтынушылық сипаттамаларын қарастырудағы маңызды факторлардың бірі – олардың жас ерекшеліктері. Әр түрлі жастағы тұтынушылардың тауарлар мен қызметтерді сатып алу мен пайдаланудағы өзгешеліктерін түсіндіруде Н. Хоув мен В.Шварцтың «Ұрпақтар теориясы» жиі қолданылады. Яғни, бір кезеңде туылған адамдардың құндылықтары мен көзқарастары ұқсас, өйткені олар бірдей тарихи кезеңдерді бастан өткерді және осы теорияға сәйкес бумерлер, X, Y және Z [5] (Strauss & Howe, 1991) сияқты ұрпақтар белгілі. Қазіргі уақытта Қазақстанның еңбек нарығында Y буынының өкілдері белсенді еңбек етуде, ал Z буынының жастарының алды қазірдің өзінде еңбек нарығында болса, ал соңғылары мектеп жасында. Батыс елдерінде ұрпақтардың өмір салтын, көзқарасын және тұтыну үлгілерін салыстыратын зерттеулер кеңінен жүргізілуде. Қазақстан үшін үлкен мақсаттары бар ел ретінде және цифрлық технологиялар мен интернет ғасырында тұтынушылардың айырмашылықтары мен ұқсастықтарын зерделеу өте маңызды болады.

Бұл мақаланың негізгі мақсаты – елдегі Y және Z ұрпақтарының тұрақты тұтынушылық мінез-құлқын талдау, олардың тұрақты тұтынушылық мінез-құлқы ерекшеліктерін саралау және саналы тұтынуға көшу әлеуетін бағалау. Зерттеу сипаттамалық, салыстырмалы және жүйелік әдістерге негізделді. Сипаттамалық тәсіл респонденттердің экологиялық тұтыну тәжірибесі мен көзқарастарының ағымдағы күйін сипаттауға мүмкіндік берді. Салыстырмалы әдіспен олардың тұрақты тұтыну мәселелеріндегі мінез-құлық айырмашылықтары мен ұқсастықтары зерттелді. Жүйелік әдіс пәнаралық зерттеулерде кеңінен қолданылады. Бұл әдіс себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға және олардың шығу тегін анықтауға көмектеседі.

Әдебиеттік шолу. Соңғы жылдары бүкіл әлемде тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейі жылдам қарқынмен өсуде. Ғалымдар Жер ресурстары шектеулі және қалпына келмейтінін ескертуде. 2050 жылға қарай Жер халқы 9,6 миллиард адамға жетуі мүмкін деген болжам бар. Егер әлемдегі халық саны осы деңгейге жетсе, онда қазіргі өмір салтында қолданылатын ресурстарды қамтамасыз ету үшін үш планета қажет болады [6] (БҰҰ, 2023). Сондықтан E.Kostadinova еңбегінде атап көрсетілгендей қазіргі жағдайды ескере отырып, тұтынушылық мінез-құлықты өзгерту және саналы тұтынуға көшу қажеттілігі туындайды [7]. Тұрақты тұтынушылық мінез-құлық - бұл тұтынушылардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға және әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа ықпал етуге бағытталған саналы шешімдері мен әрекеттері. Яғни, Luchs et al. еңбегінде бұл жер мен болашақ ұрпақтың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық қажеттіліктерін теңестіруге тырысатын мінез-құлық түрі деп көрсетіледі [8]. Адамның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсері барған сайын айқын бола бастағанда, өмірдің барлық салаларында, соның ішінде тұтынуда тұрақты тәжірибенің қажеттілігі туралы хабардарлық артып келеді.

Тұрақты тұтынушылық мінез-құлық бірнеше себептерге байланысты маңызды. Біріншіден, бұл қоршаған ортаны сақтауға ықпал етуі мүмкін. Тұтынушылар күнделікті өмірде қолданатын көптеген тауарлар мен қызметтер қоршаған ортаға теріс әсер етеді, мысалы, тұрмыстық қалдықтар шығарындылары, ормандарды кесу және судың ластануы. Экологиялық таза тауарлар мен қызметтерді таңдау арқылы тұтынушылар бұл әсерді азайтуға және болашақ ұрпақ үшін табиғи ресурстарды сақтауға көмектеседі. Екіншіден, тұтынушылардың тұрақты мінез-құлқы әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа ықпал етуі мүмкін. Тұтынушылар пайдаланатын көптеген тауарлар эксплуатациялық еңбек әдістерін қолдана отырып өндіріледі немесе табыс теңсіздігіне ықпал етеді. Әділ еңбекті пайдаланатын тауарларды таңдау арқылы тұтынушылар әлеуметтік әділеттілік пен экономикалық тұрақтылыққа ықпал ете алады. Үшіншіден, тұтынушылардың тұрақты мінез-құлқы тұрақты экономиканы құруға көмектеседі. Тұрақты өнімдер мен қызметтер өндірісінің ұлғаюы жаңа экономикалық мүмкіндіктер мен жұмыс орындарын құрып, инновациялар мен кәсіпкерлікті ынталандыруы мүмкін.

Ұрпақтар теориясы. Ұрпақтар әр 20-25 жыл сайын ауысады, бір кезеңдегі адамдар әлеуметтік, саяси және экономикалық оқиғаларды бірге бастан кешіретіндіктен, олардың көзқарастары мен мінез-құлқы ұқсас болады. Strauss & Howe еңбегінде [5] барлығы бес ұрпақ қарастырылады: үнсіздік буыны, бумерлер, X буыны, Y буыны және Z буыны. Бұл мақалада Y буыны және Z буыны қарастырылады. Fromm мен Read-тың еңбектерінде көрсетілгендей [9] Y буынына 1979-1995 жж. және Z буынына 1996-2010 жж. аралығында туған адамдарды жатқызады. Mckinzey&Company [10] зерттеуінде, 2025 жылға қарай Z буыны Азия-Тынық мұхиты тұрғындарының 25%-н құрайтынын атап көрсеткен. ҚР Еңбек министрлігінің 2022 жылғы есебіне сәйкес, қазіргі уақытта Қазақстанда жұмыс күшінің 60% Y буыны немесе Миллениалдар мен Z буыны құрайды [11], 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 80% жетеді деп болжануда [12]. Экономикалық тұрғыдан алғанда, бұл тұтынушылардың өте үлкен санаты. Сондықтан, алдағы жылдары осы тақырыптағы зерттеулердің өзектілігі мен маңыздылығы артады. Өмірге белсене араласа бастаған жаңа буын бұрынғы буыннан ерекшеленеді, өйткені олар ерте жастан бастап интернет және әлеуметтік медиамен таныс. Интернет пен цифрлық коммуникацияның қарқынды өсуі адамдардың тұтынушылық мінез-құлқында да айтарлықтай өзгерістерге әкелді.

Y Буыны. Wiedmer [13] айтуы бойынша, бұл ұрпақтың өкілдері мыңжылдықтың соңында туылғандықтан, олар «мыңжылдықтар» және «интернет буыны» сияқты атауларға ие болды. Аталған буын өкілдері жаңа технологиялар мен интернетке қатысты мәселелерде өте қабілетті. Larson et al [14] мыңжылдықтардың өздерінен бұрынғыларға қарағанда білімді екенін атап өтті.

Z Буыны. Z буыны туралы Philip&Garcia қолданыстағы әдебиеттерде оларды «iGeneration» [15], «цифрлық аборигендер», «нағыз ұрпақ», «iGens», «centennials» немесе «postmillennials» деп атайды. Тағы бір маңызды аспект - iGen туралы қазіргі әдебиеттердің көпшілігі олардың мінез-құлқына бағытталған. Зерттеушілер олардың айрықша ерекшеліктерін атап өтеді - олар техника мен технологияны еркін меңгереді, әртүрлі қолданбаларды еш қиындықсыз пайдаланады, әлеуметтік желілер арқылы қоғамға бейімделеді, онлайн сатып алуға көбірек көңіл бөледі және тұрақты ойын-сауықты іздейді.

Негізгі бөлім. Зерттеу келесі негізгі сұрақтарға жауап беруді көздеді:

RQ1: Y және Z ұрпақтарының тұрақты тұтыну туралы түсінігі мен маңыздылығы қандай деңгейде?

RQ2: Екі ұрпақтың тұтынушылық мінез-құлқында қандай айырмашылықтар бар? Сәйкесінше, келесі гипотезалар ұсынылды:

H1: Y ұрпағы саналы тұтынуға Z ұрпағына қарағанда көбірек бейім.

H2: Z ұрпағы тұрақты дамудағы өндіруші компаниялардың рөлін көбірек бағалайды.

Зерттеу құралы ретінде онлайн сауалнама пайдаланылды. Сауалнама Google Forms платформасында әзірленіп, әлеуметтік желілер мен email арқылы таратылды.

Сауалнамада келесі бөлімдер қамтылды:

Демографиялық мәліметтер (жасы, жынысы, кәсібі, білімі); Тұрақты тұтынуға көзқарас (Likert шкаласы: 1 – мүлде келіспеймін, 5 – толық келісемін); Экологиялық іс-әрекеттер (қалдық сұрыптау, су/энергия үнемдеу, жауапты сатып алу); Тараптардың рөліне баға беру (тұтынушы – мемлекет – өндіріс).

Сауалнама алдын ала 3 адаммен тестілеуден өтіп, түсініксіз сұрақтар нақтылап түзетілді. Іріктеу әдісі ретінде ыңғайлы іріктеу (convenience sampling) пайдаланылды. Барлығы 197 респонденттің жауабы қабылданды:

- Y ұрпағы – 101 респондент,
- Z ұрпағы – 96 респондент.

Жиналған деректер Microsoft Excel бағдарламасында өңделіп, талдау келесі әдістермен жүргізілді: жиілік және пайыздық үлестер (frequency analysis) және кросс-кестелер және диаграммалар арқылы салыстыру (cross-tabulation). Респонденттер нақты жас шамалары белгіленген екі ұрпақтың ғана өкілдері болғандықтан нәтижелерді тұтынушылардың барлық категориясына жалпылауға болмайды. Сауалнамаға қатысушылардың барлығы өз еркімен жауап берген, сондықтан бұл әлеуметтік қалаулы жауаптар ықтималдығын тудыруы ықтимал.

Сауалнамаға қатысқандардың демографиялық құрамы келесідей:


Кесте – 1

Z және Y ұрпақтары респонденттерінің демографиялық құрамы

	Z	Y
Жасы		
	96	101
16-22	65	
23-28	31	
29-35		52
36-45		49
Жынысы		
Ер	56	59
Әйел	40	42
Кәсібі		
Студент	60	2
Жұмыста	35	94
Жұмыссыз	1	5
Білімі		
Орта білім	11	8
Бакалавр	71	76
Бакалаврдан жоғары	14	17

**сауалнама негізінде авторлармен құрастырылған*


Адамдардың қоршаған ортаға теріс әсері мен әсерін анықтау үшін екі ұрпақтың өкілдеріне «адамдар қоршаған ортаға үлкен зиян келтіреді және қоқыс мәселесі жыл сайын нашарлайды деген пікірмен қаншалықты келісесіз» деген сұрақ қойылды (сурет. 1). Z және Y респонденттерінің 78% және 83% сәйкесінше бұл мәлімдememен толық келісетіндерін айтты. Y өкілдерінің 2% - ы адамның қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерімен толық келіспейді.



Сурет – 1. **Адамның қоршаған ортаға теріс әсері**


**авторлармен есептеулер негізінде жасалған*

Адамдардың саналы тұтынушылық мінез-құлқының маңыздылығы туралы сұраққа (сурет 2) Z респонденттерінің 50% - ы «маңызды» және 60% - ы «өте маңызды» деп жауап берді, ал Y буынының өкілдері 25% «маңызды» және 75% «өте маңызды» деп жауап берді. Яғни, Y респонденттері Z респонденттеріне қарағанда саналы тұтынудың маңыздылығын жоғары бағалайды.




Сурет – 2. **Тұрақты тұтынушылық мінез-құлыққа көзқарастары**
** авторлармен есептеулер негізінде жасалған*

Тұтынушылардың тұрақты мінез-құлқының жарқын көрінісі тұтынушылардың тұрмыстық қалдықтарды (пластик, металл, шыны және қағаз) сұрыптауы болуы мүмкін. Осыған байланысты Y респонденттерінің 30 % - ы мен Z өкілдерінің 25% - ы тұрмыстық қалдықтарды сұрыптамайтыны белгілі болды. Z ұрпақ арасында экологиялық құндылықтарды мойындау жоғары болғанымен, нақты тұтынушылық тәжірибе бұл құндылықтармен әрдайым сәйкес келмейді. [16] Сондықтан да бұл көрсеткіштер одан әрі зерттеуді қажет ететін сұрақтарды қамтиды, яғни сұрыптаудың өте төмен көрсеткіші сұрыптауға жағдайдың жасалмауы немесе сұрыптауға күмәнмен қарау секілді факторларды талдауды қажет етеді.




Сурет – 3. **Тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау**
** авторлармен есептеулер негізінде жасалған*

Тұтынушылардың су мен электр энергиясын үнемді пайдалануы да тұрақты тұтынушылық мінез-құлықты білдіреді. Осыған байланысты екі ұрпақтың көрсеткіштерінің мәні өте жақын, яғни тұтынушылардың басым көпшілігі су мен электр энергиясын үнемі және жиі үнемдеуге тырысады. Екі ұрпақ өкілдерінің де басым көпшілігінің ең басты жер ресурстары – су мен энергияны үнемдеуге деген оң көзқарастары тұрақты тұтынушылық қатынастың ең маңызды қадамдарының бірі болып табылады.



Сурет – 4. **Су мен энергияны үнемдеуге талпыныс**
** авторлармен есептеулер негізінде жасалған*

Тұрақты тұтынуға көшуде үш тарап ерекше орын алады - саналы тұтынушы, жауапты өндіріс және өңдеу компаниялары және соңғысы - мемлекет, яғни үкімет және реттеуші органдар. Тұрақты тұтыну принциптерін жүзеге асыруда қай тараптың рөлі маңыздырақ деген сұраққа: саналы тұтынушы, Y респонденттерінің 60% және Z респонденттерінің 52% жауап берді. Сонымен қатар, Z буыны Y буынына қарағанда тұрақты тұтынуға көшуде өндірістік және қайта өңдеу компанияларының маңыздылығын жоғары бағалайды. Яғни, центениалдар үшін тұрақты дамудағы компаниялардың да үлесі орасан зор және жауапкершілікті бөлісу міндеті туындайды. Тұтынушылардың экологиялық жауапкершілікпен сатып алуға бейімділігіне тек жеке құндылықтар ғана емес, сонымен қатар институционалдық қолдау мен саясат та үлкен ықпал етеді.



Сурет – 5. **Тұрақты тұтынуға көшуде тараптардың рөлі**
** авторлармен есептеулер негізінде жасалған*

Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, жоғарыда аталған екі сұраққа жауаптар анықталды. Екі ұрпақтың өкілдері тұрақты тұтынушылық мінез-құлықтың маңыздылығын және қоршаған ортаны қорғау мақсатында саналы тұтынуға көшу қажеттілігін жақсы біледі. Олар адамдардың қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерін терең біледі. Сонымен қатар, респонденттердің басым көпшілігі тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, су мен электр энергиясын үнемдеу және тұрақты тұтыну

мәселесі сияқты мәселелерге мән бермейді. Жалпы, Z және Y ұрпақтарының тұтынушылық мінез-құлқында айтарлықтай айырмашылық жоқ.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері Қазақстандағы Y және Z ұрпақтарының тұрақты тұтынушылық мінез-құлқы мен экологиялық жауапкершілікке деген көзқарастарын салыстыруға және түсінуге мүмкіндік берді. Екі ұрпақтың да қоршаған ортаға адам қызметінің тигізетін кері әсерін мойындайтыны және тұрақты тұтыну қағидаттарының маңыздылығын түсінетіні анықталды. Бұл олардың экологиялық санасының белгілі бір деңгейде қалыптасқанын көрсетеді.

Зерттеу барысында Y ұрпағының өкілдері саналы тұтыну мәселелеріне біршама жоғары назар аударатыны байқалса, Z ұрпағының респонденттері экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі өндірістік және қайта өңдеу компанияларының рөліне көбірек мән беретіні белгілі болды. Бұл айырмашылық ұрпақтар арасындағы құндылықтар мен ақпараттық орта ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін. Сонымен қатар, екі ұрпақтың да тұрмыстық қалдықтарды сұрыптауға деген қызығушылығы төмен екені анықталды, бұл өз кезегінде инфрақұрылымның жеткіліксіздігі немесе хабардарлықтың төмендігімен байланысты болуы ықтимал.

Су мен электр энергиясын үнемдеу секілді қарапайым, бірақ экологиялық маңызы зор әрекеттер екі ұрпақтың да тұтынушылық тәжірибесінде кеңінен байқалды. Бұл ресурстарды тиімді пайдалануға қатысты жауапкершіліктің артып келе жатқанын айғақтайды және экологиялық мінез-құлықтың қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері практикалық тұрғыдан алғанда тұтынушылардың ұрпақтық ерекшеліктерін ескере отырып, тұрақты тұтынуды насихаттаудың тиімді стратегияларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік органдар, бизнес құрылымдар мен білім беру ұйымдары Y және Z ұрпақтарының құндылықтары мен мотивациялық факторларын ескере отырып, арнайы ақпараттық, тәрбиелік және реттеуші шараларды жүзеге асыруы қажет.

Жалпы алғанда, бұл зерттеу тұрақты тұтынушылық мінез-құлықты қалыптастыруда ұрпақаралық айырмашылықтарды терең түсіну қажеттігін көрсетті. Алынған нәтижелер экологиялық саясатты жетілдіруге, тұтынушылық мәдениетті арттыруға және Тұрақты даму мақсаттарын іске асыруға бағытталған кешенді тәсілдерді қалыптастыруда маңызды эмпирикалық база бола алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 UN. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. Resolution adopted by the General Assembly on 25 September 2015. – 2015. – №42809. – 13 p.

2 Қазақстандағы орнықты даму мақсаттары. Статистикалық жинақ. – Нұр-Сұлтан. –2021.–96 б.

3 Президенттің Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте сөйлеген сөзінің толық мәтіні // KazInform. – URL: https://kaz.inform.kz/news/prezident-klimat-zhonndeg-duniezhuzlk-sammitte-soz-soyled-f13ee7/

4 Hubacek K., Guan D., Barua A. Changing life-styles and consumption patterns in developing countries: A scenario analysis for China and India // Futures. – 2007. – №39(9). – P. 1084–1096. – DOI:10.1016/j.futures.2007.03.010.

5 Strauss W., Howe N. Generations: The History of America’s Future, 1584 to 2069. – New York: William Morrow. – 1991. – 538 p.

6 UN.The Sustainable Development Goals Report 2023: Special Edition. – URL: https://unstats.un.org/sdgs/report/2023/

7 Kostadinova E. Sustainable consumer behavior: Literature overview // Economic Alternatives. – 2016. – №2. – P. 224–234.

8 Luchs M.G., Naylor R.W., Rose R.L. Toward a sustainable marketplace: Expanding options and benefits for consumers // Journal of Research for Consumers. – 2011. – №19. – P. 1–12.

9 Fromm J., Read A. Marketing to Gen Z. – AMACOM. – 2018. – URL:https://www.perlego.com/book/728175/marketing-to-gen-z-pdf

10 Francis T., Hoefel F. ‘True Gen’: Generation Z and its implications for companies // McKinsey & Company. – 2018. – URL: https://www.mckinsey.com/industries/consumer-packaged-goods/our-insights/true-gen-generation-z-and-its-implications-for-companies

11 Reisenwitz T. Differences in Millennials in Emerging Markets and Developed Countries: The Case of Turkey and the United States // Journal of Business Strategies. – 2021. – №38(1). – P. 38–61. – DOI: 10.54155/jbs.38.1.38-61.

12 Еңбек нарығында жастардың үлесі көбейеді // El.kz. – 2022. – URL: https://el.kz/e-bek_nary-ynda_zhastardy_lesi_k-beyedi_42023/

13 Wiedmer T. Generations Do Differ: Best Practices in Leading Traditionalists, Boomers, and Generations X, Y, and Z // Delta Kappa Gamma Bulletin. – 2015. – №82. – P. 51–58.

14 Larson L.R., Eastman J.K., Bock D.E. A multi-method exploration of the relationship between knowledge and risk: The impact on millennials' retirement investment decisions // Journal of Marketing Theory and Practice. – 2016. – №24(1). – P. 72–90.

15 Philip T., Garcia A. The importance of still teaching the iGeneration: New technologies and the centrality of pedagogy // Harvard Educational Review. – 2013. – №83(2). – P. 300–319.

16 Johnstone M.L., Tan L. Exploring the gap between consumers' green rhetoric and purchasing behaviour // Journal of Business Ethics. – 2015. – №132(2). – P. 311–328. – DOI: 10.1007/s10551-014-2316-3.

REFERENCES

1 UN. Transforming our world: the 2030 Agenda for Sustainable Development. Resolution adopted by the General Assembly on 25 September 2015. – 2015. – №42809. – 13 p.

2 Qazaqstandaǵy ońyqty damu maqsattary. Statistikalyq jinaq [Sustainable Development Goals in Kazakhstan. Statistical Compilation]. – Nur-Sultan. – 2021. – 96 b. [In Kazakh].

3 Prezidenttiń Klimat jönindegi dúnie júzilik sammitte sóılegen sóziniń tolyq mátini [Full text of the President's speech at the World Climate Summit Full text of the President's speech at the World Climate Summit] // KazInform. – URL: https://kaz.inform.kz/news/prezident-klimat-zhonndeg-duniezhuzlk-sammitte-soz-soyled-f13ee7/ [In Kazakh].

4 Hubacek K., Guan D., Barua A. Changing life-styles and consumption patterns in developing countries: A scenario analysis for China and India // Futures. – 2007. – №39(9). – P. 1084–1096. – DOI:10.1016/j.futures.2007.03.010.

5 Strauss W., Howe N. Generations: The History of America's Future, 1584 to 2069. – New York: William Morrow. – 1991. – 538 p.

6 UN. The Sustainable Development Goals Report 2023: Special Edition. – URL: https://unstats.un.org/sdgs/report/2023/

7 Kostadinova E. Sustainable consumer behavior: Literature overview // Economic Alternatives. – 2016. – №2. – P. 224–234.

8 Luchs M.G., Naylor R.W., Rose R.L. Toward a sustainable marketplace: Expanding options and benefits for consumers // Journal of Research for Consumers. – 2011. – №19. – P. 1–12.

9 Fromm J., Read A. Marketing to Gen Z. – AMACOM. – 2018. – URL:https://www.perlego.com/book/728175/marketing-to-gen-z-pdf

10 Francis T., Hoefel F. 'True Gen': Generation Z and its implications for companies // McKinsey & Company. – 2018. – URL: https://www.mckinsey.com/industries/consumer-packaged-goods/our-insights/true-gen-generation-z-and-its-implications-for-companies

11 Reisenwitz T. Differences in Millennials in Emerging Markets and Developed Countries: The Case of Turkey and the United States // Journal of Business Strategies. – 2021. – №38(1). – P. 38–61. – DOI: 10.54155/jbs.38.1.38-61.

12 Eńbek naryǵynda zhastardyń úlesi kóbeyedi [The share of youth in the labor market is increasing] // El.kz. – 2022. – URL: https://el.kz/e-bek_nary-ynda_zhastardy-_-lesi_k-beyedi_42023/ [In Kazakh].

13 Wiedmer T. Generations Do Differ: Best Practices in Leading Traditionalists, Boomers, and Generations X, Y, and Z // Delta Kappa Gamma Bulletin. – 2015. – №82. – P. 51–58.

14 Larson L.R., Eastman J.K., Bock D.E. A multi-method exploration of the relationship between knowledge and risk: The impact on millennials' retirement investment decisions // Journal of Marketing Theory and Practice. – 2016. – №24(1). – P. 72–90.

15 Philip T., Garcia A. The importance of still teaching the iGeneration: New technologies and the centrality of pedagogy // Harvard Educational Review. – 2013. – №83(2). – P. 300–319.

16 Johnstone M.L., Tan L. Exploring the gap between consumers' green rhetoric and purchasing behaviour // Journal of Business Ethics. – 2015. – №132(2). – P. 311–328. – DOI: 10.1007/s10551-014-2316-3.

Қажмұратова А.К., Какитаева Ж.Е., Тымбаева Ж.М., Сатыбалдиева Д.О.

ОСОБЕННОСТИ ПОВЕДЕНИЯ ПОКОЛЕНИЙ Y И Z В УСТОЙЧИВОМ ПОТРЕБЛЕНИИ: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Аннотация

Ухудшение состояния окружающей среды в мире с каждым годом рассматривается в тесной связи с потребительским поведением людей. Поэтому концепция устойчивого потребления широко обсуждается. В данной статье исследуется устойчивое потребительское поведение представителей поколений Y и Z в Казахстане, анализируется их отношение к устойчивому потреблению и опыт его практического применения. Основываясь на количественных и сравнительных методах исследования, был проведен онлайн-опрос 197 респондентов, из которых 101 – представители поколения Y и 96 – поколения Z. Хотя поколение Y демонстрирует несколько более высокие показатели устойчивого потребления, оба поколения отдают предпочтение экономии воды и электроэнергии. Поколение Z уделяет больше внимания роли производственных и перерабатывающих компаний в обеспечении экологической устойчивости. Исследование подчеркивает важность понимания поколенческих различий в потребительском поведении для разработки целевых стратегий продвижения устойчивого потребления.

В статье также рассматриваются задачи, обозначенные в рамках Целей устойчивого развития ООН до 2030 года, в частности ЦУР 12 «Ответственное потребление и производство» и ЦУР 13 «Борьба с изменением климата». Переход к устойчивому потреблению рассматривается не только как экологическая, но и как экономическая и управленческая проблема. В этом направлении важную роль играет эффективное партнерство между государством, бизнесом и гражданским обществом.

Kazhmuratova A., Kakitayeva Zh., Tymbayeva Zh., Satybaldiyeva D.

BEHAVIORAL CHARACTERISTICS OF GENERATIONS Y AND Z IN SUSTAINABLE CONSUMPTION: A COMPARATIVE ANALYSIS

Annotation

The global environmental situation is worsening year by year and is closely linked to people's consumer behavior. Therefore, the concept of sustainable consumption is widely discussed. This article examines the sustainable consumer behavior of representatives of generations Y and Z in Kazakhstan, analyzing their attitudes toward sustainable consumption and their related experiences. Based on quantitative and comparative research methods, an online survey was conducted with 197 respondents, including 101 from generation Y and 96 from generation Z. Although generation Y shows somewhat higher indicators of sustainable consumption, both generations prioritize saving water and electricity. Generation Z pays more attention to the role of production and recycling companies in ensuring environmental sustainability. The study highlights the importance of understanding generational differences in consumer behavior to develop targeted strategies for promoting sustainable consumption.

The article also addresses the tasks outlined within the framework of the United Nations Sustainable Development Goals (SDGs) up to 2030, particularly SDG 12 "Responsible Consumption and Production" and SDG 13 "Climate Action." The transition to sustainable consumption is considered not only an environmental issue but also an economic and managerial one. Effective partnership among government, business, and civil society plays a crucial role in this area.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).34
УДК 338.24.01
ГРНТИ 06.39.02

Т.К. Бекжанова*, к.э.н., и.о.профессор[1]
Ж.О. Лукпанова, к.э.н., доцент[1]
О.В. Киричок, PhD, проректор по академическому развитию[2]
А.С. Койчубаев, PhD, старший преподаватель[3]
Esil University, г Астана, Казахстан[1]
Каспийский общественный университет,
г. Алматы, Казахстан[2]
Alikhan Bokeikhan University, г. Семей, Казахстан[3]
* – основной автор (автор для корреспонденции)
e-mail: toty_bekzhanova @mail.ru

ИНКЛЮЗИВНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УПРАВЛЕНИЕ В ЦИФРОВОЙ И ЧЕЛОВЕКОЦЕНТРИЧНОЙ МОДЕЛИ

В статье рассмотрены теоретические и прикладные аспекты формирования инклюзивного государственного управления в условиях цифровой трансформации. Проанализированы ключевые вызовы, связанные с цифровым неравенством, ограничением доступа уязвимых групп к государственным услугам и недостаточной согласованностью управленческих инициатив. На примере Казахстана проанализированы региональные различия в использовании цифровых государственных услуг и представлены данные о международных практиках в сфере цифровой инклюзии. Выявлены институциональные барьеры и технологические пробелы, препятствующие полноценной реализации инклюзивных стратегий. Обоснована необходимость перехода от фрагментарных цифровых решений к системной, человекоцентричной модели управления. Разработаны предложения по дальнейшему развитию цифровой инклюзии, включая создание механизмов обратной связи, персонализацию услуг и расширение участия граждан в проектировании цифровых решений.

Проведен сравнительный анализ индекса цифрового включения Казахстана и ряда развитых стран. Показана необходимость нормативных изменений и развития цифровой грамотности среди уязвимых групп населения. Рассмотрены современные теоретические подходы, включая принципы партисипативной демократии, социальной справедливости и устойчивого развития. Уточнены критерии оценки цифровой инклюзивности в публичном секторе. Предложены направления для дальнейших исследований, включая разработку индикаторов и внедрение оценки эффективности человекоцентричных сервисов.

Ключевые слова: *государственная служба, человекоцентричная модель, инклюзивное управление, искусственный интеллект, компетенции госслужащих, экономика, тенденция, менеджер, общество.*
Кілт сөздер: *мемлекеттік қызмет, адамға бағытталған үлгі, инклюзивті басқару, жасанды интелект, мемлекеттік қызметшінің құзыреттері, экономика, тенденция, менеджер, қоғам.*
Key words: *civil service, human-oriented model, inclusive management, artificial intelligence, competencies of a civil servant, economy, trends, manager, society.*

JEL J01, J18 , M53

Введение. Современное государственное управление находится на этапе глубокой трансформации, вызванной процессами цифровизации, глобализации, демографическими изменениями и ростом общественного запроса на справедливость и равные возможности. Эти тенденции усиливают необходимость перехода от традиционной иерархической модели управления к более гибкой, инклюзивной и ориентированной на человека системе. Актуальность настоящего исследования заключается в том, что в условиях цифрового неравенства, ограниченного доступа к услугам уязвимых групп населения и фрагментарности политик вовлечения особую значимость приобретает разработка и внедрение механизмов, обеспечивающих равный доступ, участие и адаптацию услуг под потребности каждого гражданина. Это особенно важно для стран с переходной экономикой, таких как Казахстан, где цифровизация сочетается с институциональными преобразованиями и социальной поляризацией.

Целью исследования является теоретическое обоснование и эмпирический анализ особенностей формирования инклюзивного государственного управления в условиях цифровой

трансформации, а также выявление и обобщение эффективных практик реализации человекоцентричного подхода на международном и национальном уровнях. В рамках поставленной цели решаются следующие задачи: определить методологические основы инклюзивного управления в цифровую эпоху; описать роль технологий в расширении участия и обеспечении доступности услуг; рассмотреть особенности человекоориентированной модели управления; провести анализ актуальных международных и казахстанских кейсов; выработать практические рекомендации по развитию инклюзивных управленческих стратегий.

Методологическая база исследования включает сравнительно-аналитический подход, применяемый при сопоставлении различных моделей управления. Статистическая обработка данных проводилась с применением общепринятых методов анализа и визуализации информации.

Обзор литературы. Современные исследования по вопросам инклюзивного государственного управления в цифровую эпоху активно развиваются, отражая актуальные тренды в трансформации публичного сектора. В работах Mergel [1] и Janssen & Van der Voort [2] подчеркивается роль цифровых технологий как катализатора инклюзивности, при этом отмечается, что цифровые инновации без учёта социальной справедливости могут углублять неравенство. Meijer [3] акцентирует внимание на концепции «data-driven governance» как инструменте, который требует прозрачности и соблюдения прав уязвимых групп.

Отдельные исследования Scholl & Scholl [4] Osborne [5] рассматривают человекоцентричный подход как основу эффективных публичных сервисов. В публикациях казахстанских авторов, в частности Абуова Ж.К. [6] и Есжанова Р.М. [7], раскрываются особенности цифровизации государственного сектора в Республике Казахстан, однако проблема практической реализации инклюзивности и оценки её эффективности пока остается недостаточно исследованной. Анализ источников показал наличие противоречий в подходах к измерению цифровой инклюзии, различия в трактовке «человекоцентричности» и ограниченность эмпирических данных по развивающимся странам.

Таким образом, на сегодняшний день остаются открытыми вопросы о стратегической интеграции инклюзивных принципов в цифровое государственное управление, устойчивости таких решений в условиях кризисов и практиках оценки их реального воздействия. Это и обусловливает необходимость проведения дальнейших исследований, сосредоточенных на комплексной оценке моделей инклюзивного управления и их применимости в казахстанском контексте.

Основная часть. Инклюзивное государственное управление в условиях цифровой трансформации приобретает особую значимость как теоретическая и практическая категория, ориентированная на обеспечение равного доступа граждан к государственным услугам, участие в формировании решений и справедливое распределение ресурсов. В данной модели приоритет отдается человекоцентричному подходу, в рамках которого цифровые решения проектируются с учетом реальных жизненных обстоятельств граждан. Целью настоящего анализа является оценка текущего состояния и перспектив развития инклюзивного государственного управления в Казахстане в сравнении с международными практиками.

Анализ текущих казахстанских реалий демонстрирует положительную динамику в части цифровизации. К 2024 году значительно возросла доля пользователей портала eGov, что свидетельствует о возрастающем уровне цифрового взаимодействия граждан с государством. Однако остаются ярко выраженные различия между регионами. Так, в таких городах, как Астана и Алматы, более 79 % населения активно используют цифровые сервисы, в то время как в Северо-Казахстанской и Туркестанской областях — менее 45 %. Эти данные подтверждают наличие цифрового неравенства, ограничивающего реализацию принципов инклюзивности.

На основе данных Министерства цифрового развития РК была составлена сравнительная таблица, иллюстрирующая различия по регионам:

Таблица – 1

Доля населения, регулярно использующего государственные цифровые сервисы по регионам РК (2024 г.)

Регион	Пользователи eGov, %	Цифровые точки доступа
г. Астана	82,3	112
г. Алматы	79,4	108
Мангистауская обл.	58,6	47

Туркестанская обл.	42,1	31
СКО	39,7	28

**составлена авторами*

Очевидно, что устранение цифрового неравенства требует реализации программ цифрового выравнивания, включая инфраструктурное развитие, проведение обучающих курсов для малоохваченных групп населения и внедрение альтернативных офлайн- и гибридных сервисов.

В этом контексте особую актуальность приобретает концепция человекоцентричного управления. На практике она реализуется через механизмы, ориентированные на жизненные события (Life Event-Based Services), при которых государственные услуги предоставляются пакетно — не по ведомственному принципу, а исходя из конкретной жизненной ситуации (например, рождение ребёнка, потеря работы, переезд). В Казахстане элементы этой модели реализуются в приложении eGov mobile и пилотных проектах ЦОН, однако пока не охватывают широкую целевую аудиторию и требуют институционального укрепления.

Международный опыт подтверждает высокую эффективность человекоцентричных цифровых моделей. В таблице ниже представлены краткие характеристики подходов в Эстонии, Южной Корее и Канаде, странах, признанных лидерами в области цифровой инклюзии.

Таблица – 2

Международные практики цифрового инклюзивного управления

Страна	**Цифровая стратегия**	**Фокус на инклюзивность**
Эстония	X-Road – обмен данными между ведомствами	Доступ для всех групп, включая пожилых
Южная Корея	Big Data для прогнозирования социальных нужд	Поддержка уязвимых групп и проактивные меры реагирования
Канада	Life Event-Based Services	Услуги адаптированы под индивидуальные жизненные ситуации

**составлена авторами*

Кроме качественных характеристик, важно учитывать и количественные метрики оценки уровня цифровой инклюзии. Одним из таких показателей является индекс цифрового включения, который оценивает доступ, навыки и готовность населения к использованию цифровых платформ. Согласно международной оценке, Казахстан занимает 42 место из 100 стран с индексом 0,69, тогда как в Канаде этот показатель составляет 0,93 (6 место), в Эстонии — 0,91 (8 место), что иллюстрирует структурный разрыв.

Таблица – 3

Индекс цифрового включения по странам за 2024 год

Страна	**Индекс цифрового включения (0–1)**	**Позиция в рейтинге**
Канада	0,93	6
Эстония	0,91	8
Южная Корея	0,88	12
Казахстан	0,69	42

**составлена авторами*

Такие различия обусловлены как технологическим отставанием, так и институциональными барьерами: недостаточным вовлечением граждан в проектирование сервисов, отсутствием персонализации, слабой координацией между государственными органами. Решение этих проблем требует нормативной трансформации, внедрения оценки цифровых прав, а также развития платформ, обеспечивающих прозрачную обратную связь и взаимодействие с пользователем [8].

В целом, результаты анализа свидетельствуют о том, что в Казахстане формируется основа для инклюзивного цифрового государственного управления. Зафиксирован положительный сдвиг в части доступности и технологичности, однако остаются вызовы, связанные с участием, равенством и региональным балансом. Для устойчивой реализации модели необходимы скоординированные

усилия в сферах цифровой политики, социальной инклюзии, ИТ-компетенций и правового регулирования.

Теоретическая основа инклюзивного управления. Инклюзивное государственное управление (inclusive governance) представляет собой комплексный концепт, направленный на обеспечение участия всех социальных групп в процессах принятия решений, равного доступа к государственным благам и учёта разнообразия потребностей при формировании государственной политики. Теоретическая основа данного подхода формируется на пересечении нескольких фундаментальных направлений.

Во-первых, ключевую роль играет концепция партисипативной демократии, которая предполагает прямое и постоянное вовлечение граждан в управление и контроль над действиями государства. Во-вторых, идеи социальной справедливости Джона Ролза обосновывают необходимость обеспечения равных возможностей и справедливого распределения ресурсов. В-третьих, центральным международным ориентиром служит Цель устойчивого развития ООН №16, провозглашающая необходимость построения эффективных, подотчётных и инклюзивных институтов на всех уровнях. Наконец, значимым теоретическим источником выступает доктрина прав человека, закрепляющая принципы недискриминации, прозрачности и уважения к достоинству каждого гражданина.




Рисунок – 1. **Теоретические основы инклюзивного государственного управления**
**составлена авторами*

Таким образом, инклюзивное управление формируется на пересечении демократии, справедливости, устойчивого развития и правовых основ.

На уровне практической реализации концепция инклюзивности базируется на ряде ключевых **принципов**, направленных на построение открытого и доступного государственного управления. Среди них — **равный доступ** к информации и услугам, **отсутствие дискриминации**, **вовлечение граждан** в проектирование и контроль политик, **прозрачность действий органов власти**, **гибкая адаптация** административных решений к разнообразию потребностей, **развитие цифровой грамотности** и, как следствие, **доверие к институтам**.




Рисунок – 2. **Ключевые принципы инклюзивного государственного управления**
**составлена авторами*

Эти принципы служат операциональной основой для оценки инклюзивности управленческих решений и формирования индикаторов цифрового равенства, цифрового участия и цифровой защищённости граждан в условиях трансформации государственного сектора.

Цифровизация как инструмент инклюзии. Цифровые технологии в государственном управлении играют амбивалентную роль: с одной стороны, они открывают широкие возможности для повышения доступности и качества государственных услуг, с другой — создают риски усиления цифрового неравенства. Инклюзивность цифрового пространства возможна только при условии, что цифровые решения проектируются с учетом потребностей различных социальных групп, включая лиц с ограниченными возможностями, пожилых людей, малообеспеченное население и жителей отдалённых регионов.

Среди наиболее значимых инструментов цифровой инклюзии можно выделить электронные порталы государственных услуг, адаптированные под пользователей с особыми потребностями (например, наличие голосовых подсказок, увеличенного шрифта, упрощенной навигации). Кроме того, важную роль играют мобильные приложения с многоязычным интерфейсом, обеспечивающие доступ к базовым услугам для носителей разных языков, в том числе представителей этнических меньшинств. Повышению участия граждан в процессе государственного управления способствуют цифровые платформы для обратной связи, онлайн-опросы и инструменты краудсорсинга, позволяющие формировать более точную картину общественных нужд.

В условиях цифровизации растёт значение технологий искусственного интеллекта, которые используются для персонализации государственных сервисов — например, в виде индивидуальных рекомендаций, автоматизированных уведомлений и интеллектуального распределения услуг по жизненным ситуациям. Такие технологии позволяют делать взаимодействие с государством более гибким, адресным и ориентированным на реального пользователя [9].

В Казахстане цифровая трансформация получила развитие через внедрение портала eGov, мобильного приложения eGov mobile и платформы «Ashyq», что способствовало повышению цифровой вовлеченности населения. Эти решения стали важным шагом в сторону инклюзивности, однако дальнейшее развитие требует усиления доступности, устранения цифрового барьера в регионах, а также системной адаптации услуг под конкретные потребности уязвимых групп.

Заключение. Проведённое исследование позволило раскрыть теоретические и прикладные аспекты инклюзивного государственного управления в условиях цифровизации и определить ключевые условия его успешной реализации. Анализ показал, что инклюзивная модель управления опирается на принципы равного доступа, участия, прозрачности и человекоцентричности, обеспечивая устойчивое развитие и социальную справедливость. На примере Казахстана выявлены

как позитивные изменения в цифровизации государственных услуг, так и сохраняющееся цифровое неравенство между регионами и социальными группами.

Новизна работы заключается в систематизации подходов к цифровой инклюзии и обосновании необходимости перехода от фрагментарных цифровых инициатив к стратегической модели человекоориентированного управления. Практическая значимость результатов проявляется в возможности использования выводов для разработки государственной цифровой политики, особенно в части вовлечения уязвимых категорий населения и персонализации услуг.

Рекомендуется дальнейшее развитие исследований в следующих направлениях: оценка эффективности Life Event-Based Services в казахстанских условиях, разработка индикаторов цифровой инклюзии, а также изучение механизмов участия граждан в совместном проектировании цифровых государственных решений. Только комплексный подход обеспечит формирование по-настоящему инклюзивной, устойчивой и ориентированной на человека модели государственного управления.

Данное исследование финансируется Комитетом науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (BR27100377 «Разработка модели инклюзивного управления для государственных органов в рамках человекоцентричной модели государственного управления»).

ЛИТЕРАТУРЫ

1. Mergel I., Edelmann N., & Haug N. Defining digital transformation: Results from expert interviews // *Government Information Quarterly*. – 2020. –№4(37). – DOI: 10.1016/j.giq.2020.101485
2. Janssen M., & Van der Voort, H. Agile and adaptive governance in crisis response: Lessons from the COVID-19 pandemic // *Government Information Quarterly*. – 2020. – №4(37). – DOI: 10.1016/j.giq.2020.101512
3. Meijer A. The do-it-yourself state? The future of participatory democracy // *Information Polity*. – 2021. – №2(26). – P. 121–133. – DOI: 10.3233/IP-200236
4. Scholl H.J., & Scholl M.C. Smart governance: A roadmap for research and practice // *Government Information Quarterly*. – 2021. – №2(38). – DOI: 10.1016/j.giq.2021.101574
5. Osborne S.P. Public service logic and co-production in digital governance // *Public Management Review*. – 2022. – №3(24). – P. 345–362. – DOI: 10.1080/14719037.2021.1936133
6. Абуова Ж.К. Инклюзивное развитие в Казахстане: вызовы цифровой эпохи // *Журнал управления*. – 2021. – №1(33). – С. 27–36.
7. Есжанова Р.М. Цифровизация государственного сектора РК: перспективы и риски // *Вестник КазНУ. Серия экономическая*. – 2023. – №2(156). – С. 104–111.
8. Bødker K., & Iversen O.S. Human-centered design meets public service innovation: Lessons learned from co-design in the public sector // *Design Studies*. – 2020. – №67. – P. 70–95. – DOI: 10.1016/j.destud.2019.11.002
9. Kassen, M. Digital governance in Eurasia: Lessons from Kazakhstan // *Information Development*. – 2022. – №1(38). – P. 48–61. – DOI: 10.1177/0266666920976816

REFERENCES

1. Mergel I., Edelmann N., & Haug N. Defining digital transformation: Results from expert interviews // *Government Information Quarterly*. – 2020. –№4(37). – DOI: 10.1016/j.giq.2020.101485
2. Janssen M., & Van der Voort, H. Agile and adaptive governance in crisis response: Lessons from the COVID-19 pandemic // *Government Information Quarterly*. – 2020. – №4(37). – DOI: 10.1016/j.giq.2020.101512
3. Meijer A. The do-it-yourself state? The future of participatory democracy // *Information Polity*. – 2021. – №2(26). – P. 121–133. – DOI: 10.3233/IP-200236
4. Scholl H.J., & Scholl M.C. Smart governance: A roadmap for research and practice // *Government Information Quarterly*. – 2021. – №2(38). – DOI: 10.1016/j.giq.2021.101574
5. Osborne S.P. Public service logic and co-production in digital governance // *Public Management Review*. – 2022. – №3(24). – P. 345–362. – DOI: 10.1080/14719037.2021.1936133
6. Abuova Zh. Inklyuzivnoe razvitie v Kazahstane: vyzovy cifrovoj epohi [Inclusive development in Kazakhstan: challenges of the digital era] // Management Journal. – 2021. – №1(33). – S. 27–36. [in

Russian]

7. Eszhanova R. Cifrovizaciya gosudarstvennogo sektora RK: perspektivy i riski [Digitalization of the public sector of the Republic of Kazakhstan: prospects and risks] // Bulletin of KazNU. Economic series. – 2023. – №2(156). – S. 104–111. [in Russian]

8. Bødker K., & Iversen O.S. Human-centered design meets public service innovation: Lessons learned from co-design in the public sector // *Design Studies*. – 2020. – №67. – P. 70–95. – DOI: 10.1016/j.destud.2019.11.002

9. Kassen, M. Digital governance in Eurasia: Lessons from Kazakhstan // *Information Development*. – 2022. – №1(38). – P. 48–61. – DOI: 10.1177/0266666920976816

Бекжанова Т.К., Лукпанова Ж.О., Киричок О.В., Койчубаев А.С.

САНДЫҚ ЖӘНЕ АДАМҒА БАҒЫТТАЛҒАН МОДЕЛЬДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық трансформация жағдайында инклюзивті мемлекеттік басқаруды қалыптастырудың теориялық және қолданбалы аспектілері қарастырылады. Цифрлық теңсіздікпен, халықтың осал топтарының мемлекеттік қызметтерге қолжетімділігінің шектелуімен және басқарушылық бастамаларды жеткіліксіз үйлестірумен байланысты негізгі мәселелер талданған. Қазақстан мысалында цифрлық мемлекеттік қызметтерді пайдаланудағы аймақтық айырмашылықтар талданады және цифрлық инклюзия саласындағы халықаралық тәжірибе туралы деректер ұсынылды. Инклюзивті стратегияларды толық іске асыруға кедергі келтіретін институционалдық кедергілер мен технологиялық олқылықтар анықталды. Бөлшектелген цифрлық шешімдерден жүйелі, адамға бағытталған басқару моделіне көшу қажеттілігі дәлелденді. Кері байланыс тетіктерін құру, қызметтерді жекелендіру және цифрлық шешімдерді жобалауға азаматтардың қатысуын арттыруды қамтитын цифрлық инклюзияны одан әрі дамыту бойынша ұсыныстар әзірленді.

Қазақстан мен бірқатар дамыған елдердің цифрлық инклюзия индексіне салыстырмалы талдау жүргізілді. Нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу және халықтың осал топтары арасында цифрлық сауаттылықты дамыту қажеттілігі көрсетілген. Қазіргі заманғы теориялық тәсілдер, соның ішінде қатысу демократиясы, әлеуметтік әділеттілік және тұрақты даму принциптері қарастырылады. Мемлекеттік сектордағы цифрлық инклюзивтілікті бағалау критерийлері нақтыланды. Индикаторларды әзірлеу және адамға бағытталған қызметтердің тиімділігін бағалауды енгізуді қоса алғанда, одан әрі зерттеу бағыттары ұсынылады.

Bekzhanova T., Lukpanova J., Kirichok O., Koichubayev A.

INCLUSIVE PUBLIC GOVERNANCE IN A DIGITAL AND HUMAN-CENTRIC MODEL

Annotation

The article considers theoretical and applied aspects of the formation of inclusive public administration in the conditions of digital transformation. The key challenges related to digital inequality, limited access of vulnerable groups to public services and insufficient coordination of management initiatives are analyzed. Using Kazakhstan as an example, regional differences in the use of digital public services are analyzed and data on international practices in the field of digital inclusion are presented. The institutional barriers and technological gaps preventing the full realization of inclusive strategies are identified. The necessity of transition from fragmented digital solutions to a systemic, human-centered management model is substantiated. Proposals for the further development of digital inclusion, including the creation of feedback mechanisms, personalization of services and increased participation of citizens in the design of digital solutions were developed.

A comparative analysis of the digital inclusion index of Kazakhstan and a number of developed countries is carried out. The necessity of normative changes and development of digital literacy among vulnerable groups is shown. Modern theoretical approaches, including the principles of participatory democracy, social justice and sustainable development are considered. The criteria for assessing digital inclusiveness in the public sector are specified. Directions for further research are proposed, including the development of indicators and implementation of the evaluation of the effectiveness of human-centered services.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).35
ӘОЖ 657.1: 658.115
ҒТАМР 82.15.17

М.Д. Каримова*, PhD қауымд. профессор
С. Жанатқызы, магистр, жетекші маман
Н.Н. Шайхисламов, магистрант
А.Ж. Құрмантаева, магистр, аға оқытушы
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан
* – негізгі автор (хат-хабар үшін автор)
e-mail: madi-79@mail.ru

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІ ЧАТ-БОТТАРЫН ЕНГІЗУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Мақалада білім беру саласына жасанды интеллект (AI) чат-боттарын енгізудің тиімділігі қарастырылды.

Зерттеу жұмысының мәні білім беру қызметтерін басқару процестерін оңтайландыру үшін AI пайдаланудың негізгі артықшылықтары мен мәселелерін бағалау болып табылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер енгізілген жүйелердің жоғары өнімділігі өтініштерді өңдеу уақытының қысқарғанын және жұмыс тиімділігінің айтарлықтай артқаны көрсетілді. Күнделікті тапсырмаларды автоматтандыруды қолдану және жұмыс процестерін оңтайландыру жүйесі талданылды. Тиімділікті бағалау әдістемесін әзірлеу қажеттілігін өзектендіретін мәселе ретінде қол жетімді чат–боттардың түрлерінің өзгергіштігі нақтыланды. Клиенттік тәжірибені басқаруда AI негізіндегі чат–боттың ерекшеліктері тұжырымдалды. Функционалдық айырмашылықтар және чат–боттарды интеллектуализациялау қажеттілігі анықталды.

Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана отырып, чат-боттар тұтынушы деректерін талдау және жекелендірілген шешімдерді ұсына алатыны көрсетілді. Бұл тұтынушылардың тәжірибесін жақсартуға және сатып алу мүмкіндігі кеңейтілгені негізделді.

Нәтижелердің жоғары ашықтығы мен процестердің тиімділігі айрықша белгілері анықталған мәселені шешуге көмектескен соңғы жасанды интеллект технологияларын біріктіру арқылы мүмкіндігі қаралды. Бұл функциялар AI-ге білім беру қызметтері саласында маңызды құрал ретінде қызмет етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысының ұсыныстарын практикалық қолдану саласы қызметтердің сапасын жақсарту және ішкі процестерді оңтайландыру үшін жасанды интеллекті пайдалануды қамтиды. Деректерді басқару және киберқауіпсіздік саласындағы үздік тәжірибелерді енгізу арқылы департаменттер ашық және тиімді басқару жүйесін дамытуға ықпал ете отырып, өзара әрекеттесу мен тиімділікке қол жеткізе алады.

Кілт сөздер*: жасанды интеллект, экономикалық тиімділік, шығындар, пайда, талдау, автоматтандыру, чат-бот, өнімділік*

Ключевые слова: *искусственный интеллект, экономическая эффективность, затраты, выгоды, анализ, автоматизация, чат бот, производительность*

Keywords: *artificial intelligence, economic efficiency, costs, benefits, analysis, automation, chatbot, productivity*

JEL: M11

Кіріспе Қазіргі әлемде жасанды интеллект (AI) адам қызметінің әртүрлі салаларында, өнеркәсіптен медициналық зерттеулерге дейін барған сайын кең таралуда. Білім беру саласында жасанды интеллекті чат-боттарын енгізіу қызметіне айтарлықтай қызығушылық туындауда. Негізделген стратегиялық шешімдер қабылдау үшін машиналық оқыту, терең оқыту, табиғи тілді өңдеу және нейрондық желілер сияқты жасанды интеллектке негізделген технологиялар мен қосымшалардың мүмкіндіктерін терең түсіну қажет [1]. Инновациялық технологияларды қолдану басқару процестерінің тиімділігін арттыруға, мемлекеттік әкімшілендіруді оңтайландыруға, сондай-ақ азаматтарға қызмет көрсету сапасын жақсартуға жаңа көкжиектер ашылуда. Деректердің үлкен жиынтығын талдау, күнделікті міндеттерді автоматтандыру, процестерді болжау және оңтайландыру арқылы қымет көрсету салаларының тиімділігі мен өнімділігін арттырып қана қоймай, азаматтармен өзара іс-қимылдың жоғары сапасын қамтамасыз ете алады. Жасанды интеллекті қызмет көрсету жүйесіне енгізуде нұсқаулық бола алатын халықаралық пен озық әлемдік

тәжірибені талдау маңызды аспект болып табылады. Әрине, енгізу барысында бірқатар этикалық, құқықтық және әлеуметтік мәселелерді де тудыруы мүмкін. Атап айтқанда, құпиялылық және жеке деректерді қорғау, цифрлық алгоритмдер мен жүйелерді этикалық пайдалану және жұмыс орындарын автоматтандыруға байланысты эм-плойментке ықтимал әсер ету туралы сұрақтар туындайды. Осы міндеттерді ескере отырып, интеллектің инновациялық әлеуеті мен қажеттілігі арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ететін күрделі стратегияларды әзірлеу және енгізу қажет [2].

Зерттеу жұмысының мақсаты - жасанды интеллект технологияларын білім берудің қызмет көрсету салаларына басқару процестеріне кешенді түрде енгізуді зерттеу. Жасанды интеллекті қолдану мен қолдану стратегиясын жетілдіруге, басқарудың тиімділігін арттыруға және қызмет көрсету қызметтердің сапасын жақсартуға мүмкіндік дәрежесін көрсету.

Зерттеу әдістері. Чат-боттарды пайдалану кезінде экономикалық тиімділікті бағалау әдістерін зерттеу салыстырмалы, жалпылама және сипаттамалық талдау жүргізуге негізделген. Сонымен қатар, чат-боттың экономикалық тиімділігі мен рентабельділігін бағалау әдістері әмбебап болып табылады, өйткені олар компанияда енгізілген шешімнің ерекшелігі тұрғысынан нақтылауды қажет ететін қайтарымдылықты бағалаудың дәстүрлі көрсеткіштерімен байланысты. Сондықтан зерттеу жұмысына қажет материалдар ашық деректерден - ғылыми жарияланымдар, олардың негізінде чат-боттың экономикалық тиімділігін бағалаудың оңтайлы тәсілдері мен мүмкін көрсеткіштерін жасауға негіз болған тәжірибені басқаруда чат-боттарды қолданудың негізгі ерекшеліктері нақтыланды.

Әдебиеттік шолу. Экономика саласындағы инновациялар мен жасанды интеллект тақырыптарына қатысты әдебиеттерге шолу жасай отырып, ғалымдар 7 тақырып кластерге: цифрлық трансформация, ашық инновациялар және ақылды қалалар, технологиялық инновациялардағы жүйелер мен желілер, болжау, білім мен технологиялық өзгерістерді басқару, тұтынушылардың цифрлық технологияларға қатынасы, жасыл инновацияларға қарастырды. Жасанды интеллектті қолдану басқару процестерінің тиімділігін едәуір арттыра алатындығын көрсететін зерттеу нәтижелері [3] жұмысында көрсетілген. [4] зерттеу жұмысында жасанды интеллекті енгізуде этикалық мәселелерге белгілі бір назар аудара отырып, этикалық принциптерді әзірлеу қажеттілігін кезең-кезеңімен анықтайды. Жасанды интеллекттің киберқауіпсіздіктегі рөлін және оның цифрлық сәйкестікті қорғаудың қорғаныс құралы ретіндегі әлеуетін [5] жұмысында авторлар атап өтті, бірақ бұл технологияларды қолданыстағы киберқауіпсіздік жүйелеріне біріктіру мамандардың білімі мен дағдыларын үнемі жаңартып отыру қажеттілігінде ескерген жөн. Үлкен деректерді талдау және жасанды интеллект қызмет көрсету саласындағы шешімдердің сапасы мен негізділігін едәуір жақсарта алатындығын көрсететін зерттеулердің нәтижелері туралы негізделген [6]. Генеративті AI көптеген салаларда өзгерістерге, адам тәрізді жауаптар шығаратын, динамикалық бейне ойындарды дамытатын және басқа AI модельдерін оқыту үшін синтетикалық деректерді шығаратын виртуалды қуат пайдаланушыларын құруға мүмкіндік береді [7].

Отандық және шетелдік авторлардың пікірі негізінде әдебиеттік шолу нәтижесінде чат-боттардың шектеулі мүмкіндіктері толығымен шешілмей отыр. Жиілік боттары күрделі, стандартты емес мәселелерді шешу мүмкіндігі төмен. Автоматтандыру тапсырмалардың бір бөлігіне ғана сәйкес келеді, қалғаны адамның қатысуын талап етеді. Кейбір қиындықтарға қарамастан, байланыс орталығында AI енгізу жұмыс тиімділігін арттырудың, тұтынушыларға қызмет көрсетуді жақсартудың және шығындарды азайтудың кілті болуы мүмкін. Жасанды интеллекті сәтті енгізу байланыс орталығын тиімдірек, үнемді және бәсекеге қабілетті ете алады.

Негізгі бөлім. Чат-бот - бұл клиенттерге жедел қолдау мен көмек көрсету үшін табиғи тілді өңдеуді (NLP) және жасанды интеллектті (AI) қолданатын виртуалды көмекшілер. Олар көптеген тапсырмаларды орындай алады, соның ішінде жиі қойылатын сұрақтарға жауап беру, тұтынушыларды тиісті ресурстарға бағыттау және тіпті тапсырыстарды өңдеу. Машиналық оқыту алгоритмдерін пайдалана отырып, чат-бот тұтынушы деректерін талдай және жекелендірілген шешімдерді ұсына алады. Бұл тұтынушылардың тәжірибесін жақсартуға және сатып алу мүмкіндігін арттыруға көмектеседі. Чат-боттар сату процесін және тұтынушылардың кері байланыс нысандарын автоматтандыруға көмектеседі. Кері байланыс нысандары өз операцияларын автоматтандыруға және тұтынушыларға қызмет көрсетудің жалпы сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін кәсіпорындар үшін маңызды құралға айналды. Жасанды интеллект чат-боттары кері байланыс нысандары, сонымен қатар бизнеске өз өнімдерін немесе қызметтерін жақсарту қажет

бағыттарды анықтауға және тұтынушылардың қанағаттанушылығын арттырады. Жасыратыны жоқ, компания қызметкерлері көп уақытты клиенттердің бірдей сұрақтарына жауап беруге жұмсайды. Қызмет көрсету салаларына AI чат-боттарын енгізу нәтижесінде, ұйым қызметкерлерідің бос уақыты кеңейіп маңызды міндеттерге шоғырлана алатыны сөзсіз. Чат-боттардың екі түрі бар:

1. Пайдаланушының сұрауларына жауап беру алгоритмдерінің алдын-ала орнатылған және бағдарламаға енгізілген ережелер жиынтығына негізделген. Бұл чат-боттар ең қарапайым және оларды пайдалануда айтарлықтай шектеулер бар;

2. Машиналық оқыту принциптеріне негізделген (жасанды интеллект әдістері, компьютерлік бағдарламаға адаммен өзара әрекеттесу процесінде көптеген ұқсас мәселелерді шеше отырып, өз бетінше оқуға мүмкіндік береді).

Жалпыға бірдей цифрландыру дәуірінде білім беру процесінде тиімді пайдалануға және жас ұрпақ өкілдеріне қызықты болатын жаңа технологиялар мен сервистер құрылуда. Соңғы бірнеше жылда IT индустриясындағы өзекті тенденция чат-боттарды құру. Бұл құралдар үлкен әлеуетке ие бола отырып, сарапшылар болашақта көптеген қосымшаларды, интернет-іздеушілерді алмастыруға және тіпті мамандықтардың жойылуына әкелетініне сенімді.

2-суретте чат-боттарды қолданудың негізгі бағыттарын ұсынамыз.



Сурет – 1. **Чат-боттарды қолдану салалары**

** дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған [8]*

Чат-боттарды қолданудың заманауи салаларының бірі - білім беру қызметі болып табылады. Қазірдің өзінде білімді нығайтуға, сондай-ақ олардың игерілуін тексеруге ықпал ететін көптеген чатботтар қолданылады. Білім беру процесінде чат-боттарды қолданудың тиімділігі туралы зерттеулерде эксперименттерге қатысушылардың көпшілігі нақты адамдар сияқты боттарды үйреніп, игеріп, байланыстырғанын анықтады. Сонымен қатар, пайдаланушылардың чат-боттармен қарым-қатынасын зерттеу негізінде зерттеушілер адам мен чат-боттардың өзара әрекеттесуі контекстінде еңбекті ұйымдастыруға көзқарастар жүйесі ретінде «пайдаланушы-бот» арнайы әлеуметтік-техникалық жүйесі пайдалануда. ЖОО-да чат-боттар студенттерге оқу жүктемесінің белгілі бір түрлерін орындауға байланысты ұйымдастырушылық және әдістемелік ақпаратты жеткізу үшін сәтті қолданылады. Сонымен қатар, оқу орындарында чат-боттарды енгізу тәжірибесі студенттердің бірнеше ай бойы чат-ботқа үнемі жүгінетінін көрсетті. Тәжірибе мен оқу процестерінде туындайтын жаңа сұрақтар туындауына байланысты, чат-боттағы материалдарда қажеттілігі көрініс табуда. Чат-ботта құрылымдалған студент пен оқытушының өзара әрекеттесу алгоритмі студенттерге жұмысты орындау кезеңдерінде және сәйкес келуі қажет талаптарды еркін басқаруға мүмкіндік берді. Чат-бот арқылы кері байланыстың болуы ашылмаған сұрақтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Жасанды интеллекті чат-боттырын енгізудің экономикалық тиімділгін бағалау. AI енгізу туралы шешім қабылдамас бұрын, барлық факторларды (шығын, пайда, тәуекел) мұқият талдау маңызды. Шығындарға бастапқы инвестициялар, ағымдағы шығындар жатады. Пайдаға, шығындарды қысқартуға, кірістерді ұлғайтуға, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға. Тәуекелдер туралы айтатын болсақ, бұл жұмыс орындарының жоғалуы, деректердің бұзылуы, клиенттердің сенімсіздігі.

Жасанды интеллекті чат-боттырын енгізудің экономикалық тиімділгін бағалауда қолданылытын құралдардың бірі операциялық шығындарды азайту. Күн сайын жоғары оқу орындарының сенім телефонына көптеген типтік сұрақтар келіп түседі. Егер оларға FAQ ботына жауап берілсе, онда операторлар күрделі және стандартты емес мәселелерді шешуге көбірек уақыт алады [9]. Сонымен, бот бірінші қолдау желісіндегі кіріс қоңыраулардың 56% - автоматтандырады. Бот операторларға қанша уақыт үнемдейтінін есептеу үшін келесі формуланы қолдану керек:

*Үнемдеу = (дұрыс жауап берілген сұрақтар саны * оператордың орташа жауап беру уақыты * оператордың сағатына орташа ставкасы) — (бот құру құны + қызметке жазылу құны)*

Егер үнемдеу оң болса, чатботты басқа арналарға масштабтауға және сұрақтар тізімін кеңейтуге болады. Теріс мән болған жағдайда, чатбот жауап беретін сұрақтардың санын көбейтіп, жауаптардың дұрыстығын тексерген жөн. Нәтижесінде айқын ерекшеліктері:

- күту уақытын қысқарту: және қарапайымға автоматты түрде жауап бере алады;
- дәлдікті жақсарту және ақпаратты өңдеу мен сұрақтарға жауап бере алады;
- дараландыруды жақсарту: AI өзара әрекеттесуді клиенттерді қызықтыруы мүмкін тауарлар мен қызметтерді ұсына отырып жекелендіруге мүмкіндік береді;
- деректерді жинау: және клиенттермен өзара әрекеттесу туралы деректерді жинай алады байланыс орталығының жұмысын жақсарту, жаңаларын әзірлеу үшін пайдалануға болады;
- деректерді талдау: AI клиенттермен өзара әрекеттесу, жұмысты жақсартуға көмектесетін тенденцияларды анықтауда деректердің үлкен көлемін талдай алады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, жасанды интеллекті чат-боттарын қызмет көрсету салаларына енгізу күрделі және көпжақты процесс екені айқындалды.

Зерттеу барысында АИ енгізу процесін зерделеу экономикалық аспектілері түрінде айтарлықтай пайда әкелуі мүмкіндігі мен клиенттерге қызмет көрсету тиімділігін арттыру, операциялық шығындарды азайту жолдары ұсынылды. Уақыт үнемдеу оң нәтижесінде, чат-ботты басқа арналарға масштабтауға және сұрақтар тізімін кеңейтуге болады. Сонымен қатар, енгізу нәтижесіндегі айқын ерекшеліктері көрсетілді. Ақпаратты өңдеу, дараландыру мен деректерді жинау жүйелендірілу негізінде артықшылықтары айқындалды. Чат-боттар қызмет көрсету саласында автоматтандыруға ықпал етеді. Олар клиенттерді бүкіл процесс кезінде басынан аяғына дейін басқара алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект сияқты озық технологияларды пайдалану компанияның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ұзақ мерзімді перспективада оның өсуі мен дамуына ықпал етуі мүмкін.

Қаржыландыру бойынша мәлімет: «Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырып отыр (03.04.2025ж. № 05-04/250 шарт)»

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рахимбекова А.Е., Казыбаева А.М., Жанбырбаева С.М., Укубасова Г.С. Влияние технологий искусственного интеллекта на развитие мировой экономики Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. – 2024. – №1(52). – С. 237–246. – DOI 10.52260/2304-7216.2024.1(54).29

2. Andrew V. AI Chatbot Development: A Key Tool for Business in 2024 – https://vc.ru/future/1022837-razvitie-ii-chat-botov-klyuchevoy instrument-dlya-biznesa-v-2024-godu

3. Экономические эффекты от внедрения технологий «Искусственного интеллекта» – https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomicheskaya-effektivnost tehnologiy-iskusstvennogo-intellekta

4. Иванов А.Б. Эффективность применения искусственного интеллекта в современных бизнес-процессах // Экономика и управление. – 2020. – №3. – С. 45–58.

5. Kinder T., Stenvall J., Koskimies E., Webb H., Janenova, S. Local public services and the ethical deployment of artificial intelligence. Government Information Quarterly. – 2023. – №40(4). – 101865 p. – https://doi.org/10.1016/j.giq.2023.101865

6. Окулов С.А. Формирование системы управления образовательным процессом средствами информационных технологий / С.А. Окулов // Успехи современной науки. – 2017. –№5.–С. 170–174.

7. Фирсова Е.А. Перспективы использования чат-ботов в высшем образовании // Информатизация науки и образования. – 2018. – №3(35). – С. 157–166.

8. Бутл Р. Искусственный интеллект и экономика: Работа, богатство и благополучие в эпоху мыслящих машин. – Пер. с англ. – М.: Альпина ПРО. – 2023. – 256 с.

9. Гэри М., Эрнест Д. Искусственный интеллект: перезагрузка. Как создать машинный разум, которому действительно можно доверять. – Пер. с англ. – М.: Альпина ПРО. – 2021. – 414 с.

REFERENCES

1.Rahimbekova A., Kazybaeva A., Zhanbyrbaeva S., Ukubasova G. Vlijanie tehnologij iskusstvennogo intellekta na razvitie mirovoj jekonomiki [The impact of artificial intelligence technologies on the development of the global economy]// Vestnik Kazahskogo universiteta jekonomiki, finansov i mezhdunarodnoj torgovli. – 2024. – №1(52). – S. 237–246. – DOI 10.52260/2304-7216.2024.1(54).29 [in Russian].

2. Andrew V. AI Chatbot Development: A Key Tool for Business in 2024 – https://vc.ru/future/1022837-razvitie-ii-chat-botov-klyuchevoy instrument-dlya-biznesa-v-2024-godu

3.Ekonomicheskie jeffekty ot vnedrenija tehnologij «Iskusstvennogo intellekta» – https://cyberleninka.ru/article/n/ekonomicheskaya-effektivnost tehnologiy-iskusstvennogo-intellekta

4.Ivanov A. Jeffektivnost' primenenija iskusstvennogo intellekta v sovremennyh biznes-processah [The effectiveness of artificial intelligence in modern business processes] // Jekonomika i upravlenie. – 2020. – №3. – S. 45–58. [in Russian].

5. Kinder T., Stenvall J., Koskimies E., Webb H., Janenova S. Local public services and the ethical deployment of artificial intelligence. Government Information Quarterly. – 2023. – №40(4). – 101865 p. – https://doi.org/10.1016/j.giq.2023.101865

6.Okulov S. Formirovanie sistemy upravlenija obrazovatel'nym processom sredstvami informacionnyh tehnologij / S. Okulov // Uspehi sovremennoj nauki. – 2017. – №5. – S. 170–174. [in Russian].

7.Firsova E. Perspektivy ispol'zovanija chat-botov v vysshem obrazovanii [Prospects of using chatbots in higher education] // Informatizacija nauki i obrazovanija. – 2018. – №3(35). – S. 157–166. [in Russian].

8.Butl R. Iskusstvennyj intellekt i ekonomika: Rabota, bogatstvo i blagopoluchie v epohu myslyashchih mashin [Artificial Intelligence and the Economy: Jobs, Wealth and Well-Being in the Age of Thinking Machines]. – Per. s angl. – M.: Al'pina PRO. – 2023. – 256 s. [in Russian].

9. Geri M., Ernest D. Iskusstvennyj intellekt: perezagruzka. Kak sozdat' mashinnyj razum, kotoromu dejstvitel'no mozhno doveryat' [Artificial intelligence: reboot. How to create a machine intelligence you can truly trust]. – Per. s angl. – M.: Al'pina PRO. – 2021. – 414 s. [in Russian].

Каримова М.Д., Жанатқызы С., Шайхисламов Н.Н., Курмантаева А.Ж.

ОЦЕНКА ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ ЧАТ-БОТОВ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА

Аннотация

В статье рассмотрена эффективность внедрения чат-ботов искусственного интеллекта (ИИ) в сфере образования.

Цель исследовательской работы заключается в оценке основных преимуществ и проблем использования ИИ для оптимизации процессов управления образовательными услугами. Полученные в ходе исследования результаты показали, что высокая производительность внедренных систем сократила время обработки заявок и значительно повысилась эффективность работы. Проанализирована система применения автоматизации повседневных задач и оптимизации рабочих процессов. Уточнена вариативность типов доступных чат–ботов как проблема, актуализирующая необходимость разработки методики оценки эффективности.

Сформулированы особенности чат–бота на основе ИИ в управлении клиентским опытом. Выявлены функциональные различия и необходимость интеллектуализации чат–ботов.

Было показано, что чат-боты могут анализировать данные клиентов и предлагать персонализированные решения с использованием алгоритмов машинного обучения. Это было основано на улучшении качества обслуживания клиентов и расширении возможностей покупки.

Была рассмотрена возможность высокой прозрачности результатов и эффективности процессов путем интеграции новейших технологий искусственного интеллекта, которые помогли решить выявленную проблему. Эти функции позволяют ИИ служить важным инструментом в сфере образовательных услуг.

Область практического применения рекомендаций исследовательской работы включает использование искусственного интеллекта для улучшения качества услуг и оптимизации внутренних процессов. Внедряя передовой опыт в области управления данными и кибербезопасности, департаменты могут добиться взаимодействия и эффективности, способствуя развитию прозрачной и эффективной системы управления.

Karimova M., Zhanatkyzy S., Shaikhislamov N., Kurmantayeva A.

ASSESSMENT OF THE ECONOMIC EFFICIENCY OF THE IMPLEMENTATION OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE CHATBOTS

Annotation

In the article, the object of analysis is the introduction of artificial intelligence (AI) chatbots in The article examines the effectiveness of the introduction of artificial intelligence (AI) chatbots in the field of education.

The purpose of the research is to assess the main advantages and challenges of using AI to optimize educational service management processes. The results obtained during the study showed that the high performance of the implemented systems reduced the processing time of applications and significantly increased work efficiency. The system of application of automation of daily tasks and optimization of work processes is analyzed. The variability of the types of available chatbots has been clarified as a problem that actualizes the need to develop a methodology for evaluating effectiveness. The features of an AI–based chatbot in managing customer experience are formulated. Functional differences and the need for intellectualization of chatbots are revealed.

It has been shown that chatbots can analyze customer data and offer personalized solutions using machine learning algorithms. This was based on improving customer service and expanding buying opportunities.

The possibility of high transparency of results and efficiency of processes through the integration of the latest artificial intelligence technologies, which helped solve the identified problem, was considered. These functions allow AI to serve as an important tool in the field of educational services.

The field of practical application of the research recommendations includes the use of artificial intelligence to improve the quality of services and optimize internal processes. By implementing best practices in data management and cybersecurity, departments can achieve collaboration and efficiency, contributing to the development of a transparent and efficient management system.

DOI 10.52260/2304-7216.2025.2(59).36
ӘОЖ 336.7:330.3
ҒТАМР 08.00.10

Ж.С. Мухаметжанова*, PhD докторанты[1]
Р.Д. Досжан, PhD, қауымд. профессор[1]
Ж.С. Мухаметжанова, PhD, профессор ассистенті[2]
Г.К. Жанибекова, PhD, қауымд. профессор[3]
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан[1]
Нархоз университеті, Алматы қ., Қазақстан[2]
Қазақ ұлттық зерттеу университеті, Алматы қ., Қазақстан[3]
*- негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
e-mail: zhanar-kz84@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ИНКЛЮЗИЯ ДЕҢГЕЙІНЕ БАНКТІК ЖӘНЕ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫҢ ӘСЕРІ

Бұл мақалада 2011–2021 жылдар аралығында Қазақстандағы қаржылық инклюзия деңгейіне банктік және макроэкономикалық факторлардың әсері эмпирикалық түрде талданды. Зерттеу мақсаты – қаржылық инклюзияға ықпал ететін негізгі детерминанттарды анықтау және олардың маңыздылығын бағалау. Қаржылық инклюзия деңгейін өлшеу үшін авторлар банкоматтар саны, банктік бөлімшелер, дебеттік карталар және депозит иелерінің 1000 ересек адамға шаққандағы үлесі негізінде модификацияланған композиттік индекс әзірледі. Тәуелсіз айнымалылар ретінде қаржылық жаһандану индексі, банк секторының тұрақтылығы, активтердің рентабельдігі және жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) алынды.

Зерттеу барысында көптік регрессиялық талдау әдісі қолданылды. Мәліметтерді өңдеуде R бағдарламалық ортасы пайдаланылып, мультиколлинеарлықты анықтау үшін VIF көрсеткіші, ал қалдықтардың қалыпты таралуы үшін диагностикалық тесттер жүргізілді. Сонымен қатар, модельді нақтылау үшін Акаике ақпараттық критерийіне (AIC) негізделген кезең-кезеңмен регрессиялық талдау орындалды.

Алынған нәтижелер бастапқы модель қаржылық инклюзия индексінің дисперсиясының 88,6%-ын түсіндіретінін көрсетті, бірақ тек активтердің рентабельдігі статистикалық тұрғыда маңызды айнымалы ретінде ерекшеленді. Кейінгі модельдеу нәтижесінде қаржылық жаһандану индексі мен активтердің рентабельдігі айнымалыларын қамтитын оңтайлы модель құрылып, ол дисперсияның 87,18%-ын түсіндірді.

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы қаржылық инклюзияның жаһандық қаржы жүйесіне интеграция мен банк секторы тиімділігіне тәуелді екенін көрсетіп, ұлттық қаржылық саясат пен халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған шараларды жетілдіруде маңызды практикалық негіз ұсынады.

Кілт сөздер: *қаржылық инклюзия, қаржылық инклюзия индексі, банктік сектор, макроэкономикалық факторлар, Акаике критерийі, цифрлық трансформация, экономикалық тұрақтылық.*

Ключевые слова: *финансовая инклюзия, индекс финансовой инклюзии, банковский сектор, макроэкономические факторы,критерий Акаике, цифровая трансформация, экономическая стабильность.*

Keywords: *financial inclusion, financial inclusion index, banking sector, macroeconomic factors, Akaike criterion, digital transformation, economic stability.*

JEL classification: G21, E44, E32, D53

Кіріспе. Соңғы жылдары Қазақстан цифрлық трансформацияны белсенді түрде жүзеге асырып келеді. Бұл үрдістің стратегиялық маңыздылығы 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында ерекше атап өтілді: «Қазақстан жасанды интеллектіні кеңінен қолданатын және цифрлық технологиялар дамытылатын елге айналуы тиіс» [1]. Мемлекет басшысы атап өткендей, цифрландыру мемлекеттік басқару мен экономикалық жүйенің тиімділігін арттырудың маңызды құралына айналуы қажет. Әсіресе, фискалдық реформалар аясында әкімшілік рәсімдерді автоматтандыру мен цифрлық шешімдерді енгізу қаржылық жүйедегі теңгерімсіздіктерді жоюға ықпал етпек.

Цифрландыру үдерісі қаржылық қызметтерге қолжетімділікті арттырып, қаржылық инклюзия деңгейіне тікелей әсер етуде. Қаржылық инклюзияның жоғары деңгейі халықтың қаржы институттары мен өнімдеріне кеңінен тартылуын қамтамасыз етіп, экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізуге септігін тигізеді. Осы орайда, Қазақстан жағдайында қаржылық инклюзияға әсер ететін банктік және макроэкономикалық факторларды зерделеу – ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу мақсаты – 2011–2021 жылдар аралығындағы Қазақстандағы қаржылық инклюзия деңгейіне банктік және макроэкономикалық факторлардың ықпалын анықтау.

Зерттеу міндеттері:

1. Қаржылық инклюзия деңгейін өлшеу үшін модификацияланған индекс әзірлеу;
2. Қаржылық инклюзия мен ықтимал әсер етуші факторлар арасындағы байланысты бағалау;
3. Ең маңызды факторларды айқындау және үлгілік модель құру.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында 2011–2021 жылдар аралығындағы Қазақстан бойынша жылдық мәліметтер қолданылды. Қаржылық инклюзия деңгейін бағалау үшін Bashiru et al. (2023) ұсынған индекс формуласы негізінде модификацияланған көрсеткіш есептелді [2]. Бастапқы формуладағы кейбір көрсеткіштер Қазақстандағы ашық статистикалық деректермен алмастырылды. Қолданылған формула төмендегідей:

Қаржылық инклюзия индексі = f (БАН, ОТД, ДЕБ, ДЕП), мұндағы:

БАН – 1000 ересек адамға шаққандағы банкоматтар саны,

ОТД – банктік бөлімшелер саны,

ДЕБ – дебеттік карталар саны,

ДЕП – депозит иелерінің саны.

Тәуелсіз айнымалылар ретінде келесі көрсеткіштер алынған:

1. Қаржылық жаһандану индексі (KOF Globalization Index);
2. Банк секторының тұрақтылық көрсеткіші;
3. Активтердің рентабельдігі (ROA);
4. Жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім (ЖІӨ).

Статистикалық талдау. Айнымалылар арасындағы қатынасты бағалау үшін көптік сызықтық регрессия әдісі қолданылды. Мәліметтерді өңдеу және модельдеу жұмыстары R бағдарламасында жүргізілді (psych пакеті). Статистикалық маңыздылық деңгейі $p < 0,05$ ретінде белгіленді. Модельді нақтылау үшін Акаике ақпараттық критерийі (AIC) негізіндегі кезең-кезеңмен регрессиялық талдау әдісі пайдаланылды. Қалдықтардың қалыпты таралуы және мультиколлинеарлықты тексеру мақсатында сәйкес диагностикалық тесттер жүргізілді.

Әдебиеттік шолу. Қаржылық инклюзия – экономикалық өсуді ынталандырудың және әлеуметтік теңсіздікті азайтудың маңызды құралы ретінде кеңінен зерттелетін феномен. Ол қаржылық қызметтерге – жинақтау, несие алу, сақтандыру және аударымдар жасауға – халықтың барынша кең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған [3]. Қаржылық қызметтерге қолжетімділіктің кеңеюі әлеуметтік осал топтардың экономикалық белсенділігін арттыруға және кедейлік деңгейін төмендетуге сеп болады [4].

Қаржылық технологиялар мен цифрлық шешімдер – қаржылық инклюзияны жетілдіруде негізгі факторлар болып табылады. Мобильді банкинг, онлайн-төлемдер және электронды әмияндар халыққа, әсіресе ауылдық аймақтарда, қаржылық қызметтерге ыңғайлы әрі арзан жолмен қол жеткізуге мүмкіндік береді [6]. Алайда, инфляция, валюта тұрақсыздығы мен нақты табыстың төмендігі сияқты макроэкономикалық факторлар бұл процесті тежей алады [5].

Соңғы жылдары Қазақстан қаржы секторын цифрландыру мен инновацияны қолдауға баса назар аударып келеді. ҚР Ұлттық Банкінің «Цифрлық теңге» жобасы – қаржылық қолжетімділікті арттырудағы маңызды қадамдардың бірі. Бұл бастама орталық банктердің цифрлық валюталарының (CBDC) қаржылық инклюзияға ықпалын нақты көрсетеді [8–9].

Алайда, кейбір зерттеулерде цифрлық қаржылық қызметтер мен халықтың цифрлық сауаттылығы арасындағы алшақтық, сондай-ақ заңнамалық реттеудегі кемшіліктер атап өтіледі [13–15]. Бұл жағдайлар цифрландырудың әлеуетін толық жүзеге асыруға кедергі келтіруі мүмкін.

Web of Science және Scopus базаларындағы соңғы зерттеулерде қаржылық инклюзия мен макроэкономикалық тұрақтылық арасындағы тығыз байланыс көрсетіледі, бірақ рентабельділік

көрсеткіштерінің нақты әсері бойынша нәтижелер біркелкі емес [10, 12]. Бұл қайшылықтар мәселенің толық зерттелмегенін білдіреді.

Осыған байланысты, Қазақстандағы қаржылық инклюзияға ықпал ететін банк секторының тиімділігі мен макроэкономикалық айнымалылардың өзара әрекетін кешенді түрде талдауды қажет ететін зерттеулер өзекті болып қала береді. Зерттеудің бағыты – қаржылық инклюзияның сандық бағалануы және оған әсер ететін нақты факторларды анықтау арқылы алдыңғы ғылыми олқылықтарды толықтыру.

Негізгі бөлім. Регрессия қалдықтарын талдау қалдықтардың қалыпты таралуы туралы болжамның айқын бұзушылықтарын анықтаған жоқ, бірақ шағын үлгідегі таңдау анық қорытындылар жасауға қиындық туғызады. Мультиколлинеарлықты бағалау үшін дисперсия инфляциясының факторлары мен төзімділік коэффициенттері есептелді. Барлық болжамдар үшін дисперсия инфляциясының факторларының мәндері (қаржылық жаһандану индексі = 2,917, банктік сектордың тұрақтылығы = 2,872, активтердің рентабельділігі = 1,787, ЖІӨ = 2,332) 10 деген қабылданған шекті мәннен төмен, ал төзімділік мәндері (қаржылық жаһандану индексі = 0,343, банктік сектордың тұрақтылығы = 0,348, активтердің рентабельділігі = 0,559, ЖІӨ = 0,429) 0,2-ден жоғары, бұл бастапқы модельде мультиколлинеарлықтың маңызды мәселесінің жоқтығын көрсетеді.

Алдын ала сипаттамалық статистикаларды талдау (1-кесте) барлық айнымалылар бойынша мәндердің айтарлықтай ауытқуын көрсетеді. Қаржылық инклюзия индексінің орташа мәні нөлге жақын, бұл индекс есептеу кезінде деректердің орталықтандырылуымен байланысты болуы мүмкін. Барлық көрсеткіштер бойынша орташа өзгергіштік байқалады, бұл стандартты ауытқулармен расталады.

Кесте –1

Айнымалылардың сипаттамалық статистикасы

Айнымалы	Орташа мәні	Стандартты ауытқу	Минимум	Максимум
Қаржылық инклюзия индексі	0,0	1,92	-1,93	3,33
Қаржылық жаһандану индексі |	52,12	2,75	48,1	56,25
Банктік сектордың тұрақтылығы	2,52	0,37	2,02	3,06
Активтердің рентабельділігі	1,32	1,75	-2,13	3,79
Жан басына шаққанда ЖІӨ	10664,82	1831,66	7715,46	13890,64

**авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған*

Корреляциялық талдау (2-кесте) қаржылық инклюзия индексі мен қаржылық жаһандану индексінің (r = 0,795), банк секторының тұрақтылығының (r = 0,622) және активтер рентабельділігінің (r = 0,754) арасында оң корреляцияларды анықтады. Сонымен қатар, қаржылық инклюзия индексі мен жан басына шаққандағы ЖІӨ арасында әлсіз теріс корреляция байқалды (r = -0,463). Кейбір тәуелсіз айнымалылар арасында орташа оң корреляция да байқалды, мысалы, қаржылық жаһандану индексі мен банктік сектордың тұрақтылығы (r = 0,486), сондай-ақ банктік сектордың тұрақтылығы мен активтердің рентабельділігі (r = 0,645).

Кесте – 2

Корреляциялық матрица айнымалылар

Айнымалы	Қаржылық инклюзия индексі	Қаржылық жаһандану индексі	Банктік сектордың тұрақтылығы	Активтердің рентабельділігі	ЖІӨ
Қаржылық инклюзия индексі	1,0	0,795	0,622	0,754	-0,463
Қаржылық жаһандану индексі	0,795	1,0	0,486	0,378	-0,58

Банктік сектордың тұрақтылығы	0,622	0,486	1,0	0,645	| 0,127
Активтердің рентабельділігі	0,754	0,378	0,645	1,0	-0,066
ЖІӨ	-0,463	-0,58	0,127	-0,066	1,0

**авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған*

3-кестеде көрсетілгендей, көпжақты сызықтық регрессия нәтижелері модельдің жалпы статистикалық маңыздылығын көрсетеді (F(4, 6) = 11,65, p = 0,005426), бұл қаржылық инклюзия индексінің дисперсиясының 88,6%-ын түсіндіреді (R2 = 0,886). Дегенмен, жеке предикторлардың статистикалық маңыздылығын бағалау кезінде тек активтердің рентабельділігі қаржылық инклюзия индексімен статистикалық маңызы бар оң байланыс көрсетті (p = 0,0329). Қаржылық жаһандану индексінің коэффициенттері оң байланыс көрсеткенімен, ал ЖІӨ үшін теріс байланыс байқалғанымен, олар статистикалық маңыздылық шегіне жете алмады (p > 0,05). Активтердің рентабельділігінің көрсеткіші де статистикалық тұрғыдан маңызы бар әсерін көрсетпеді.

Кесте – 3

Регрессиялық талдау нәтижелері (бастапқы модель)

Предиктор	B	Стандартты қате	t	p
Қаржылық жаһандану индексі	0,314	0,164	1,91	0,1047
Банктік сектордың тұрақтылығы	0,513	1,215	0,422	0,6876
Активтердің рентабельділігі	0,558	0,202	2,758	0,0329*
Жан басына шаққанда ЖІӨ	-0,00019	0,00022	-0,86	0,423
Жалпы статистика				
R^2	0,886	-	-	-
Түзетілген R^2	0,81		-	-
F	11,65	-	-	0,005426

*p < 0.05 *авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған

Қаржылық инклюзия деңгейін болжауда ең маңызды предикторларды нақтылау мақсатында Акэйк ақпараттық критерийін (AIC) пайдалана отырып, кезеңдік (пошаговый) регрессиялық талдау жүргізілді. Кезеңдік талдау нәтижелері бойынша ең жақсы модель қаржылық ғаламдану индексі мен активтердің рентабельдігін ғана қамтитын модель болып танылды. Ең жақсы модельге негізделген регрессиялық талдау нәтижелері (4-кесте) қаржылық ғаламдану индексінің (p = 0,00244) және активтердің рентабельдігінің (p = 0,00475) қаржылық инклюзия деңгейін болжаудағы статистикалық маңыздылығын көрсетті. Бұл модель бағаланатын айнымалының дисперсиясының 87,18%-ын (R^2 = 0,8718) түсіндіреді.

Кесте – 4

Регрессиялық талдау нәтижелері (ең үздік модель)

Предиктор	B	Стандартты қате	t	p
Қаржылық жаһандану индексі	0,415	0,095	4,352	0,00244**
Активтердің рентабельділігі	0,581	0,15	3,868	0,00475**
Жалпы статистика				
R^2	0,8718	-	-	-
Түзетілген R^2	0,8397		-	-
F	27,19	-	-	0,0002703

***p < 0.01 *авторлардың есептеулері негізінде құрастырылған*

Осы зерттеу Қазақстандағы қаржылық инклюзия деңгейін айқындайтын негізгі факторларды, әсіресе банк секторы мен макроэкономикалық көрсеткіштерге баса назар аудара отырып, анықтауға бағытталды. Талдау нәтижелері қаржылық жаһандану мен банк секторының кірістілігі қаржылық

инклюзияның ең маңызды предикторлары болып табылатынын көрсетті, ал банк секторының тұрақтылығы мен жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің статистикалық тұрғыдан маңызы анықталған жоқ.

Анықталған өзара байланыстардың негізінде жатқан механизмдерді келесідей түсіндіруге болады. Қаржылық жаһанданумен қаржылық инклюзия арасындағы оң байланыс әлемдік қаржы жүйесіне ықпалдасу озық технологиялар мен тәжірибелерді енгізуге ықпал етіп, қаржылық қызметтерге қолжетімділікті кеңейтетінімен түсіндірілуі мүмкін. Ал банк секторының кірістілігінің әсері, өз кезегінде, кірісті банктердің қызмет көрсету желісін кеңейтуге және инновациялық қаржылық өнімдерді енгізуге көбірек ресурстарының болуымен түсіндіріледі.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанның дамушы экономикасы жағдайында қаржылық инклюзияның ерекшеліктерін ашып көрсетуімен құнды. Атап айтқанда, олар қаржылық қолжетімділік көбіне экономикалық өсімнен гөрі институционалдық факторлар мен банк секторының тиімділігіне тәуелді екенін көрсетеді. Бұл зерттеу дамушы экономика жағдайында қаржылық инклюзия механизмдерін түсінуге елеулі үлес қосады. Сонымен қатар, нәтижелер жоғары білім беру жүйесі үшін ерекше маңызды, себебі олар қаржылық пәндер бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде және қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерді қалыптастыруда пайдаланылуы мүмкін.

Болашақ зерттеулер үшін келесі бағыттарды ұсынуға болады: (1) зерттеу кезеңінің уақыттық аясын кеңейту; (2) технологиялық жаңалықтарды сипаттайтын қосымша айнымалыларды енгізу; (3) Қазақстандағы қаржылық инклюзияны басқа елдермен салыстырмалы талдау; (4) қаржы-технологиялық шешімдердің қаржылық инклюзияға әсерін зерттеу.

Қорытынды. Қаржылық инклюзияны қамтамасыз ету – Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған басымдықтардың бірі. Бұл зерттеу 2011–2021 жылдар аралығындағы деректер негізінде Қазақстандағы қаржылық инклюзияға әсер ететін банктік және макроэкономикалық факторларды эмпирикалық тұрғыда талдады. Модификацияланған қаржылық инклюзия индексін қолдану және қаржылық жаһандану мен банк секторының тиімділігі арасындағы байланыстарды зерттеу зерттеудің ғылыми жаңалығын көрсетеді.

Нәтижелер қаржылық жаһандану индексі мен активтердің рентабельділігі қаржылық инклюзияға елеулі ықпал ететінін дәлелдеді. Бұл Қазақстан жағдайында қаржылық инклюзияның дамуы жаһандық қаржы жүйесіне интеграция мен банк секторындағы тиімділікке тәуелді екенін көрсетеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері дамушы елдердегі қаржылық инклюзияның драйверлері туралы теориялық түсінікті кеңейтіп, саясаткерлер мен салалық мамандар үшін практикалық бағдар ұсынады.

Зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстар жасалды:

-Қазақстан қаржы секторының жаһандық интеграциясын жеделдету;

-банк секторындағы тиімділік механизмдерін жетілдіру;

-қаржылық инклюзияны тұрақты мониторингтеудің институционалдық тетіктерін енгізу;

-халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған бағдарламаларды дамыту.

Алынған деректер қаржы секторындағы стратегиялық шешімдер мен мемлекеттік саясатты айқындауға негіз бола алады. Бұл жұмыс болашақта қаржылық инклюзия механизмдерін тереңірек зерттеуге, соның ішінде цифрлық қаржылық қызметтер мен әлеуметтік теңсіздік арасындағы байланысқа бағытталған жаңа ғылыми жобаларға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2 қыркүйек 2024 ж. – Қолжетімді: https://www.akorda.kz (қол жеткізілген күні: 12.09.2024).

2. Bashiru S., Danquah M., Koomson I. Financial inclusion and financial sector development in Sub-Saharan Africa: Evidence from a new index // Economies. – 2023. – №5(11). – 146 p. – DOI: https://doi.org/10.3390/economies11050146

3. Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Singer D., Ansar S., Hess J. The Global Findex Database 2017: Measuring Financial Inclusion and the Fintech Revolution. – Washington: World Bank Group. – 2018. – 164 p.

4. Suri T., Jack W. The long-run poverty and gender impacts of mobile money // Science. – 2016. – №6317(354). – P. 1288–1292.

5. Allen F., Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Peria M. The foundations of financial inclusion: Understanding ownership and use of formal accounts // Policy Research Working Paper. World Bank. – 2016. – №7692.

6. KPMG Қазақстан. Цифрлық қаржылық қызметтерді дамыту: Күйі мен перспективалары. – Алматы: KPMG. – 2021. – 48 б.

7. Нұржанов Д., Төлеген М. Қазақстандағы цифрлық трансформация және инфрақұрылымдық саясат // Central Asian Survey. – 2022. – Т.41. – №1. – Б. 98–115.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі. Цифрлық теңге тұжырымдамасы. – Астана: ҚР ҰБ. – 2021. – 32 б.

9. Ахметов Б., Жұманов Б. Қазақстанның цифрлық валютасы: «Цифрлық теңге» жобасына шолу // Журнал теории и практики центральных банков. – 2022. – Т.11. – №3. – Б. 157–174.

10. Yakubu I., Musah A. Macroeconomic indicators and financial inclusion: New evidence from dynamic heterogeneous panel models // Finance Research Letters. – 2024. – №56. – Article 104574. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.frl.2023.104574

11. Cámara N., Tuesta D. Measuring financial inclusion: A multidimensional index // BBVA Research Working Paper. – 2014. – №14(26). – 30 p.

12. Ozturk I., Ullah S. Does financial inclusion cause economic growth and energy consumption? Evidence from emerging countries // Environmental Science and Pollution Research. – 2023. – №11(30). – P. 32456–32469.

13. Тұфанов П., Шнайдер Д., Беверли С. Цифрлық технологиялардың әлеуметтік әлжуаз топтарға әсері // Journal of Consumer Affairs. – 2021. – Т.55. – №3. – Б. 763–789.

14. Asongu S., Nwachukwu J. Governance and mobile phones for inclusive human development in Sub-Saharan Africa // Technological Forecasting and Social Change. – 2016. – №102. – P. 143–153.

15. Beck T., Demirgüç-Kunt A., Levine R. Finance, inequality and poverty: Cross-country evidence // World Bank Economic Review. – 2007. – №3(21). – P. 577–579.

REFERENCES

1. Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidentı Qasym-Jomart Toqaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldauy. 2 qyrküiek 2024 j. *[Address of the President of the Republic of Kazakhstan to the Nation, September 2, 2024]*. – Qoljetımdı: https://www.akorda.kz (accessed: 12.09.2024) [in Kazakh].

2. Bashiru S., Danquah M., Koomson I. Financial inclusion and financial sector development in Sub-Saharan Africa: Evidence from a new index // Economies. – 2023. – №5(11). – 146 p. – DOI: https://doi.org/10.3390/economies11050146

3. Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Singer D., Ansar S., Hess J. The Global Findex Database 2017: Measuring Financial Inclusion and the Fintech Revolution. – Washington: World Bank Group. – 2018. – 164 p.

4. Suri T., Jack W. The long-run poverty and gender impacts of mobile money // Science. – 2016. – №6317(354). – P. 1288–1292.

5. Allen F., Demirgüç-Kunt A., Klapper L., Peria M. The foundations of financial inclusion: Understanding ownership and use of formal accounts // Policy Research Working Paper. World Bank. – 2016. – №7692.

6. KPMG Kazakhstan. *Tsyfrlyk karyzhylyk kyzmetterdi damytu: kuii men perspektivalary [Development of Digital Financial Services: State and Prospects]*. – Almaty: KPMG. – 2021. – 48 b. [in Kazakh].

7. Nurzhanov D., Tolegen M. *Kazakhstandagy tsyfrlyk transformatsiya zhane infrakurylymdyk sayasat [Digital Transformation and Infrastructure Policy in Kazakhstan] // Central Asian Survey*. – 2022. – T. 41. – №1. – B. 98–115. [in Kazakh].

8. Qazaqstan Respublikasynyñ Ūlttyq Bankı. Sifrlyq teñge tūjyrymdamasy *[Concept of the Digital Tenge]*. – Astana: NBRK. – 2021. – 32 b. [in Kazakh].

9. Akhmetov B., Zhumanov B. Qazaqstannyñ sifrlyq valütasy: «Sifrlyq teñge» jobasyna şolu [*Kazakhstan's Digital Currency: An Overview of the Digital Tenge Project]* // Jurnal teorii i praktiki senträlnyh bankov. – 2022. – №3(11). – B. 157–174. [in Kazakh].

10. Yakubu I., Musah A. Macroeconomic indicators and financial inclusion: New evidence from dynamic heterogeneous panel models // Finance Research Letters. – 2024. – №56. – Article 104574. – DOI: https://doi.org/10.1016/j.frl.2023.104574

11. Cámara N., Tuesta D. Measuring financial inclusion: A multidimensional index // BBVA Research Working Paper. – 2014. – №14(26). – 30 p.

12. Ozturk I., Ullah S. Does financial inclusion cause economic growth and energy consumption? Evidence from emerging countries // Environmental Science and Pollution Research. – 2023. – №11(30). – P. 32456–32469.

13. Tufanov P., Shnayder D., Beverli S. *Tsyfrlyk tekhnologiyalardyn aleumettik alezhual toptarga aseri [The impact of digital technologies on vulnerable groups] // Journal of Consumer Affairs*. – 2021. – №3(55). – B. 763–789. [in Kazakh].

14. Asongu S., Nwachukwu J. Governance and mobile phones for inclusive human development in Sub-Saharan Africa *// Technological Forecasting and Social Change.* – 2016. – №102. – P. 143–153.

15. Beck T., Demirgüç-Kunt A., Levine R. Finance, inequality and poverty: Cross-country evidence // World Bank Economic Review. – 2007. – №3(21). – P. 577–579.

Мухаметжанова Ж.С., Досжан Р.Д., Мухаметжанова Ж.С., Жанибекова Г.К.

ВЛИЯНИЕ БАНКОВСКИХ И МАКРОЭКОНОМИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА УРОВЕНЬ ФИНАНСОВОЙ ИНКЛЮЗИИ КАЗАХСТАНА

Аннотация

В данной статье проведён эмпирический анализ влияния банковских и макроэкономических факторов на уровень финансовой инклюзии в Казахстане за период 2011–2021 годов. Цель исследования – выявить ключевые детерминанты финансовой инклюзии и оценить их значимость. Для оценки уровня финансовой инклюзии авторами был разработан модифицированный композитный индекс, включающий количество банкоматов, банковских отделений, дебетовых карт и владельцев депозитов в расчёте на 1000 взрослых человек. В качестве независимых переменных рассматривались индекс финансовой глобализации, стабильность банковского сектора, рентабельность активов и ВВП на душу населения.

В исследовании применялся метод множественного регрессионного анализа. Для обработки данных использовалась программная среда R, в рамках которой были проведены тесты на мультиколлинеарность с использованием коэффициента VIF, а также диагностические тесты на нормальность распределения остатков. С целью уточнения модели применялся пошаговый регрессионный анализ на основе информационного критерия Акаике (AIC).

Полученные результаты показали, что первоначальная модель объясняет 88,6% дисперсии индекса финансовой инклюзии, однако статистически значимой оказалась только переменная рентабельности активов. Впоследствии была построена оптимальная модель, включающая индекс финансовой глобализации и рентабельность активов, которая объясняла 87,18% дисперсии.

Результаты исследования свидетельствуют о зависимости финансовой инклюзии в Казахстане от интеграции в глобальную финансовую систему и эффективности банковского сектора, что предоставляет важную практическую основу для совершенствования финансовой политики и развития программ повышения финансовой грамотности населения.

Mukhametzhanova Zh., Doszhan R., Mukhametzhanova Zh., Zhanibekova G.

THE IMPACT OF BANKING AND MACROECONOMIC FACTORS ON THE LEVEL OF FINANCIAL INCLUSION IN KAZAKHSTAN

Annotation

